


ТЕМІРТАУ: ЖЫЛДАР АҒЫМЫНДА
ТЕМИРТАУ: СКВОЗЬ ДЕСЯТИЛЕТИЯ



«Астана» алаңы, Теміртау қ., 2022 жыл
Площадь «Астана», г. Темиртау, 2022 год



Құрметті жерлестер!

Қазақстанның қара металлургиясының жүрегі – сүйікті қаламыз Теміртаудың 80-жылдығына орай жарық көрген осы бірегей кітаптың беттерінде Сіздерді айрықша толқыныспен қарсы аламын.

Бұл кітап – жай ғана оқиғалар шежіресі емес. Бұл – шағын қоныстан қуатты индустриялық орталыққа, қазақстандықтардың еңбек ерлігі, батырлығы мен жасампаз рухының символына айналған қаланың тағдыры туралы жылнама.

Осы жерде, Нұраның жағасында, еліміздің металлургиялық қуаты дүниеге келіп, нығайды. Мұнда тек болат қана емес, сонымен қатар еңбекке адал жандардың – нағыз еңбек қаһармандарының мінезі, бірлігі мен рухының күші де шыңдалды.

Сіз бұл кітаптың беттерінен XX ғасырдың алғашқы жылдарына қатысты бұрын жарияланбаған сирек материалдарды таба аласыз, алғашқы кәсіпорындардың қалыптасуы жөнінде, құғын-сүргін жылдары мен Ұлы Отан соғысының ауыр, бірақ қаһарман кезеңі туралы, Теміртау тарихына есімдері алтын әріптермен жазылған адамдар жайлы білесіз. Дәл осы жандардың табандылығы және шеберлігінің арқасында қаламыз өңірдің экономикасы мен мәдениетінің тірегіне айналды.

80 жыл – бұл бір белес, өткен жолға көз жүгіртіп, бастауында тұрған жандарды еске алып, оларға алғыс айтуға және болашаққа сеніммен қарауға себеп. Біз өз тарихымызбен, еңбек әулеттерімізбен, болашақтың берік іргетасын қалаған ардагерлерімізбен мақтанамыз. Бүгінде бұл эстафетаны туған жеріне адал, талантты әрі жігерлі жаңа ұрпақ жалғастыруда.

Бұл кітап - тарихи жадымызды сақтау ісіне маңызды үлес қосып, жаңа жетістіктерге шабыт беретін қайнар көз болады деп сенемін.

Мерекелеріңізбен, қымбатты теміртаулықтар!

Мерейтойыңмен, сүйікті қалам!

Ізгі ниетпен, Теміртау қ. әкімі Ғ.А. Әшімов

Дорогие земляки!

С особым волнением я приветствую вас на страницах этой уникальной книги, изданной в честь 80-летия нашего родного города — Темиртау, сердца черной металлургии Казахстана.

Эта книга — не просто хронология событий. Это летопись судьбы города, выросшего из небольшого поселения в мощный индустриальный центр, ставший символом трудовой доблести, мужества и созидательного духа казахстанцев.

Здесь, на берегу Нуры, рождалась и крепла металлургическая мощь страны, здесь ковали не только сталь, но и характер, единство и силу духа самоотверженных людей — настоящих героев труда.

На этих страницах вы найдете редкие, ранее не опубликованные материалы о первых годах XX века, узнаете о становлении предприятий, о трудном времени репрессий и о героических годах Великой Отечественной войны, о людях, чьи имена вписаны золотыми буквами в историю Темиртау. Благодаря их упорству и мастерству наш город стал опорой экономики и культуры региона.

80 лет — это веха, повод оглянуться назад, вспомнить пройденный путь, поблагодарить тех, кто стоял у истоков, и с уверенностью посмотреть в будущее. Мы гордимся своей историей, своими трудовыми династиями, своими ветеранами, которые заложили прочный фундамент будущего. Сегодня эстафету подхватывают новые поколения темиртаусцев — талантливые, амбициозные, преданные родной земле.

Уверен, что эта книга станет важным вкладом в сохранение исторической памяти и послужит источником вдохновения для новых свершений.

С праздником вас, дорогие темиртаусцы!

С юбилеем, любимый город!

С уважением, аким г. Темиртау Г. А. Ашимов

Теміртау қаласы ежелден Арғын руына қарайтын Жауыртау шатқалының етегінде орналасқан. Дала кеңістігінде төбенің ең биік нүктесі — Жауыр шоқысы, халық арасында тараған аңыз-әңгімелермен байланысты орын болып табылады.

Осындай аңыздардың бірінде, бұдан жүздеген жылдар бұрын ру басы Мұраттың отбасына қайғы келеді, ұлдарының бірі Мырзамбет қайтыс болады. Сол жылдардың заңына бағынған жесір әйел, марқұмның жақын туыстарының бірінің әйелі болуы керек еді. Не болмаса, әйелдің төркіні келіп еліне алып кетсе, отбасы масқара болған. Бірақ, марқұмның ағалары бұл дәстүрден бас тартқандықтан, Мұрат Нұра өзенінің жағалауында ойнап жүрген немересі Бекайдарды шақырады. Бұл кезде ер бала небәрі он жастан асқан болатын. Жеткіншек бала атасына қайшы келмей, жесір әйелге үйленіп, осылай руын ұяттан құтқарады. Алғыс ретінде, Мұрат немересіне ақ батасын беріп, Жауыртау шатқалын оның иелігіне сыйға тартқан. Бекайдар өзінің өткір ақылы және әділдігімен ел арасында танымал болып, ұзақ өмір сүрген. Бекайдар бидің нақыл сөздері халық ішінде тез тараған, оған туыстары, тіпті орыс көпестері кеңес алуға жиі жүгінген.

Тағы бір аңыз бойынша, баяғы заманда Жауыртау шоқысының маңына ақын, философ, Жәнібек ханның кеңесшісі болған Асан Қайғы түйесімен ұзақ сапар кешіп жүрген кезінде тоқтаған. Шаршаған ақсақалдың жолын бір жағынан Нұраның суы, екінші жағынан төбешіктер жауып тастаған. Жолын жалғастыруға күші қалмай, әбден қалжыраған Асан Қайғы дұға етіп, осы жерде түнеуге шешім қабылдайды. Таңертең ұйқысынан оянған қария Аллах жолын ашып қойғанына таңқалады, бір сөзбен айтқанда, төбешіктер бөлініп, олардың арасынан жол өткен. Осындай керемет байқаған Асан Қайғы бір шоқыны Жауыртау, екіншісін Әулиетау деп атап кеткен.

Келесі бір аңызды 1936 жылы өлкетанушы Балқаш Әбиев айтып берген. Бұл шоқының атауын лиро-эпостық жырлардың кейіпкері Қозы –Көрпеш берген дейді. Сүйіктісі Баян Сұлуды іздеп, жер кезіп жүрген кезде жылқысымен осы маңға келген. Ұзақ жолдан шаршаған, терең жарақат алған жануар шоқының етегіне келіп құлайды. Жолын ары қарай жалғастыра алмайтынынан үміті үзілген ғашық жігіт бұл жерді «жауыр» — қағылған жауырын деп атап кеткен. Шоқының ойлы-қырлы жерлері шын мәнінде жарақатқа ұқсайды.

Бірақ бұл тек аңыздар...олар дәлелдеуді талап етеді.

Ондаған жылдар бойы ежелгі аңыз-әңгімелерді растайтын немесе жоққа шығаратын, өткен ғасырдың жұмбағын шешетін, әртүрлі оқиғалардың құпиясын ашатын зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бұл кітап — XIX ғасырдың ортасынан бастап бүгінгі күнге дейін алғаш рет қала тарихын егжей-тегжейлі және ашық баяндайтын, Теміртау туралы расталған фактілерді ұсынған алғаш және бірегей басылым болып табылады.



Город Темиртау расположен у подножия урочища Жауыртау, земли которого издревле принадлежали роду Аргын. Над степными просторами возвышается высочайшая точка урочища — сопка Жауыр — место, связанное с народными сказаниями и легендами.

Одна из них гласит, что сотни лет назад в семью главы рода, Мурата, пришла беда — умер один из сыновей, Мырзамбет. По неписаным законом тех лет, вдова должна была стать женой одного из братьев умершего. Иначе овдовевшую женщину забирали ее родственники и на семью ложился несмываемый позор. Братья отказались следовать этому обычаю, и тогда Мурат позвал своего внука Бекайдара, игравшего на берегу Нуры. Мальчику к тому времени было чуть больше десяти лет. Ребенок согласился стать мужем овдовевшей женщины и тем самым уберег род от позора. В знак благодарности Мурат благословил внука и передал в его владения урочище Жауыртау. Бекайдар прожил долгую жизнь и прославился острым умом и справедливостью. Назидания бия Бекайдара разлетались по степи, за советом к нему шли и сородичи, и русские купцы.

Еще одна легенда повествует, будто давным-давно к сопкам Жауыртау во время долгого путешествия подъехал на своем верблюде Асан-қайғы — поэт и философ, бывший советником у самого хана Джаныбека. Дорогу уставшему старцу перекрывали воды Нуры с одной стороны и сопки — с другой. Сил продолжать путь не было. Асан-қайғы помолился и решил переночевать в этом живописном месте. На утро старец проснулся и с удивлением увидел, что Аллах открыл ему дальнейший путь. В буквальном смысле слова сопки разошлись, и сквозь них пролегла дорога. Одну сопку Асан-қайғы назвал Жауыртау, вторую — Аулиетау.

Другую легенду в 1936 году пересказал краевед Балкаш Абиев. Якобы название сопке дал герой романтического эпоса Козы-Корпеш. В поисках любимой, Баян-Сулу, юноша загнал своего коня. У подножия сопки конь пал, бездыханный, с глубокими ранами на холке. В отчаянии, что не может продолжить свой путь, влюбленный прозвал это место «жауыр» — сбитая спина. Шершавые, с выходом пород, сопки действительно выглядят как раны.

Но это только легенды... Они требуют доказательств.

Уже десятки лет ведутся исследования, которые подтверждают или опровергают древние сказания, разгадывают загадки белых пятен, сметают пыль времен и секретные грифы с событий.

Эта книга — первое и в своем роде уникальное издание, представляющее подтвержденные факты о Темиртау и впервые подробно и открыто повествующее об истории города с середины XIX века до наших дней.





ДЕРЕККӨЗДЕР

ИСТОКИ

Жауыртау шатқалы, 1930-шы жылдары
Урочище Жауыртау, 1930-е годы

1841 жыл

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағатының дереккөздерінде Жауыртау шатқалының алғашқы аталуы. Шатқалды Батыс Сібір генерал-губернаторлығының Ақмола сыртқы округінің Алысай-Алтай қырғыз болысының тұрғындары жайлау ретінде пайдаланды.

Первое упоминание урочища Жауыртау в источниках Государственного архива Республики Казахстан. Урочище используется в качестве летовки жителями Алысай-Алтаевской киргизской волости Акмолинского внешнего округа Западно-Сибирского генерал-губернаторства.

1858 жыл

Жауыртау шатқалы геологиялық барлау үшін петропавлдық 2-ші дәрежелі көпес Н.А.Ушаковтың тізіміне кіреді.

Урочище Жауыртау входит в список местностей для геологической разведки петропавловским купцом 2-й гильдии Н. А. Ушаковым.

1865 жыл

Жауыртау шатқалы арқылы Ресей императорлық әскерінің полковнигі А. К.Гейнстің басшылығымен экспедиция өтеді. "Қырғыз даласына саяхат" атты еңбегінде саяхатшы былай дейді:

1865 жылғы 30 тамыз

Күні бойы Нұра өзенінің жағасында, өзеннің арғы жағында дарбазаға ұқсап тұрған Жауыр тауларының жанында болдық. Күні бойы жаңбыр жауып, оңтүстік-батыс екпінді жел соғып тұрды. Ауа-райы өте суық болды.

31 тамыз 1865 жыл

Айтпақшы, Нұра өзенінен біздің киіз үй тұрған жерге жақын жерде биыл үлкен арық жүргізілгенін айтуды ұмытып кеттім. Оны қырғыз Қадыр қазыпты, оның қыстауы біздің орналасқан жерімізден бес шақырым жерде орналасқан. Арық әлі төрт шақырымдай қазылған, бірақ әлі де қыстаудағы егістіктерге жеткізілмеген.

Через урочище Жауыртау проходит экспедиция под руководством полковника Российской императорской армии А. К. Гейнса. В своем труде «Путешествие по Киргизским степям» путешественник отметил:

«30 августа 1865 года

Целый день провели на месте у реки Нуры, близ красивых ворот, образуемых горами Жаур на той стороне реки. Шел целый день дождь и дул порывистый юго-западный ветер. Погода была очень холодная.

31 августа 1865 года

Позабыл сказать, что близ места, где стояла наша юрта, от реки Нуры проведен в этом году большой арык. Он проведен киргизом Кадыром, которого зимовка расположена в пяти верстах от места нашего расположения. Арык сделан пока на четыре версты, но еще не доведен до пашен, находящихся на зимовке».



Жауыртау шатқалы, 2000-шы жылдар. С. Козодерованың суреті
Урочище Жауыртау, 2000-е годы. Фото С. Козодерова

1896 – 1900 жылдар

Жауыртау шатқалының шаруашылығын Санкт - Петербург Ғылым академиясының мүшесі Ф.А. Щербинаның жетекшілігімен экспедиция зерттейді. Сол жылдары шатқал Дала генерал-губернаторлығының Ақмола облысы Ақмола уезінің Спасск болысының құрамына кірді. Ф.А. Щербинаның зерттеуіне сәйкес, бұл жерде 33 отбасы — 211 күйме, 1222 адам қыстады. Қазіргі Теміртау қаласының аумағында Жұмақ — Тұрлыбек Тәтіғұлдың, Қожыр — Құдагелді Наймонтайдың, Жаңғызтөбе — Ниязбек пен Оразбек Тәтіғұлдың, Сарқылмол — Нұрбек Оразбектің қыстаулары орналасқан. Барлық тұрғындар Елбай, Мұрат руларына жатады.

1900 жылға қарай жалпы алғанда, қазіргі Самарқанд су қоймасының аумағында орналасқан ауылдарда 394 бас жылқы, 296 бас ірі қара мал, 15 түйе, 522 қой, 54 ешкі болған.

Жазғы жайлауға көшерде ауылдар бөлінген: ауылдардың бір бөлігі Жыланды өзенінің жағасында орналасқан Шоқай шоқысына, жартысы Баймырза — жартасқа, қалған бөлігі Қарағанды өзенінің жағалауында орналасқан Былқылдақ шатқалына бөлінген. Қыстаудан мамыр айының соңында көшсе, күздің басында қайта оралған.

1880 жылдардан бастап бес шаруашылықтың әрқайсысы 17,56 ондық аумақта бидай екті, сонымен қатар пішіндіктер де болды. 1840—50-ші жылдардан бастап шөп жинай бастады.

Әдетте, ауқатты отбасылар қоныс аударса, ауылдың жартысы қыстың қамын ойлап қалған. Шөп пен нан жинап алу арқылы жұттан аман қалып отырған. Шаруашылықта аң аулау мен балық аулаудың маңызы аз болды.

Жәрмеңкелерге бару Жауыртау шаруашылығының міндетті бөлігі болды. Әсіресе Константинов (Ақмола) және Қоянды (Қарқаралы) жәрмеңкелері танымал болды.

Хозяйство урочища Жауыртау изучает экспедиция под руководством члена Санкт-Петербургской Академии наук Ф. А. Щербины. На тот момент урочище входит в состав Спасской волости Акмолинского уезда Акмолинской области Степного генерал-губернаторства. Согласно исследованию Ф. А. Щербины, здесь зимовало 33 семьи — 211 кибиток, 1222 человека. На территории нынешнего города Темиртау располагались зимовки Жумак — Турлыбека Тетигула, Кожир — Кудагельды Наймонтая, Жангыз-тобе — Ниязбека и Оразбека Тетигула, Саркылмола — Нурбека Оразбека. Жители относятся к роду Ельбай-Мурат.

В общей сложности к 1900 году аулы, расположенные на территории нынешнего Самаркандского водохранилища, имели 394 голов лошадей, 296 голов крупного рогатого скота, 15 верблюдов, 522 овцы, 54 козы.

На летовки аулы разделялись: часть аулов отправлялась к сопке Шокай на реке Жиланды, часть летовала у Баймурза-жартас, часть — в урочище Былкылдак на реке Караганды. Уходили с кстау в конце мая, возвращались к осени.

Каждое из пяти хозяйств с 1880-х годов сеяло хлеб в общей сложности на площади в 17,56 десятины, а также имело сенокосы. Запасы сена стали делать с 1840—1850-х годов.

Как правило, более состоятельные сородичи откочевывали, а часть аульчан оставалась, чтобы подготовить запасы на зиму. Заготовка сена и хлеба позволяла пережить частые джуты. Охота и рыбалка не имели особого значения в хозяйстве.

Обязательной частью хозяйства Жауыртау было посещение ярмарок. Особо популярными являлись Константиновская (Акмолинск) и Кояндинская (Каркаралинск) ярмарки.

1903 жыл

Жауыртау шатқалының маңында ауыз суға, құнарлы топыраққа және жайқалған шабындықтарға бай Жауыр – өткел және Қожыр қоныстанған учаскелері құрылған.

На территории урочища Жауыртау были разбиты переселенческие участки Жауыр-брод и Кожир, богатые питьевой водой, плодородной почвой и раскидистыми лугами.

1904 жыл

Дәстүрлі көшпелі егіншілікке жарамды жерлерді тартып алу салдарынан, Жауыртау шатқалындағы қазақ халқының көпшілігі қоныстанған жерлерінен көшуге мәжбүр болды.

В связи с изъятием земель, пригодных для традиционного кочевого хозяйства, большая часть казахского населения урочища Жауыртау была вынуждена откочевать с обжитых мест.

1905 жыл

Жауыр-өткел қоныстандыру учаскесіне Самара губерниясы Краснокутск уезінің Гнаденфельд ауылынан неміс ұлтының 18 отбасы қоныс аударушылары келді. Бір жылдан соң бұл жерге Самара және Саратов губернияларынан тағы 40 отбасы қоныс аударылды. Қоныс аударушылар егін және мал шаруашылығымен айналысып, саман үйлер тұрғызды. Учаскеде барлығы 97 шаруашылық орналастырылды.

На переселенческий участок Жауыр-брод прибыло 18 семей переселенцев немецкой национальности из села Гнаденфельд Краснокутского уезда Самарской губерний. Год спустя сюда прибыло еще 40 семей из Самарской и Саратовской губернии. Переселенцы занялись земледелием и скотоводством, строили саманные дома. Всего на участок было водворено 97 хозяйств.

1909 жыл

10 ақпан

Жауыр-өткел қоныс аудару учаскесі ауыл мәртебесін алып, Самаркандское деп аталды. Атау қоныс аударушылардың тарихи отанын бейнелейді: «Самар» — Самар губерниясы, «канд» — елді мекен.

Переселенческий участок Жауыр-брод получил статус селения с наименованием его Самаркандское. В названии отразилась историческая родина переселенцев: «Самар» — Самарская губерния, «канд» — населенный пункт.

1912 жыл

Самарқанд кентінде 84 үй, ғибадат үйі, бір диірмені бар 583 адам тұрады. Шаруалар 230 жылқы, 16 өгіз, 135 сиыр, 192 қой, 29 шошқа ұстайды. Ауылда дәрігерлік амбулаториясы бар аурухана және мектеп бар.

В поселке Самаркандском проживает 583 человека, насчитывается 84 дома, молитвенный дом, одна мельница. Крестьяне содержат 230 лошадей, 16 волов, 135 коров, 192 овцы, 29 свиней. В поселке действуют больница с амбулаторией и школа.

1919 жыл

Самарқанд кентінің маңайы арқылы Ақмоладан Жетісуға қарай атаман Дутовтың талқандалған әскері шегінді. Азамат соғысы жылдарында (1917—1922 жж.) жиырмаға жуық самарқандық қаза тапты. 1919 жылдың желтоқсанында кентте кеңес өкіметі орнады.

Через окрестности поселка Самаркандского, от Акмолинска к Семиречью, отступала разгромленная армия атамана Дутова. Около двадцати самаркандцев погибли в годы Гражданской войны (1917—1922 гг.). В декабре 1919 года в поселке установилась советская власть.

1927 жыл

Неміс тілінде білім беретін бастауыш мектеп ашылды. Мектепте 120 оқушы білім алды, 2 мұғалім сабақ берді. 1930 жылдардың ортасына қарай оқыту орыс және қазақ тілдерінде жүргізілді.

Открыта начальная школа, в которой велось обучение на немецком языке. В школе обучались 120 учеников, преподавали два педагога. К середине 1930-х годов обучение велось на русском и казахском языках.

1930 жыл

1928—29 жылдары Самарқанд кентінде құрылған үш ауылшаруашылық негізінде Сталин атындағы колхоз ұйымдастырылды. Колхоз құрамына 66 шаруа қожалығы кірді, ал 53 шаруа қожалығы жеке шаруашылық ретінде қалуды жөн көрді. Ауқатты шаруалар кулактар деп жарияланып, құқықтарынан айырылу және мүліктері тәркілену арқылы құғын-сүргінге ұшырады.

На базе трех сельхозартелей, созданных в п. Самаркандском в 1928—1929 годах, организован колхоз имени Сталина. В состав колхоза вошло 66 хозяйств; 53 хозяйства решили остаться единоличниками. Зажиточные хозяева были объявлены кулаками и подверглись репрессиям в виде лишения прав и конфискации имущества.


1930 жыл

1930 жылдың жазында Нұра өзенінің бойындағы Самарқанд ауылының маңында Ленинград гидрологиялық институтының Нұра партиясы жұмыс істеді. Партияның мақсаты Самарқанд кентінің аумағында салынуы жоспарланған Қарағанды көмір бассейні мен мыс балқыту зауытын өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету көздерін табу болды.

Летом 1930 года в районе поселка Самаркандского, на реке Нуре, работала Нуринская партия от Ленинградского гидрологического института. Целью партии были изыскания источников промышленного водоснабжения объектов Карагандинского угольного бассейна и медеплавильного завода, который планировалось построить в районе п. Самаркандского.



Жауыр – өткел учаскесі, XX ғасырдың басы
Участок Жауыр-брод, начало XX века



ҚарМАЭС құрылысының уақытша электр станциясы, 1930-шы жылдардың соңы
Временная электростанция КарГРЭСстроя, конец 1930-х годов

1932 жыл

КСРО Бас энерго басқармасының қаулысымен ҚарМАЭС-құрылыс басқармасы құрылды, оның міндеті Нұра өзенінде және № 1 Қарағанды мемлекеттік аудандық электр станциясында (ҚарМАЭС-1) бөгет салу болды.

1932 год

Постановлением Главэнерго СССР создано Управление КарГРЭСстроя, задачей которого стало возведение плотины на р. Нуре и Карагандинской государственной районной электростанции № 1 (КарГРЭС-1).

1932 жыл

Самарқанд кентіндегі ҚарМАЭС-1 және Нұра өзеніндегі бөгет құрылысына Днепр ГЭС-тен 50 инженер жіберіледі.

1932 год

На строительство КарГРЭС-1 и плотины на р. Нуре в п. Самаркандский направляется 50 инженеров с Днепровской ГЭС.

1934 жыл

Елді индустрияландыру бағдарламасы аясында Қазақстанға Ленинград облысы КП обкомының бірінші хатшысы С.М. Киров келді, басқа нысандардың қатарында партия қызметкері Самарқанд кентінде Ленинградқа қарасты бөгеттің құрылысын тексерді. С. М. Кировтың сапарының нәтижесінде әлеуметтік нысандардың белсенді құрылысы және Самарқанд кентінде алғашқы саябақтың салынуы болды.

1934 год

В рамках программы индустриализации стран Казахстан посетил первый секретарь обкома КП Ленинградской области С. М. Киров. В числе прочих объектов партийный работник проинспектировал подшефное Ленинграду строительство плотины в п. Самаркандском. Результатом визита С. М. Кирова стало более активное строительство социальных объектов и закладка первого парка в п. Самаркандском.

1934 жыл

1932 жылы КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің қаулысымен Самарқанд кентінің аумағындағы Нұра өзенінен Қарағанды шахталарына дейін су құбыры құрылысын тез арада бастау туралы тапсырма берілді. Су құбыры қолмен салынды. Күніне құрылыс алаңына кеншілерді қосқанда 5-7 мың адам жұмысқа шықты. 1934 жылдың шілдесінде су құбыры үзіліссіз жұмыс істей бастады.

1934 год

В 1932 году постановлением Совета Труда и Обороны СССР было дано указание немедленно приступить к сооружению водопровода от реки Нуры в районе п. Самаркандского до карагандинских шахт. Водопровод строился практически вручную. Ежедневно на строительство выходило 5-7 тысяч человек, в том числе шахтеров. В июле 1934 года водопровод стал работать бесперебойно.



Самарқанд кенті, 1930-шы жылдар
Поселок Самаркандский, 1930-е годы



Нұра өзеніндегі бөгеттің құрылысы Самарқанд кенті, 1938 жыл
Строительство плотины на р. Нуре, п. Самаркандский, 1938 год

1934 жыл

Самарқанд кентінде бір ғимаратта орналасқан бастауыш мектеп пен балабақша ашылды. 1937 жылы 100 және 75 оқушыға арналған мамандандырылған ғимараттарда тағы екі балабақша ашылды.

В п. Самаркандском открыты начальная школа и ясли-сад, размещенные в одном здании. В 1937 году были открыты еще два детских сада в специализированных зданиях, рассчитанные на 100 и 75 воспитанников.

1934 жыл

ҚарМАЭС-1 және Самарқанд кентінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өрт сөндіру бөлімі ұйымдастырылды. Саман үй ішінде орналасқан өрт сөндіру бекетінде өрт сөндіру машинасы және өрт сөндіру қондырғылары болған. Өрт сөндіру бекеті орналасқан көше Өрт сөндірушілер тұйық жолы деп аталды.

Организована пожарная охрана, которая обеспечивала противопожарную безопасность КарГРЭС-1 и поселка Самаркандского. В пожарном депо, располагавшемся в саманном доме, находились пожарная автомашина и противопожарный инвентарь. Улица, на которой размещалось пожарное депо, стала именоваться переулком Пожарным.

1935 жыл

Агроном И. К. Фортунатов Самарқанд кентінің алғашқы көгалдандыру жобасын жасады. Карлагта қамауда отырған маманды Самарқанд кентіне іссапармен жіберді.

Агрономом И. К. Фортунатовым выполнена первая проектировка озеленения п. Самаркандского. Специалиста командировали в п. Самаркандский из Карлага, где он находился в заключении.

1935 жыл

ҚарМАЭС-1 және Нұра өзеніндегі бөгет құрылысына «Костромич» алғашқы экскаваторлары жеткізілді. Бұған дейін жер жұмыстары қолмен жүргізілген.

На строительство плотины на р. Нуре и КарГРЭС-1 доставлены первые экскаваторы «Костромич». До этого земляные работы выполнялись вручную.



Алғашқы саябақтың аллеясы, Самарқанд кенті, 1935 жыл
Аллеи первого парка, п. Самаркандский, 1935 год

1935 жыл

Электр станциясы мен бөгет құрылысын Қарағандымен байланыстыратын Самарқанд кентінің теміржол желісі Солонички станциясы пайдалануға берілді. 1948 жылы "Теміртау" станциясы ашылды. Теміржолмен қала маңындағы жолаушылар пойыздары жүре бастады.

Сдана в эксплуатацию железнодорожная ветка п. Самаркандский — станция Солонички, соединяющая строительство электростанции и плотины с Карагандой. В 1948 году была открыта станция Темиртау. По железной дороге стали ходить пассажирские пригородные поезда.

1936 жыл

Самарқанд кентінде жеті жылдық оқумен № 26 бірінші үлгілік орта мектеп ашылды. Педагогикалық ұжымға 30-ға жуық мұғалім кірді. Педагогтар мен оқушылардың көбісі Самарқанд кентіне құғын-сүргін нәтижесінде келді. Осы мектептің құрметіне орай, мектеп орналасқан көшені ауыл тұрғындары Школьный деп атаған. 1946 жылы бұл атау ресми түрде бекітілді.

В п. Самаркандском открылась первая типовая средняя школа № 26 с семилетним обучением. Педагогический коллектив включал около 30 учителей. Практически все педагоги и ученики попали в п. Самаркандский в результате репрессий. В честь этой школы улицу, на которой она находилась, посельчане прозвали Школьной. В 1946 году это название было закреплено официально.

1937 жыл

Жаппай саяси құғын-сүргін кезеңі. 1937 жылы қазанда РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша Самарқанд кентінің 22 тұрғыны қамауға алынып, атылды. Сталиндік құғын-сүргін жылдарында (1931—1953) Самарқанд ауылының 185 тұрғыны қамауға алынды. 42 самарқандтықтар ең жоғары жазаға тартылды. Кейін барлығы ақталды.

Пик массовых политических репрессий. В октябре 1937 года по статье 58 УК РСФСР арестовано и расстреляно 22 жителя п. Самаркандского. Всего за годы сталинских репрессий (1931—1953 гг.) осуждено 185 жителей п. Самаркандского. К высшей мере наказания приговорены 42 самаркандца. Позднее все были реабилитированы.

1939 жыл

Ленинград жобасы бойынша салынған алғашқы көп қабатты 27 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Үйдің қазіргі мекенжайы – Панфилов көшесі, 18.

Сдан в эксплуатацию первый многоэтажный 27-квартирный жилой дом, построенный по ленинградскому проекту. Сейчас адрес дома — ул. Панфилова, 18.

1939 жыл


Нұра өзенінде бөгеттің құрылысы аяқталды. Самарқанд су қоймасының айдынын жобаға дейін қалыптастыру 1961 жылға дейін аяқталды. Су қоймасының айдынын — 20 км, ені — 6,5 км, барынша тереңдігі — 17 м. 1974 жылдан бастап су қоймасы Қ. Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналының жүйесіне кіреді.

Завершено строительство плотины на р. Нуре. Формирование зеркала Самаркандского водохранилища до проектного закончилось к 1961 году. Длина водохранилища — 20 км, ширина — 6,5 км, максимальная глубина — 17 м. С 1974 года водохранилище входит в систему канала Иртыш-Караганда им. К. И. Сатпаева.

1939 жыл

Алғашқы өнімді Самарқанд кентінің наубайханасы шығарды. Нан пісіру цехы Колхозная көшесіндегі саман үйінде орналасқан. Барлық жұмыстар: қамыр илеу, қамырды кесу, бөлшектеу, пісіру қолмен жасалды.

Первую продукцию выпустила пекарня п. Самаркандского. Размещался хлебопекарный цех в саманном доме на улице Колхозной. Все работы — замес опары и теста, разделка и выемка из печей выпечки — производились вручную.



Нұра өзеніндегі бөгет, 1939 жыл
Плотина на р. Нуре, 1939 год

1939 жыл

ҚСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Қарағанды ауданында синтетикалық каучук — Совпрен–2 зауытын салу туралы шешім қабылданды. Құрылыс орны Самарқанд кенті болып белгіленді.

Постановлением Совета Народных Комиссаров СССР принято решение о строительстве завода синтетического каучука — «Совпрен-2» в районе Караганды. Местом строительства определен п. Самаркандский.

1941 жыл

Ұлы Отан соғысы басталды. Самарқанд кентінен майданға алғашқы шақыру 1941 жылы 15 шілдеде басталды, ең жаппай шақыру 1942 жылы 19 мамырда болды. Қазіргі уақытта Самарқанд кентінен шайқаста қаза тапқан 236 тұрғынның есімдері анықталды.

Началась Великая Отечественная война. Первый призыв на фронт из п. Самаркандского состоялся 15 июля 1941 года, самый массовый призыв — 19 мая 1942 года. На настоящий момент выявлены имена 236 жителей п. Самаркандского, павших на полях сражений.

1941 жыл

ҚарМАЭС-1 құрылысының мұқтаждығына жерді алып қоюға байланысты Самарқанд кентінің (Сталин ат.колхоз) тұрғындары Самарқанд кентінен солтүстік-батысқа қарай 20 км жерге қоныс аударды. Қазіргі таңда бұл Самарқанд ауылы.

В связи с изъятием земель под нужды строительства КарГРЭС-1 сельское население поселка Самаркандского (колхоз им. Сталина) переселено на 20 км северо-западнее п. Самаркандского. Сейчас это село Самарканд.

1942 жыл

ҚарМАЭС-1-дің бірінші кезегі жұмыс істеп тұрғандардың қатарына қосылып, өнеркәсіптік тоқ берді. Самарқанд кентінде электр станциясын іске қосу үшін Штеров МАЭС мамандары келді. Электр станциясы бүкіл Қарағанды өнеркәсіптік торабын, жұмысшы кенттер мен колхоздарды электр энергиясымен қамтамасыз етті.

Первая очередь КарГРЭС-1 вступила в строй действующих и дала промышленный ток. Для пуска электростанции в п. Самаркандский прибыли специалисты со Штеровской ГРЭС. Электростанция обеспечила электроэнергией весь Карагандинский промышленный узел, рабочие поселки и колхозы.



1942 жыл

Кеңес Одағының Халық Комиссарлары Кеңесінің Қазақстанда металл өндеу зауытын салу туралы қаулысы қабылданды. Болашақ зауыттың құрылыс алаңын таңдау үшін Орталық Қазақстанға геолог Қ. И. Сәтбаевтың жетекшілігімен комиссия жіберілді. Зауыттың орналасу орны ретінде Самарқанд кенті белгіленді. Құрылып жатқан зауыттың директоры болып В. Д. Бакст тағайындалды.

Принято постановление Совета Народных комиссаров СССР о строительстве в Казахстане металлургического передельного завода. Для выбора площадки под строительство будущего завода в Центральный Казахстан направляется комиссия под руководством геолога К. И. Сатпаева. Местом расположения завода определен п. Самаркандский. Директором строящегося завода назначен В. Д. Бакст.

1942 жыл

Сталинградтан эвакуацияланған топпен бірге болашақ композитор А. Н. Пахмутованың отбасы Самарқанд ауылына келді. 1942—1943 оқу жылы, Александра Самарқанд кентінің № 26 мектебінде оқыды. Сталинград азат етілгеннен кейін Пахмутовтар отбасы туған қаласына оралды.

С группой эвакуированных из-под Сталинграда в п. Самаркандский пребывает семья будущего композитора А. Н. Пахмутовой. 1942—1943 учебный год Александра училась в школе № 26 п. Самаркандского. После освобождения Сталинграда семья Пахмутовых вернулась в родной город.

1943 жыл

Құрылыс жөніндегі ҚСРО Халық комиссариатының қаулысымен "Балқашстрой" тресінің № 4 арнайы құрылысмонтаждау бөлімінің негізінде "Қазметаллургстрой" тресі құрылды. Трестің міндеті Самарқанд кентінде Қазақ металлургия зауытын, азаматтық құрылыс объектілерін салу болды. Құрылысқа 3000 адам жұмылдырылды.

Постановлением Народного Комиссариата СССР по строительству, на базе Особой строительно-монтажной части № 4 треста «Балхашстрой» был создан трест «Казметаллургстрой». Задачей треста стало возведение Казахского металлургического завода и объектов гражданского строительства в п. Самаркандском. На стройку мобилизовано 3000 человек.



Самарқанд су қоймасының толтырылуы, Самарқанд кенті, 1939 жыл
Заполнение Самаркандского водохранилища, п. Самаркандский, 1939 год



Самарқанд кентіндегі алғашқы көп қабатты үй, 1939 жыл
Первый многоэтажный дом п. Самаркандского, 1939 год

1943 жыл

КарМАЭС-1 жөндеу шеберханаларының негізінде ұйымдастырылған Қарағанды жөндеу-механикалық (құю-механикалық) зауыты алғаш рет өнімін шығарды. Зауыттың алғашқы өнімдері – Самарқанд ауылына майдан шебінен эвакуацияланған халыққа арналған қасықтар мен басқа да металл ыдыстары болды.

Первую продукцию выпустил Карагандинский ремонтно-механический (литейно-механический) завод, организованный на базе ремонтных мастерских КарГРЭС-1. Этой продукцией стали ложки и другая металлическая посуда для населения, эвакуированного с фронтовой полосы в п. Самаркандский.

1943 жыл

Қарағанды синтетикалық каучук зауыты (Совпрен-2) алғашқы өнімі ретінде кальций карбидін шығарды. Самарқанд кентіндегі зауыттың іске қосылуына Арменидан эвакуацияланған «Совпрен-1» Ереван химия зауытының мамандары қатысты. Самарқанд кентіндегі зауыт КСРО-ның құпиялығы жоғары қорғаныс кәсіпорындарының қатарына еніп, №727 зауыт деп атала бастады.

Первую продукцию — карбид кальция — выпустил Карагандинский завод синтетического каучука («Совпрен-2»). В пуске завода в п. Самаркандском приняли участие специалисты эвакуированного из Армении Ереванского химического завода «Совпрен-1». Завод в п. Самаркандском вошел в число оборонных предприятий СССР с повышенным требованием к секретности и стал именоваться заводом № 727.

1943 жыл

«Қазметаллургқұрылыс» тресі жанынан көп таралымды «Строитель» газетінің алғашқы саны шықты.

Издан первый номер многотиражной газеты «Строитель» при тресте «Казметаллургстрой».



Құю-механикалық зауыты, Самарқанд кенті, 1940 жылдар
Литейно-механический завод, п. Самаркандский, 1940-е гг.

1944 жыл

Самарқанд кентінде әскери тұтқындар мен интернирленгендерге арналған Спасск-Зауыт лагерінің № 99 бөлімшесі ашылды. Лагерьде 800 неміс тұтқыны болды. Тұтқындар өндірістік және әлеуметтік нысандардың құрылысына тартылды.

В поселке Самаркандском открылось отделение Спасско-Заводского лагеря № 99 для военнопленных и интернированных. В лагере размещено 800 немецких военнопленных. Заключенные привлекаются к строительству промышленных и социальных объектов.

1944 жыл

Қазақ КСР халық комиссарлар Кеңесінің Қаулысымен 1927 жылы туылған қазақ ұлтының 2000 жасөспірімін Қазақ металлургия зауытында жұмыс істеу үшін КСРО-ның ең ірі металлургия кәсіпорындары - Нижний Тагил, Ревда, Златоуст, Белорецк және Кузнецк қалаларындағы көне зауыттарға металлургия мамандықтарына оқыту туралы шешім бекітілді.

Постановлением Совета народных комиссаров Казахской ССР утверждена мобилизация 2000 юношей казахской национальности 1927 года рождения для обучения металлургическим специальностям на старейших металлургических предприятиях СССР: в Нижнем Тагиле, Ревде, Златоусте, Белорецке, Кузнецке для нужд Казахского металлургического завода.



Синтетикалық каучук зауыты, 1950 –ші жылдар
Завод синтетического каучука, 1950-е гг.

1944 жыл
31 желтоқсан

Қазақ металлургия зауытының мартен цехында тұңғыш қазақ болаты қорытылды. Самарқанд кентіндегі тарихи балқыту үдерісіне Орал өңіріндегі металлургия зауыттарынан арнайы келген тәжірибелі болат қорытушылар мен білім алған жас металлургтер белсене қатысты.

В мартеновском цехе Казахского металлургического завода отлита первая казахстанская сталь. В первой плавке приняли участие опытные сталевары, прибывшие с уральских металлургических заводов, и молодые металлурги, прибывшие после обучения в п. Самаркандский.

1945 жыл
1 қазан

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы "Қарағанды қаласының қала маңындағы аймағынан Самарқанд жұмысшы кентін бөлу және оны Темір-Тау атауымен облыстық маңызы бар қалаға айналдыру туралы" Жарлық шығарды.

Президиум Верховного Совета Казахской ССР издал Указ «О выделении рабочего поселка Самарканд из пригородной зоны города Караганды и преобразовании его в город областного значения, с присвоением наименования Темир-Тау».



Алғашқы қазақстандық болат, 31 желтоқсан, 1944 жыл
Первая казахстанская сталь, 31 декабря 1944 года

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫН
УКАЗЫ
УКАЗ
ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

О выделении рабочего поселка Самарканд из пригородной зоны города Караганды и преобразовании его в город областного подчинения

I. Выделить из состава пригородной зоны города Караганды поселок Самарканд и преобразовать его в город областного подчинения, присвоив ему наименование - город Темир-Тау.

2. В связи с преобразованием рабочего поселка Самарканд в город и с созданием соответствующего исполнительного органа Самаркандский поселковый Совет упразднить.

Председатель
Президиума Верховного Совета
Казахской ССР А.КАЗАКПАЕВ

Секретарь
Президиума Верховного Совета
Казахской ССР С.НУРМАГАМБЕТОВ

Алма-Ата
I октября 1945 года



Шепелев Василий Васильевич

Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің хатшысы 1945—1946 жж.

1911 жылы Владимир губерниясының Уршель қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын шыны зауытында электромонтер шәкірті болып бастаған. 1933 жылы — Гусев аудандық комитетінің хатшысы, 1935 жылы — Кострома комсомол комитетінің хатшысы. 1937 жылы Балқаш мыс балқыту зауытын салуға "Балхашэлектромонтаж" басқармасына жіберілді. 1942 жылдан — "Прибалхашстрой" тресі партия ұйымының хатшысы. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Секретарь оргкомитета по г. Темиртау в 1945—1946 гг.

Родился в 1911 году в д. Уршель Владимирской губернии. Трудовую деятельность начал с должности ученика электромонтера на стеклозаводе. В 1933 году — секретарь Гусевского райкома, в 1935 году — секретарь Костромского комитета комсомола. В 1937 году направлен в управление «Балхашэлектромонтаж» на строительство Балхашского медеплавильного завода. С 1942 года — секретарь партийной организации треста «Прибалхашстрой». Награжден медалью «За трудовую доблесть».

1945 жыл

Қарағанды облыстық еңбек депутаттары Кеңесі атқару комитетінің Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің хатшысы болып Василий Васильевич Шепелев сайланды.

Секретарем оргкомитета по г. Темиртау исполкома Карагандинского областного Совета депутатов трудящихся избран Василий Васильевич Шепелев.

1945 жыл

Самарқанд кентінің халқы 15 000 адамға жетеді. Кент аумағында бес өнеркәсіптік кәсіпорын, 110 орынға арналған бір аурухана, 3 емхана, 120 орынға арналған балабақша, 4 фельдшерлік пункт, 990 оқушыға арналған орта мектеп, 400 оқушыны қамтитын 2 фабрикалық-зауыттық оқыту мектебі, екі клуб және бір байланыс бөлімшесі жұмыс істейді.

Численность населения в п. Самаркандском достигает 15 000 человек. В поселке действует пять промышленных предприятий, 1 больница на 110 мест, 3 поликлиники, детский сад на 120 мест, 4 медпункта, средняя школа на 990 учащихся, 2 школы фабрично-заводского обучения на 400 учащихся, 2 клуба и отделение связи.

1945 жыл

Теміртау қаласында 2500 нүктелі радио торабы, екі монша, 25 орынға арналған бір дәмхана, 4 шаштараз және 3 кір жуатын орын бар. Су құбырының ұзындығы 8 км, кәріз жүйесі 600 м. құрайды.

Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің күн тәртібіндегі сұрақтарына: халықты нанмен қамтамасыз ету, әскери қызметшілердің отбасыларына жәрдемақы мен зейнетақыларды бекіту, балалардың панасыз қалуы, тұрғын үй құрылысы мәселелері енгізілді.

В г. Темиртау действует радиоузел на 2500 точек, работают две бани, одно кафе на 25 мест, 4 парикмахерских и 3 прачечных. Длина водопровода составляет 8 км, канализации — 600 м.

На повестке оргкомитета по г. Темиртау вопросы: обеспечение населения хлебом, утверждение пособий и пенсий семьям военнослужащих, детская беспризорность, жилищное строительство.

1945 жыл

Самарқанд су қоймасының оң жағалауында әскери тұтқындарға және №99 интернирленген жапондық әскери тұтқындарына арналған Спасск-Завод лагерінің бөлімшесі ашылады. Әскери тұтқындар қаланың өнеркәсіптік және азаматтық нысандарын салуға тартылады.


1945 жылдан 1948 жылға дейін Спасск лагерінің теміртаулық бөлімшесінің аумағында 27 жапондық азаматтар жерленген. 1950 жылы № 99 Спасск–Завод лагері жойылды. Әскери тұтқындар отанына оралды.

Әскери тұтқындарды еске алу ретінде жағалауында лагерь орналасқан Самарқанд су қоймасының шығанағы — Жапондық деген бейресми атау алды.

На правом берегу Самаркандского водохранилища открывается отделение Спасско-Заводского лагеря для военнопленных и интернированных № 99 для японских военнопленных. Военнопленные привлекаются на строительство промышленных и гражданских объектов города.

С 1945 по 1948 годы на территории темиртауского отделения Спасского лагеря было захоронено 27 японских граждан. В 1950 году Спасско-Заводской лагерь № 99 был ликвидирован. Военнопленные вернулись на родину.

В память о лагере военнопленных залив Самаркандского водохранилища, на берегу которого находился лагерь, получил неофициальное название — Японский.



Теміртау қаласындағы жапон әскери тұтқындары мазарларының орналасу схемасы
Схема размещения кладбища японских военнопленных в г. Темиртау

1945 жыл

Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің 1945 жылғы деректері бойынша Теміртау қаласында арнайы есепте тұрған 18 373 арнайы қоныстанушы болған, бұл қала халқының үштен екі бөлігін құраған.

Бұл санның ішіне арнайы қоныстанушылар немесе еңбек қоныстанушылары — 1929—1946 жылдары әлеуметтік немесе ұлттық белгісі бойынша тергеусіз және сот үкімінсіз құғындалып, тұрақты тұратын жерлерінен жер аударылған КСРО азаматтары кірді. Жер аударылған жерлерде олар НКВД-ның нөмірленген поселкелеріне қоныстандырылды. Арнайы комендатуралардың есебінде тұрды.

Қарағанды облысында, соның ішінде Теміртау қаласының маңындағы (Самарқан кенті) арнайы қоныстанушыларға арналған алғашқы нөмірленген поселкелер 1931 жылдан бастап қалыптаса бастады. Сол кезеңде облыс аумағында КСРО IIХК ГУЛАГ жүйесіне қарасты Қарлаг – еңбекпен түзеу лагері ашылған болатын.

Мәжбүрлі қоныс аудару трагедиясын алғашқылардың бірі болып бастан кешкен корей халқы болды. 1937 жылы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарындағы жергілікті халықты көшіру туралы» қаулысы шыққаннан кейін, мәжбүрлі көшіру басталды. Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1941 жылдың тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру туралы» Жарлығы жарияланды. 1944 жылы Шешен-Ингуш Автономиялық Республикасы таратылуынан кейін, Кавказ халықтары жаппай жер аударылды.

Осы кезеңде қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізілді: Нұра өзенінде бөгет, Самарқан су қоймасы, №1 Қарағанды мемлекеттік аудандық электр станциясы, синтетикалық каучук зауыты және Қазақ металлургия зауыты салынды. Құрылысшылардың басым көпшілігі арнайы қоныстанушы мәртебесіне ие болды. Сонымен қатар, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58- бабы бойынша саяси айыппен тұтқындалып, Қарлагта жазасын өтеп жатқан көптеген адамдар бостандыққа шыққаннан кейін, Теміртау қаласына қоныстандырылды.

Олардың барлығы Теміртау қаласының барлық саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Сталиндік репрессиялардың құрбандарына пана болған мекен – Қазақстан болды.

По данным Темиртауского городского исполнительного комитета Совета народных депутатов трудящихся на 1945 год, в городе Темиртау на спецучете состояло 18 373 спецпереселенца, что составляло две трети населения города.

В это число входили спецпереселенцы, или трудпереселенцы — граждане СССР, репрессированные без следственных и судебных процедур по социальному или национальному признаку в 1929—1946 годы и депортированные из мест проживания. На месте высылки расселялись в номерных поселках НКВД. Состояли на учете в спецкоммендатурах.


Первые номерные поселки для спецпереселенцев в Карагандинской области, в том числе в окрестностях г. Темиртау (п. Самаркандского), стали формироваться с 1931 года. Тогда на территории области был открыт Карлаг — исправительно-трудовой лагерь ГУЛАГа НКВД СССР.

Одним из первых народов, испытавших трагедию насильственного переселения, был корейский народ. Принудительное выселение началось в 1937 году, с выходом Постановления Совнаркома СССР, ЦК ВКП (б) «О выселении коренного населения из пограничных районов Дальневосточного края». С началом Великой Отечественной войны, в августе 1941 года, был обнародован Указ Президиума Верховного Совета СССР «О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья». В 1944 году, после упразднения Чечено-Ингушской республики, высылке подверглись народы Кавказа. Пристанищем для жертв сталинских репрессий стал Казахстан.


В этот период шло активное строительство: возводились плотина на р. Нуре, Самаркандское водохранилище, Карагандинская государственная районная электростанция № 1, Завод синтетического каучука и Казахский металлургический завод. Большинство строителей имели статус спецпереселенцев. Кроме того, многие осужденные по политической статье 58 УК РСФСР и отбывающие сроки в Карлаге после освобождения направлялись на поселение в г. Темиртау.

Они внесли значительный вклад в развитие всех сфер жизни города.

В годы сталинских репрессий формировался многонациональный состав г. Темиртау.



Самарқанд кенті, 1930-шы жылдар
Поселок Самаркандский, 1930-е годы



ЖАСАМПАЗДЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ

ВЕХИ СОЗИДАНИЯ

Теміртау қаласы, 1940-шы жылдары
Город Темиртау, 1940-е годы



Марденов Баки

1946—1948 жж. Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің хатшысы.

1912 жылы Қарағанды облысы Тельман ауданының № 6 ауылында дүниеге келген. 1929 жылы — Қарсақпай байыту фабрикасында, 1936 жылы — Қарағанды қалалық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің нұсқаушысы, 1939 жылы — Қарағанды қалалық кеңесінің жауапты хатшысы, 1942—1945 жылдары — Қарағанды қаласының Сталин аудандық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып қызмет істеген.

Секретарь оргкомитета по г. Темиртау в 1946—1948 гг.

Родился в 1912 году в ауле № 6 Тельманского района Карагандинской области. В 1929 году работал на Карсакпайской обогатительной фабрике, в 1936 году — инструктор Карагандинского городского Совета депутатов трудящихся, в 1939 году — ответственный секретарь Карагандинского горсовета, в 1942—1945 гг. — председатель исполкома Сталинского районного Совета депутатов трудящихся г. Караганды.

1946 жыл

Қарағанды облыстық еңбекші депутаттары Кеңесі атқару комитетінің Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің хатшысы болып Марденов Баки сайланды.

Секретарем оргкомитета по г. Темиртау исполкома Карагандинского областного Совета депутатов трудящихся избран Баки Марденов.

1946 жыл

«Теміртау қаласында қалалық пионер лагерьлерін ұйымдастыру туралы» Қарағанды облыстық еңбекші депутаттар Кеңесінің Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің қаулысы қабылданды. Бірінші лагерь Березняки кентінде Қазақ металлургия зауытының бастамасымен салынды. Самарқанд су қоймасының жағалауындағы «Энергетик» лагері алғашқы демалушыларын 1948 жылы қабылдады. Лагерьге ҚарМАЭС-1 басшылық етті.

Принято постановление оргкомитета Карагандинского облсовета депутатов трудящихся по г. Темиртау «Об организации городских пионерских лагерей в г. Темир-Тау». Первый лагерь построен под шефством Казахского металлургического завода в п. Березняки. Лагерь на берегу Самаркандского водохранилища «Энергетик» принял первых отдыхающих в 1948 году. Шефствовал над лагерем КарГРЭС-1.

1946 жыл

Маляриядға қарсы күрес мақсатында, Қарағанды облыстық еңбекші депутаттары Кеңесі атқару комитетінің Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитеті Самарқанд су қоймасына гамбузия балығының шабақтарын жіберу туралы шешім қабылдады.

В целях борьбы с малярией оргкомитет исполкома Карагандинского облсовета депутатов трудящихся по г. Темиртау принял решение запустить в Самаркандское водохранилище мальков рыбки гамбузии.

1946 жыл

Қарағанды облыстық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитеті Теміртау қаласы бойынша ұйымдастыру комитетінің шешімімен келесі көшелер мен тұйық жолдардың атаулары бекітілді. Көшелер: Речная, Нуринская, Ленинская, Карагандинская, Школьная, Вокзальная, Панфилова, Заводская, Маяковского, Торговая, Советская, Подгорная, 1-я Загородная, 2-я Загородная, Победы, Казахстанская, Металлургов, Садовая; тұйық жолдар: Больничный, Набережный, Рабочий, Базарный, Пожарный, Аптечный, Комсомольский, Строительный, Телеграфный, Свободы, Степной.

Решением оргкомитета исполкома Карагандинского облсовета депутатов трудящихся по г. Темиртау были утверждены следующие названия улиц и переулков. Улицы: Речная, Нуринская, Ленинская, Карагандинская, Школьная, Вокзальная, Панфилова, Заводская, Маяковского, Торговая, Советская, Подгорная, 1-я Загородная, 2-я Загородная, Победы, Казахстанская, Металлургов, Садовая; переулки: Больничный, Набережный, Рабочий, Базарный, Пожарный, Аптечный, Комсомольский, Строительный, Телеграфный, Свободы, Степной.

1946 жыл


Қазақ металлургия зауытында «400» илемдеу орнағы іске қосылды.

На Казахском металлургическом заводе пущен прокатный стан «400».

1947 жыл

Қазақ металлургия зауытында екінші мартен пеші мен жіңішке табақты илемдеу орнағы іске қосылды.

Вошли в строй вторая мартеновская печь и тонколистовой прокатный стан на Казахском металлургическом заводе.



280 илемдеу орнағының маятниктi аралары
Маятниковые пилы прокатного стана «280»



Атақты металлургтер А. Дәрібаев, Е. Байғазиев, И. Валеев, А. Жүнісов демалу сәтінде, 1950-ші жылдар
Именитые металлурги А. Дарибаев, Е. Байгазиев, И. Валеев, А. Жунусов в минуты отдыха, 1950-е годы

1947 жыл

Самарқанд су қоймасының жағажайы аймағында судан құтқару станциясы құрылды. 1968 жылы станция одан әрі шығысқа, 3А ықшамаудан ауданына ауыстырылды.

В районе пляжа Самаркандского водохранилища организована водно-спасательная станция. В 1968 году станция была перенесена восточнее, в район 3 А квартала.

1947 жыл

1000 дана таралыммен қалалық «Теміртауский рабочий» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Төрт беттік басылым аптасына үш рет шығып тұрды. Қалалық газеттің алғашқы саны Теміртау баспаханасының алғашқы баспа өнімі болды.

Тиражом в 1000 экземпляров вышел в свет первый номер городской газеты «Темиртауский рабочий». Издание на четырех страницах выходило три раза в неделю. Первый выпуск городской газеты стал первой печатной продукцией темиртауской типографии.

1947 жыл

Алғашқы әуесқой театр кәсіби актерлер Г. В. Келлер және А. В. Мэдисонның жетекшілігімен ұйымдастырылды. Театр труппасының құрамына құғын-сүргінге ұшырап, Қазақстанға жер аударылған КСРО-ның ірі театрларының әртістері кірді. Репертуарында әртүрлі жанрдағы қойылымдар болатын. Жыл сайын театр труппасы Қарағанды облысы бойынша гастрольдік сапарларда болған.

Организован первый самодеятельный театр под руководством профессиональных актеров Г. В. Келлера и А. В. Мадисона. В труппе театра состояли актеры крупных театров СССР, репрессированные и высланные в Казахстан. В репертуаре — разножанровые постановки. Ежегодно труппа театра гастролировала по Карагандинской области.

1948 жыл

Еңбекшілер депутаттарының Теміртау қалалық Кеңесіне алғашқы сайлау өтті. Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Кәрім Мухамедьяров сайланды.

Состоялись первые выборы в Темиртауский городской Совет депутатов трудящихся. Председателем исполкома Темиртауского городского Совета депутатов трудящихся был избран Карим Мухамедьяров.

1948 жыл

Қазақ металлургия зауытының болат балқытушылары 9 сағат 45 минутқа жоспарланған алғашқы жоғары жылдамдықтағы балқытуларды 7 сағат 45 минутта аяқтады. А. Дәрібаев және И.Валеев жоғары жылдамдықтағы балқытулардың шеберлері атанды.

Сталевары Казахского металлургического завода проводят первые скоростные плавки за 7 часов 45 минут при плане 9 часов 45 минут. Мастерами скоростных плавок признаны сталевары А. Дарибаев и И. Валеев.

1948 жыл

Сәуір айынан бастап қала жұмысшылары мен қызметшілерін екі демалыс күнімен 5 күндік жұмыс аптасына ауыстыру жүзеге асырылды.

С апреля осуществлен перевод рабочих и служащих города на пятидневную рабочую неделю с двумя выходными.

1967 жыл

6 және 7 ықшамаудандарының құрылысы басталды.

Началось строительство 6-го и 7-го микрорайонов.

1968 жыл

Дзержинский көшесі (Металлургтер даңғылы) және Мир даңғылы қиылысында орналасқан Теміртаудағы алғашқы 9 қабатты үй пайдалануға берілді.

Сдан в эксплуатацию первый в г. Темиртау 9-этажный дом на перекрестке ул. Дзержинского (пр. Металлургов) и пр. Мира.

1968 жыл

Академиялық есуге арналған арнайы есу бассейні, тренажер және ауыр атлетика залдары бар Есу клубы ашылды.

Открыт Гребной клуб со специализированным гребным бассейном для академической гребли, тренажерным и тяжелоатлетическим спортивным залами.

1968 жыл

Қарағанды металлургия зауытында алғашқы ыстықтай илектелген орнақ алынды. 1700 орнақ, № 1 табақты илектеу цехы пайдалануға берілді.

На Карагандинском металлургическом заводе получен первый горячекатаный лист. Стан «1700» — листопрокатный цех № 1— сдан в эксплуатацию.

1969 жыл

Теміртау байланыс торабының орталық сөйлесу пунктінде Қарағандымен алғашқы екіжақты телефон байланысы жұмыс істей бастады.

На центральном переговорном пункте Темиртауского узла связи начала работать первая телефонная двусторонняя связь с Карагандой.


1969 жыл

Қарағанды металлургия зауытының директоры болып Мишин Петр Павлович тағайындалды.

Директором Карагандинского металлургического завода назначен Петр Павлович Мишин.



1700 орнағын іске қосуға байланысты митингі, Қарағанды металлургиялық зауыты, Теміртау қ., 1968 жыл
Митинг по поводу пуска стана «1700», Карагандинский металлургический завод, г. Темиртау, 1968 год



Қарағанды металлургиялық зауытының конвертерлік цехы, 1970 жыл
Конвертерный цех Карагандинского металлургического завода, 1970 год

1969 жыл

Теміртауда алғаш рет ВХР Будапешт зауытынан шыққан заманауи, жайлы «Икарус-620» автобустары пайда болды. Бұл автобустарды Қазақстан Магниткасы металлургия зауыты жұмысшыларының экскурсиялар мен сапарлары үшін сатып алды.

В Темиртау впервые появились современные комфортабельные автобусы «Икарус-620» Будапештского завода ВНР. Автобусы приобретены Казахстанской Магниткой для экскурсий и поездок работников металлургического завода.

1970 жыл

Қарағанды металлургия комбинатында КСРО - дағы ең қуатты 250 тонналық конвертер пайдалануға берілді.

На Карагандинском металлургическом комбинате сдан в эксплуатацию самый мощный в СССР 250-тонный конвертер.

1970 жыл

Қарағанды металлургия зауытының, Қазақ металлургия зауытының, Атасу және Оңтүстік Топар кен басқармаларының базасында Қарағанды металлургия комбинаты құрылды.

На базе Карагандинского металлургического завода, Казахского металлургического завода, Атасуйского и Южно-Топарского рудоуправлений был образован Карагандинский металлургический комбинат.

1971 жыл

Қазақстан қалаларының арасында алғашқы болып Теміртау қаласы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Осы оқиғаға байланысты қалада салтанатты митинг өтті.

Город Темиртау первым среди городов Казахстана награжден орденом Трудового Красного Знамени. В связи с этим в городе состоялся торжественный митинг.



Қарағанды металлургия комбинаты, 1980-ші жылдар
Карагандинский металлургический комбинат, 1980-е годы



Теміртау қаласын Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттауға қатысты Митинг, 1971 жыл
Митинг по поводу награждения г. Темиртау орденом Трудового Красного Знамени, 1971 год

1971 жыл

Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің шешімімен Дзержинский көшесі Металлургтер даңғылы болып өзгертілді.

Решением исполкома Темиртауского городского Совета депутатов трудящихся ул. Дзержинского переименована в проспект Металлургов.

1971 жыл

Қарағанды металлургия комбинатында № 3 домна пеші пайдалануға берілді.

На Карагандинском металлургическом комбинате введена в эксплуатацию доменная печь № 3.

1971 жыл

Қазметаллургқұрылыс тресі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Трест «Казметаллургстрой» награжден орденом Трудового Красного Знамени.



Ленин даңғылының көрінісі, Теміртау қ.,1971 жыл
Вид на пр. Ленина, г. Темиртау, 1971 год



Бурлаков Александр Давыдович

***1971—1977** жж. Теміртау қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.*

1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Казанка ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1952 жылы Дон өзені кеме қатынасы мекемесінің Ленинград су көлігі инженерлері институтын аяқтағаннан кейін бастады. 1958 жылдан бастап партия комитетінің хатшысы, «Қазмеханомонтаж» мекемесінің бас инженері, «Қазметаллургстрой» тресі басқарушының орынбасары қызметтерін атқарды.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1971—1977 гг.

Родился в 1928 году в с. Казанке Северо-Казахстанской области. Трудовую деятельность начал в 1952 году после окончания Ленинградского института инженеров водного транспорта на Водно-Донском речном пароходстве. С 1958 года работал секретарем парткома, главным инженером треста «Казмеханомонтаж», заместителем управляющего трестом «Казметаллургстрой».

1971 жыл

Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Бурлаков Александр Давыдович тағайындалды.

Председателем исполкома Темиртауского городского Совета депутатов трудящихся назначен Александр Давыдович Бурлаков.

1971 жыл

200 кереуетке арналған алғашқы мамандандырылған перзентхананың ашылуы өтті. Перзентхананың құрамына: босану бөлімі, босанғаннан кейінгі бөлім, жаңа туған нәрестелер бөлімі, обсервация бөлімі, гинекология және әйелдер консультациясы бөлімі кірді.

Состоялось открытие первого специализированного родильного дома, рассчитанного на 200 коек. В состав роддома вошли: родильный блок, послеродовое отделение, отделение новорожденных, обсервационное отделение, гинекология и женская консультация.

1971 жыл

Нұра өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы басталды.

Начато строительство автомобильного моста через р. Нуру.

1971 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының болат балқытушысы Алтынбек Дәрібаевке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Звания Героя Социалистического Труда удостоен сталевар Карагандинского металлургического комбината Алтынбек Дарибаев.

1971 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының дәнекерлеу шебері Александр Герасимович Хвостовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Звания Героя Социалистического Труда удостоен бригадир сварщиков Карагандинского металлургического комбината Александр Герасимович Хвостов.



КСРО-ның 50 жылдығы атындағы металлургтердің Мәдениет және техника сарайы, 1972 жыл
Дворец культуры и техники металлургов имени 50-летия СССР, 1972 год

1972 жыл

КСРО-ның 50 жылдығы атындағы металлургтердің Мәдениет және техника сарайы ашылды. Сарайдың қасбетінде мүсінші-монументалист Б. А. Тальберг жасаған эскиздер бойынша көтеріліп тұрған Даңқ фигурасы мен жұмысшылардың металл рельефтері бейнеленген. Ғимарат Б. Милюковтың орындауындағы мозаикамен безендірілген. Сарайда 2000-нан астам адамнан тұратын 23 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істейді.

Открыт Дворец культуры и техники металлургов имени 50-летия СССР. На фасаде Дворца возвышаются летящая фигура Славы и металлические рельефы рабочих, изготовленные по эскизам скульптора-монументалиста Б. А. Тальберга. Здание украшено мозаикой в исполнении Б. Милюкова. Во Дворце организованы 23 коллектива художественной самодеятельности, охватывающие более 2 000 человек.

1973 жыл

Қарағанды металлургия комбинатында қазақстандық суықтай илектелген табақтың алғашқы орамы алынды (№2 ТМИЦ). Цех өнімдері пішінделген табақтарды, қаңқалы құрылмаларды, жоғары сапалы техниканы өндіруде, сондай-ақ машина жасауда пайдаланылатын болады.

На Карагандинском металлургическом комбинате получен первый рулон казахстанского холоднокатаного листа (ЛПЦ № 2). Продукция цеха будет использоваться в изготовлении профилированных листов, каркасных конструкций, высококачественной техники, а также в машиностроении.

1973 жыл

И.Дунаевскийдің «Вольный ветер» спектаклі премьерасымен Теміртауда Қазақстандағы тұңғыш музыкалық комедия театры ашылды. Театр бұрынғы Металлургтер мәдениет сарайының ғимаратында орналасқан.

Труппаның тәжірибелі өзегін Теміртауға шақырылған Хабаровск музыкалық комедия театрының әртістері құрады. Жұмыс істеген жылдарында театр 40-қа жуық спектакль қойып, оны миллионнан астам көрермен тамашалады. 1980 жылы театр Қарағандыға көшті. Қазір ол Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры.

Премьерой спектакля И. Дунаевского «Вольный ветер» в Темиртау открылся первый в Казахстане Театр музыкальной комедии. Он разместился в здании бывшего Дворца культуры металлургов.

Опытный костяк труппы составили актеры Хабаровского театра музыкальной комедии, приглашенные в Темиртау. За время своей работы театр представил около 40 спектаклей, которые увидели более миллиона зрителей. В 1980 году театр переехал в Караганду. Сейчас это Карагандинский академический театр музыкальной комедии.

1973 жыл

Байланыс үйі — бас пошта бөлімшесі ашылды.

Открылся Дом связи — главпочтамт.

1973 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып Тищенко Олег Николаевич тағайындалды. Оның бастамасымен Теміртауда спорт кешені, бассейн, балалар саябағы және т.б көптеген әлеуметтік маңызы бар нысандар ашылып, заманауи көпқабатты жаңа үйлер арқылы қаланың тұрғын үй қоры айтарлықтай ұлғайды.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен Олег Николаевич Тищенко. При его участии в Темиртау было открыто множество социально значимых объектов, таких как спорткомплекс, бассейн, детский парк и др., а жилой фонд города пополнился современными многоэтажными новостройками.



Теміртау қаласының байланыс үйі, 1980-ші жылдар
Дом связи г. Темиртау, 1980-е годы



ҚМК қызметкерлеріне арналған экскурсия, 1975 жыл
Экскурсия для работников КМК, 1975 год

1973 жыл

Теміртау сапаржайы жұмысын бастады.

Начал работу темиртауский автовокзал.

1973 жыл

6 қарашада Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілерге есігін айқара ашты. Музейде «Өндірістік - Теміртау» бір ғана көрме жұмыс істеді. Музейде «Өндірістік — Теміртау » атты бір ғана экспозиция жұмыс істеді. Уақыт өте келе көрме залдарының саны 10-ға дейін өсті, экспонаттардың саны 25 мыңнан асады, музейге жыл сайын кемінде 24 000 адам келеді.

6 ноября открыл двери для посетителей Темиртауский городской историко-краеведческий музей. В музее действовала одна экспозиция — «Темиртау — индустриальный». Со временем количество экспозиционных залов увеличилось до 10, количество экспонатов достигло более 25 000, ежегодно музей стали посещать не менее 24 000 человек.

1973 жыл

Самарқанд су қоймасы Ертіс-Қарағанды каналының құрамына енді. Бұл Қазақстанның Магниткасына су ресурстарының ағынын орнатуға мүмкіндік берді.

Самаркандское водохранилище вошло в структуру канала Иртыш-Караганда. Это позволило наладить поступление гидроресурсов на Казахстанскую Магнитку.

1974 жыл

5500 орынға арналған «Строитель» мұз спорт сарайы ашылды.

Открылся Ледовый дворец спорта «Строитель» на 5500 мест.

1974 жыл

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіш ашылды. Ескерткіштің авторы — мүсінші С.Б. Назарян. Ескерткіштің фигурасы мыс қаңылтырдан, пилон армян туфынан жасалған. Ескерткіштің биіктігі — 10,5 метр.

Открылся памятник воинам-теміртаусцам, павшим в годы Великой Отечественной войны. Автор памятника — скульптор С. Б. Назарян. Фигура монумента изготовлена из медного листа, пилон — из армянского туфа. Высота памятника — 10,5 метра.

1974 жыл

Қарағанды металлургиялық комбинаты әкімшілік ғимаратының төбесінде орналасқан электронды жарық тақтасы пайдалануға берілді. Өндіріс озаттары туралы ақпарат күн сайын жүгіру жолында көрсетілді.

Вступило в строй световое электронное табло, расположенное на крыше здания заводоуправления Карагандинского металлургического комбината. Ежедневно бегущей строкой выдается информация о передовиках производства.



«Строитель» спорт сарайы, 1970-ші жылдар
Дворец спорта «Строитель», 1970-е годы



Ұлы Отан соғысында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіш, Теміртау қ., 1980-ші жж.
Памятник воинам-теміртаусцам, павшим в годы Великой Отечественной войны, г. Темиртау, 1980-е гг.



Азербаев Ирдан Нигметович

Химик, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Теміртау қаласындағы Қарағанды синтетикалық каучук зауытында органикалық химия зертханасын құрып, оны басқарды.

Химик, доктор химических наук, профессор, член-корреспондент Академии наук КазССР, заслуженный деятель науки КазССР. Основал и возглавил в г. Темиртау лабораторию органической химии на базе Карагандинского завода синтетического каучука.

1974 жыл

ЖЭО-2 іске қосылды.

Сдана в эксплуатацию ТЭЦ-2.

1975 жыл

Қарағанды металлургия комбинатында № 4 домна пеші іске қосылды.

На Карагандинском металлургическом комбинате сдана в эксплуатацию доменная печь № 4.

1975 жыл

Кузнечная көшесіне ҚазКСР Ғылым академиясының академигі И. Н. Азербаевтың есімі берілді.

Улица Кузнечная получила имя академика Академии наук КазССР И. Н. Азербаева.

1975 жыл

«Горка Дружбы» ықшамауданы өз атауын алды. Бастапқыда шағын ауданның аумағын қала тұрғындары «Махаббат шоқысы» деп атаған. Бұл Теміртау жастарының кездесу орнына айналды.

Свое имя получил микрорайон «Горка Дружбы». Изначально местность микрорайона именовалась горожанами «Сопка любви». Это было место свиданий молодежи Темиртау.

1976 жыл

Қазақ КСР чемпионы, КСРО Кубогының иегері, КСРО, Еуропа, Әлем чемпионы теміртаулық ауыр атлет - Юрий Зайцев Монреальда өткен XXI Олимпиада ойындарында ауыр атлетикадан алтын медальді жеңіп алды.

Темиртауский тяжелоатлет чемпион КазССР, обладатель Кубка СССР, чемпион СССР, Европы, мира Юрий Зайцев взял золотую медаль в соревнованиях тяжелоатлетов на XXI Олимпийских играх в Монреале.

Лисовенко Петр Лаврентьевич



Электромонтаждаушы, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы.

Қазақ металлургия комбинаты мен Қарағанды металлургия комбинатының құрылысына қатысып, өз жұмысында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Электромонтажник, Герой Социалистического Труда, заслуженный строитель КазССР.

Участвовал в строительстве Казахского металлургического завода, Карагандинского металлургического комбината, добивался высоких показателей в работе.

1976 жыл

Передовиков көшесі Теміртау қаласының тұрғыны және құрылысшы П. Л. Лисовенконың құрметіне өзгертіліп, атауы берілді.

Улица Передовиков переименована и названа в честь темиртаусца, строителя П. Л. Лисовенко.

1976 жыл

Теміртауда Металлургтер даңғылы, 20 мекенжайы бойынша 320 пәтерге есептелген Қарағанды облысындағы ең үлкен 9 қабатты үйдің құрылысы аяқталды.

В Темиртау завершено строительство самого крупного в Карагандинской области 9-этажного дома, рассчитанного на 320 квартир (пр. Металлургов, 20).

1976 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының жанында Ғылыми-техникалық ақпарат үйі ашылды. Оның жұмысының негізгі бағыттары – технологияны жетілдіру және өндірісті ұйымдастыру.

Открыт Дом научно-технической информации при Карагандинском металлургическом комбинате. Основным направлением его работы является совершенствование технологии и организации производства.

1976 жыл

«Мир» кинотеатры ашылды, көрермен залы 800 адамға арналған.

Открыт кинотеатр «Мир» со зрительным залом на 800 человек.

1977 жыл

Теміртау кешкі металлургия техникумы ашылды. Техникумда Қарметкомбинат, «Коксохимремонт», «Уралчерметремонт», «Уралдомнаремонт», ҚарМАЭС-1, ЖЭО-2 өндірістік басқармаларынан білікті жұмысшылар дайындалды.

Открыт Темиртауский вечерний металлургический техникум. В техникуме обучались квалифицированные рабочие Карметкомбината, производственных управлений «Коксохимремонт», «Уралчерметремонт», «Уралдомнаремонт», КарГРЭС-1, ТЭЦ-2.



70 орамның құрылысы, Теміртау қ., 1977 жыл
Строительство 70-го квартала, г. Темиртау, 1977 год



Бейсенов Саят Дюсенбаевич

1977—1984 жж. Теміртау қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.

1940 жылы Қарағанды облысы, Кондратьевка ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Қарағанды облыстық электр желілері басқармасында электрслесарь болып бастады. Иваново энергетика институтын бітіргеннен кейін СК зауытына жолданды. 1971 жылдан бастап Теміртау қалалық партия комитетінде партиялық қызметте жұмыс істеді.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1977—1984 гг.

Родился в 1940 году в с. Кондратьевке Карагандинской области. Трудовую деятельность начал электрослесарем в Карагандинском областном управлении электросетей. После окончания Ивановского энергоинститута направлен на Завод СК. С 1971 года — на партийной работе в горкоме г. Темиртау.

1977 жыл

Теміртау қалалық халық депутаттары Кеңесінің төрағасы болып Бейсенов Саят Дюсенбаевич сайланды.

Председателем Темиртауского городского Совета народных депутатов избран Саят Дюсенбаевич Бейсенов.

1977 жыл

«Сплав» халықтық фотоклубы ұйымдастырылды. Бірінші жетекшісі Л. Воробьева болды.

Организован народный фотоклуб «Сплав». Первым руководителем стала Л. Воробьева.

1977 жыл

Металлургтер даңғылында орналасқан Теміртаудағы алғашқы 12 қабатты үйдің құрылысы аяқталды.

Закончено строительство первого в Темиртау 12-этажного дома на пр. Металлургов.

1977 жыл

Самарқанд су қоймасының жағалауында орналасқан жаңа 3А ықшам ауданының құрылысы басталды.

Начато строительство нового микрорайона 3 А вдоль набережной Самаркандского водохранилища.

1978 жыл

Қаладағы ең көне орта арнаулы оқу орны — Құрылыс техникумы жаңа үлгілік ғимаратқа көшті.

Старейшее среднее специальное учебное заведение города — Строительный техникум — переехало в новое типовое здание.

1978 жыл

Қалалық мамандандырылған көркемөнер мектебі ашылды.

Открылась Городская специализированная художественная школа.

1978 жыл

Теміртау қалалық Есу клубының базасында есу спорты бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебі құрылды. 1987 жылы ол есу спорты бойынша олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебіне айналды. Мектепте халықаралық жарыстардың жеңімпаздары және Олимпиада ойындарына қатысушылар тәрбиеленеді.

На базе Гребного клуба г. Темиртау организована Школа высшего спортивного мастерства по гребному спорту. В 1987 году она преобразуется в Специализированную детско-юношескую школу олимпийского резерва по гребному спорта. В школе будут воспитаны победители международных соревнований и участники Олимпийских игр.

1978 жыл

Қарағанды металлургия комбинатында биіктігі 360 метр болатын Алматыда салынып жатқан телемұнараға арналған тірек бөлігі мерзімінен бұрын дайындалды.

На Карагандинском металлургическом комбинате досрочно изготовлена опорная часть для сооружаемой в Алма-Ате телевизионной башни высотой 360 м.

1978 жыл

Теміртау қаласының қала құрылысы кеңесі № 8 жаңа тұрғын үй шағын ауданының жобасын бекітті.

Градостроительный совет Темиртау утвердил проект нового жилого микрорайона № 8.



Есу клубының сабақтары, Теміртау қ., 1970-ші жылдар
Занятия в Гребном клубе, г. Темиртау, 1970-е годы

1979 жыл

Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстанға енгізу. Ауғанстандағы әскери операцияларға 334 теміртаулық қатысып, олардың сегізі интернационалдық борышын өтеу кезінде қаза тапты. Теміртау қаласының бір тұрғыны Эфиопияда қаза болды.

Ввод Ограниченного контингента Советских войск в Афганистан. 334 темиртаусца стали участниками военных операций в Афганистане, 8 из них погибли, выполняя свой интернациональный долг. Один житель Темиртау погиб в Эфиопии.

1979 жыл

Қарағанды металлургиялық комбинатының «Металлург» спорт кешені толықтай пайдалануға берілді. Оның құрамына 15 мың орынға арналған стадион, тир, ауыр атлетика залы және «Жастар» қысқы жүзу бассейні кіреді.

Полностью введен в строй спорткомплекс «Металлург» Карагандинского металлургического комбината. В его состав входят: стадион на 15 тыс. мест, стрелковый тир, зал тяжелой атлетики и зимний плавательный бассейн «Жастар».

1979 жыл

Қаладағы алғашқы мектепаралық өндіріс комбинаты ашылды, онда тоғызыншы сынып оқушылары 10 мамандық бойынша оқи алады.

Открыт первый в городе межшкольный производственный комбинат, в котором девятиклассники смогут обучаться по 10 специальностям.



«Металлург» стадионы, 1980-ші жылдар
Стадион «Металлург», 1980-е годы

1979 жыл

«Восток» балалар саябағы есігін айқара ашты. Бұл Теміртаудағы балаларға металлургтердің тартуы еді. Саябақ аллеяларында ертегі кейіпкерлері бейнеленген «Ертегілер алаңы» және «Көңілді сырғанақ», «Вихрь», «Тосын сый» аттракциондары, жазғы кинотеатр, би алаңы және аквариум орнатылды.

Саябақта үйеңкі, күлді ағаштар, теректер, шыршалар, қарағаштар, акациялар егілген.

Открыл двери Детский парк «Восток». Это был подарок металлургов детворе г. Темиртау. В аллеях парка установлена «Сказочная поляна» с фигурами сказочных героев, действовали аттракционы «Веселые горки», «Вихрь», «Сюрприз», летний кинотеатр, танцплощадка, аквариум.

В парке посажены клены, ясени, тополя, пихты, карагачи, акации.

1980 жыл

А. Раймгеннің «Первые» спектаклінің премьерасымен Неміс драма театры ашылды. Жас театр труппасының негізін М. С. Щепкин атындағы Жоғары театр училищесінде арнайы ұйымдастырылған неміс курсының түлектері құрады.

Театр репертуарында классикалық неміс драматургтерінің, сонымен қатар Ф.Шиллер, А. Закс, Б. Брехт сынды қазіргі орыс және неміс авторларының пьесалары бар. Спектакльдер неміс тілінде қойылып, көрермендерге аудармасы бар лингафондық аппаратура ұсынылды.

1989 жылы неміс драма театры Алматыға көшті.

Премьерой спектакля А. Раймгена «Первые» открылся Немецкий драматический театр. Основу труппы молодого театра составили выпускники специально организованного немецкого курса Высшего театрального училища им. М. С. Щепкина.

В репертуаре театра — пьесы немецких классических драматургов, современные русские и немецкие авторы: Ф. Шиллер, А. Закс, Б. Брехт и др. Спектакли ставились на немецком языке, и для зрителей была предусмотрена лингафонная аппаратура с переводом.

В 1989 году Немецкий драматический театр переехал в г. Алма-Ату.

1980 жыл

КСРО Байланыс министрлігі Теміртау байланыс үйі ғимаратының суреті бар ашық хат шығарды. Бұған дейін Самарқанд су қоймасы, КСРО-ның 50 жылдығы атындағы Металлургтер мәдениет сарайы, «Комсомолец» кинотеатры, «Металлург» спорт кешенінің суреттері салынған пошта конверттері шығарылған.

Министерством связи СССР выпущена почтовая открытка с изображением здания Дома связи г. Темиртау. Ранее были выпущены почтовые конверты с изображениями Самаркандского водохранилища, Дворца культуры металлургов им. 50-летия СССР, кинотеатра «Комсомолец», спорткомплекса «Металлург».





3 А ықшам ауданы, Теміртау қ., 1980 –ші жылдардың басы
3 А микрорайон, г. Темиртау, начало 1980-х годов

1980 жыл

Садовая көшесінің атауы өзгертіліп, 1951—1961 жылдар аралығында Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесінің төрағасы болған Ғ. Мусәлимовтың есімі берілді.

Улица Садовая переименована и получает имя Г. Мусалимова, который в 1951—1961 годы был председателем Темиртауского городского Совета депутатов трудящихся.

1980 жыл

Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнертапқышы, инженер-металлург Ақбиев Махмұд Ақбиұлы Қарағанды металлургиялық комбинатының директоры болып тағайындалды.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен заслуженный изобретатель Казахской ССР, инженер-металлург Махмуд Акбиевич Акбиев.

1980 жыл

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған Ескерткіштің жанына қаза тапқан жерлестердің есімдері жазылған мемориалдық тақталар орнатылды. Батырлардың есімдері қаладағы мұғалімдер мен мектеп оқушылары және әскери коммисариаттың қатысуымен жинақталды.

У подножия памятника воинам-темиртаусцам, павшим в годы Великой Отечественной войны, установлены мемориальные плиты с фамилиями погибших земляков. Имена героев собраны при участии учителей, школьников города и военкомата.

1981 жыл

«Айгуль» жастар дәмханасы есігін айқара ашты. Дәмхана ғимаратының хоккей жабдығы түріндегі ерекше архитектуралық дизайны, оған қала тұрғындарының «Шайба» деген күлкілі атауын шығаруға мүмкіндік берді.

Открылось новое молодежное кафе «Айгуль». Неординарное архитектурное решение здания кафе в виде хоккейного инвентаря позволило горожанам придумать ему шуточное название — «Шайба».

1981 жыл

Республикалық «Жалын» баспасында теміртаулық ақындар Г.Григориадидің «Взросление» және Л. Усованың «Солнце Магнитки» өлеңдер жинағы жарық көрді.

В республиканском издательстве «Жалын» вышел в свет сборник стихов темиртауских поэтов Г. Григориади «Взросление» и Л. Усовой «Солнце Магнитки».

1981 жыл

Теміртау қаласының шығыс бөлігінде 254 орынды жабық базар пайдалануға берілді.

В восточной части Темиртау принят в эксплуатацию крытый рынок на 254 места.

1981 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының горновойы Т. Адам-Юсуповқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Звание Героя Социалистического Труда присвоено горновому Карагандинского металлургического комбината Т. Адам-Юсупову.

1982 жыл

Югославияның Зеница қаласы мен Теміртау қаласы арасында достық пен ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Заключен договор о дружбе и сотрудничестве между югославским городом Зеница и городом Темиртау.

1982 жыл

Металлургтер күніне орай Қарағанды металлургия комбинатының ғылыми-техникалық насихат үйі ашылды. Ол ғылыми-техникалық білімді насихаттау және озық тәжірибені тарату үшін мәдени-ағарту мекемесі ретінде құрылған.

Ко Дню металлурга открыт Дом научно-технической пропаганды Карагандинского металлургического комбината. Образован как культурно-просветительское учреждение для пропаганды научно-технических знаний, распространения передового опыта.

1982 жыл

Аумағы 10 гектарды құрайтын ашық аспан астындағы «Еңбек даңқы» мұражай-саябағы ашылды, онда зауыт өнімдерінің шынайы үлгілері қойылған көрмелер безендірілді. Негізгі жолда «Металлург» ескерткіші (авторлары Молчанов А. Н., Волков А. И., В. Евдокимов) орналасқан.

Открыт музей-парк Трудовой славы под открытым небом площадью 10 га, где оформлены выставки с образцами продукции комбината в натуральную величину. На главной линии установлен монумент «Металлург» (авторы: А. Н. Молчанов, А. И. Волков, В. Евдокимов).



ҚМК директоры М.А.Ақбиев (ортада) Ғылыми-техникалық ақпарат үйінде, 1985 жыл
Директор КМК М. А. Акбиев (в центре) в Доме научно-технической информации, 1985 год

1982 жыл

Қарағанды металлургия зауытында 6 қапасты «1400» орнағы іске қосылды – қаңылтырдың алғашқы тонналары алынды. (ЛПЦ № 3).

На Карагандинском металлургическом комбинате введен в эксплуатацию 6-клетевой стан «1400», получены первые тонны жести (ЛПЦ № 3).

1982 жыл

Металлургтер күніне орай Металлургтер даңғылының салтанатты ашылуы өтті.

На День металлурга состоялось торжественное открытие проспекта Металлургов.

1982 жыл

«Казметаллургстрой» тресінің «Весна» шипажайы ашылды. Негізгі емдеу әдістері: сумен емдеу, электржарық терапиясы, оттегімен емдеу және т.б. Шипажайда бильярд және қысқы бақ бар. Мұнда жыл сайын трестің 3 мыңнан астам қызметкері демалады.

Открыт санаторий-профилакторий «Весна» треста «Казметаллургстрой». Основные лечебные средства: водолечение, электросветолечение, кислородотерапия и др. В санатории имеются бильярд и зимний сад. Ежегодно здесь отдыхает более 3 000 работников треста.

1982 жыл

Қарағанды синтетикалық каучук зауытының базасында «Карбид» өндірістік бірлестігі құрылды.

На базе Карагандинского завода синтетического каучука образовано ПО «Карбид».



ЛПЦ № 3 құрылысы, Қарағанды металлургия комбинаты, 1981 жыл
Строительство ЛПЦ № 3, Карагандинский металлургический комбинат, 1981 год

Ильясов Ремкул Кошкомбаевич



1984—1985 жж. Теміртау қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.

1937 жылы Қарағанды облысы, Осакаров ауданының №48 бөлімшесінде дүниеге келген. Еңбек жолын «Карагандажилстрой» тресінің тас қалаушысы болып бастаған. 1964 жылдан бастап «Карагандастрой-механизация» тресінің шебері. 1973 жылы Қарағанды қаласы Ленин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1980 жылдан Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1984—1985 гг.

Родился в 1937 году на разъезде № 48 Осакаровского района Карагандинской области. Трудовую деятельность начал каменщиком треста «Карагандажилстрой». С 1964 года — мастер треста «Карагандастроймеханизация». В 1973 году избран вторым секретарем Ленинского райкома партии г. Караганды, с 1980 года — второй секретарь Темиртауского горкома партии.

1982 жыл

«Меридиан» әуесқой жүгіру клубы құрылды. «Спартак» ЕДСҚ төрағасы К. М. Сүйінбаевтың қолдауымен Теміртауда «Меридиан» әуесқой атты жүгіру әуесқойлары клубы құрылды. Клуб мүшелері «Теміртау — Алматы», «Теміртау — Қарқаралы» және басқа да жүгіру марафондарына қатысты.

При поддержке председателя ДФСО «Спартак» К. М. Суимбаева в Темиртау создан клуб любителей бега «Меридиан». Члены клуба стали участниками пробегов «Темиртау — Алма-Ата», «Темиртау — Каркаралинск» и др.

1983 жыл

300 орынға арналған «Самал» ҚМК шипажайы ашылды. Емдеу әдістері: балшықпен емдеу, сумен емдеу, электр және парафинмен емдеу, электроұйқылық, массаж. Шипажай жыл сайын 4000-нан астам жұмысшылар мен қызметкерлерге қызмет көрсетеді.

Открылся санаторий-профилакторий КМК «Самал» на 300 мест. Лечебные средства: грязелечение, водолечение, электролечение и парафинолечение, электросон, массаж. Санаторий ежегодно обслуживает свыше 4 000 рабочих и служащих.

1984 жыл

Теміртау халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Ильясов Ремкул Кошкомбаевич сайланды.

Председателем исполкома Темиртауского совета народных депутатов избран Ремкул Кошкомбаевич Ильясов.

1984 жыл

Югославиядан келген бауырлас қаланың құрметіне Теміртаудағы жаңа 70-ші орам «Зеница» деп аталды. Орам аллеясына ескерткіш тас орнатылды.

В честь города-побратима из Югославии новый 70-й квартал в Темиртау получил имя «Зеница». В аллее квартала установлен памятный камень.



Металлургтер даңғылы, 1980-ші жылдардың соңы
Проспект Металлургов, конец 1980-х годов



Сарекенов Кабидолла Зулкашевич

1985—1988 жж. Теміртау қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.

1942 ж. Орал облысы, Жаңа-Тұрмыс кентінде дүниеге келген. 1958 ж. Днепродзержинск №8 техникалық училищесіне металлург мамандығы бойынша оқуға жіберілді. 1960—68 жж. Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеді. 1978 ж. — ҚМК және Теміртау қ. партиялық қызметтерде; 1984 ж.— Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1985—1988 гг.

Родился в 1942 г. в п. Жана-Турмыс Уральской области. В 1958 г. направлен на обучение профессии металлурга в Днепродзержинское техническое училище № 8. В 1960—1968 гг. работал на Карагандинском металлургическом комбинате. С 1978 г. — на партийных должностях на КМК и г. Темиртау, с 1984 г. — второй секретарь Темиртауского горкома партии.

1984 жыл

Теміртау қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Сарекенов Кабидолла Зулкашевич сайланды.

Председателем исполкома Темиртауского городского Совета народных депутатов избран Кабидолла Зулкашевич Сарекенов.

1985 жыл

Теміртау қаласының орталық алаңында В.И. Ленинге арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті. Ескерткішті мүсіншілер Ж.Молдабаев пен Л. Ядринцев, сәулетші В.Жирновский жасады. Шығармашылық топты сәулетші Н.Қойшыбеков басқарды. Ескерткіштің заңғарлығын оның өлшемдері көрсетті: қола фигураның биіктігі — 9,5 м, тұғыры — 4 м, стилобаттың ұзындығы — 38 метр, ескерткіштің жалпы биіктігі — 15,9 м.

На центральной площади Темиртау состоялось торжественное открытие памятника В. И. Ленину. Над созданием памятника трудились скульпторы Ж. Молдабаев и Л. Ядринцев, архитектор В. Жирновский. Руководил творческой группой архитектор Н. Койшибеков. Величественность памятника подчеркивалась размерами: высота бронзовой фигуры — 9,5 м, постамента — 4 м, длина стилобата — 38 м, общая высота — 15,9 м.

1985 жыл

Комсомольский тұйық жолының атауы өзгертіліп, теміртаулық құрылысшы У. Тұрмағамбетовтің құрметіне аталды.

Переулок Комсомольский переименован и назван в честь темиртаусца, строителя У. Турмагамбетова.

1986 жыл

«Шолпан» әйелдерге арналған дүкені ашылды. Дүкеннің кең залдарында әйелдер киімі, парфюмерия, трикотаж, бас киім, тұрмыстық химия, сыйлықтар мен кәдесыйлар, аспаздық өнімдер бөлімдері орналасқан.

Открылся магазин для женщин «Шолпан». В просторных залах магазина разместились отделы женской одежды, парфюмерии, трикотажа, головных уборов, бытовой химии, подарков и сувениров, кулинария.

Үкен Тұрмағамбетов

«Қазметаллургстрой» тресінің тас қалаушысы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы, Ленин орденінің кавалері, Теміртау қаласының Құрметті азаматы. Теміртау қаласындағы көптеген нысандардың құрылысында еңбек етті. Жастардың тәлімгері, жеделдетілген еңбек әдістерінің бастамашысы.

Каменщик треста «Казметаллургстрой», заслуженный строитель Казахской ССР, кавалер ордена Ленина, почетный гражданин г. Темиртау. Работал на возведении многих объектов г. Темиртау. Наставник молодежи, инициатор ускоренных методов труда.



1986 жыл

Қарағанды металлургиялық комбинатының кокс-химия өндірісі көмір дайындау цехының операторы Любовь Васильевна Перлик Еңбек Даңқы орденінің толық кавалері атанды. Бұл атақ Социалистік Еңбек Ері атағына сәйкес келеді.

Оператор углеподготовительного цеха коксохимпроизводства Карагандинского металлургического комбината Любовь Васильевна Перлик стала полным кавалером ордена Трудовой Славы. Это звание соответствует званию Героя Социалистического Труда.

1987 жыл


КОКП XXVII съезінің қаулысына сәйкес, еліміздің басқа елді мекендерінде сияқты Теміртау қаласында да ардагерлер Кеңесі ұйымдастырыла бастады. Оларды құрудағы мақсат ардагерлерді еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту болды. Қаланың көрнекті қайраткерлерінің бірі Теміртау қалалық ардагерлер Кеңесінің басшысы Н. Т. Вахитова болды.

Согласно постановлению XXVII съезда КПСС, в г. Темиртау, как и в других населенных пунктах страны, стали организовываться Советы ветеранов. Целью их создания было привлечение ветеранов к хозяйственной и общественно-политической жизни страны. Одним из ярких деятелей города стала руководитель темиртауского Совета ветеранов Н. Т. Вахитова.

1987 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып Сосковец Олег Николаевич тағайындалды. О.Н.Сосковец ҚМК-да 1971 жылдан бері қақтаушыдан бастап, табақ илемдеу цехының бастығына және зауыттың бас инженеріне дейін көтерілді.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен Олег Николаевич Сосковец. О. Н. Сосковец с 1971 года на КМК, прошел путь от вальцовщика до начальника листопрокатного цеха, главного инженера комбината.



Рахимов Багдат Мукашевич

1988—1990 жж. Теміртау қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.

1941 жылы Қарағанды облысының Жарлы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын кен құрылыс зауытында бастады. 1967 жылы «Коксохимстрой» басқармасына Қазақстан Магниткасы құрылысына жіберілді. 1974—1988 жылдары — әртүрлі партиялық қызметтерде. 1988 ж. — Теміртау қаласындағы құрылыс конструкцияларындағы құрылыс комбинаты дирекциясының директоры.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1988—1990 гг.

Родился в 1941 году в с. Жарлы Карагандинской области. Трудовую деятельность начал рудоремонтном заводе. В 1967 году направлен на строительство Казахстанской Магнитки в управление «Коксохимстрой». 1974—1988 годы — на различных партийных должностях. 1988 год — директор дирекции строящегося завода строительных конструкций г. Темиртау.

1988 жыл

Қала жастарының бастамасымен Теміртау қаласындағы № 8 жаңа ықшамауданға интернационалист - жауынгерлердің есімі берілді.

Новый микрорайон Темиртау, № 8, по инициативе молодежи города удостоен имени Воинов-интернационалистов.

1988 жыл

Теміртау қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Рахимов Бағдат Мұқашевич сайланды.

Председателем исполкома Темиртауского Совета народных депутатов избран Багдат Мукашевич Рахимов.

1989 жыл

«Фолькштимме» (бастамашысы — Янцен отбасы) неміс мәдени орталығы мен «Дуслық» (бірінші жетекшісі — В. А. Халиулина) татар фольклорлық ансамблі ұйымдастырылды.

Организованы немецкий культурный центр «Фолькштимме» (инициаторы — семья Янцен) и татарский фольклорный ансамбль «Дуслык» (первый руководитель — В. А. Халиулина.

1989 жыл

Теміртаулық спортшы И. Ружников бокстан 63,5 келі салмақта әлем чемпионатының жеңімпазы атанды.

Темиртауский спортсмен И. Ружников стал победителем чемпионата мира по боксу в весовой категории 63,5 кг.

1989 жыл

Неміс драма театрының базасында Теміртау балалар мен жасөспірімдер театры ашылды. Көрермендер назарына Ольга Петрушевскаяның «Чемодан чепухи» пьесасы ұсынылды.

На базе Немецкого драматического театра был открыт Темиртауский театр для детей и юношества. Первым зрителям представили спектакль по пьесе Ольги Петрушевской «Чемодан чепухи».



«Памир-89» жоғары марафон жарысы, 1989 жыл
Сверхмарафонский забег «Памир-89», 1989 год

1989 жыл

Теміртаулық «Меридиан» жүгіру клубының мүшелері Хорог-Мұграб — «Ленин шыңы» альпі лагері — Ош бағыты бойынша ұзындығы 844 шақырымды құрайтын «Памир-89» ғылыми-спорттық ультрамарафон жарысына қатысты.

Жарыс барысында ғалымдар мен дәрігерлер биік таулы жағдайда жүйріктердің денсаулығын қадағалады. Марафон барысында ядролық жарылыстарды тоқтату және барлық сынақ алаңдарын жабу үшін «Невада-Семей» қозғалысын қолдауға қол жинау бойынша игі миссия жүзеге асырылды. 6 мыңнан астам қол жиналды.

Члены темиртауского клуба любителей бега «Меридиан» стали участниками научно-спортивного сверхмарафонского забега «Памир-89» по маршруту Хорог-Мұграб — альпийский лагерь «Пик Ленина» — Ош протяженностью 844 км.

В ходе забега ученые и врачи вели наблюдения за состоянием здоровья бегунов в условиях высокогорья. Во время марафона была проведена благородная миссия сбора подписей в поддержку движения «Невада — Семипалатинск» за прекращение ядерных взрывов и закрытие всех полигонов. Собрано более 6000 подписей.

1990 жыл

Шұлық-ұйық фабрикасы ашылды. 1992 жылы бұл фабриканы Қарағанды металлургия комбинаты басшылығына алды. 1995 жылдан бастап фабрика «ArcelorMittal Temirtau» АҚ құрамында жұмыс істеді, ал 2024 жылдан бастап — «QarmetService» ЖШС құрамында. Кәсіпорын берік және отқа төзімді материалдардан арнайы киім тігуге бағытталған. Сондай-ақ мұнда трикотаж және шұлық-ұйық бұйымдары шығарылады.

Открыта чулочно-носочная фабрика. В 1992 году над фабрикой взял шефство Карагандинский металлургический комбинат. С 1995 года фабрика работает в составе компании АО «АрселорМиттал Темиртау», с 2024 года — ТОО «Qarmet Service». Предприятие ориентировано на изготовление спецодежды из прочных и огнеупорных материалов. Также здесь выпускают трикотажные и чулочно-носочные изделия.

1990 жыл

«Кореяна» корей этномәдени орталығы құрылды. Бірінші жетекшісі — Э. Ч. Ню

Создан корейский этнокультурный центр «Кореяна». Первый руководитель — Э. Ч. Ню.



ЖАҢА ЖОЛ

НОВЫЙ ПУТЬ

Республика даңғылы, Теміртау қ., 2015 жыл
Проспект Республики, 2015 год



Мұхамеджанов Камалтин Ескендірұлы

1990—1992 жж. Теміртау қалалық депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1992—1993 жж. қала әкімдігінің басшысы.

1948 жылы Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Зырян қорғасын зауытында бастаған. 1976—1988 жылдар аралығында Теміртау қаласының автомобиль көлігімен қамтамасыз ету саласында түрлі қызметтер атқарған. 1988 жылдан — Қарметкомбинат бас директорының ауыл шаруашылығы және қоғамдық тамақтандыру жөніндегі орынбасары.

Председатель исполкома Темиртауского городского Совета депутатов в 1990—1992 гг., глава городской администрации в 1992—1993 гг.

Родился в 1948 году в с. Большенарымском Восточно-Казахстанской области. Трудовую деятельность начинал на Зыряновском свинцовом комбинате. В 1976—1988 гг. трудился на различных должностях в сфере обеспечения автотранспорта г. Темиртау. С 1988 года — заместитель генерального директора по сельскому хозяйству и общественному питанию Карметкомбината.

1990 жыл

Теміртау қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып Мұхамеджанов Камалтин Ескендірұлы сайланды.

Председателем исполкома Темиртауского городского Совета народных депутатов избран Камалтин Ескендирович Мухамеджанов.

1990 жыл

Свято-Покровский приходы құрылды. 1993 жылы приходқа бұрынғы балабақшаның екі қабатты ғимараты берілді. 1994 жылы қоңырау мұнарасы салынып, қоңыраулар сатып алынды.

Основан Свято-Покровский приход. В 1993 году приходу передано двухэтажное здание бывшего детского сада. В 1994 году была построена колокольня и приобретены колокола.

1991 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып Свичинский Александр Григорьевич тағайындалды.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен Александр Григорьевич Свичинский.

1991 жыл

Қалалық Пионерлер үйінің базасында «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығы ашылды. Бұл жерде би ұжымдары, вокалдық-аспаптық ансамбльдер, театрлық үйірмелер мен студиялар жұмыс істейді: барлығы 39 ұжым. Сабақтарға 3000-ға жуық бала қатысады.

На базе Городского дома пионеров открыт Детско-юношеский центр «Әлем». Здесь действуют танцевальные коллективы, вокально-инструментальные ансамбли, театральные кружки и студии: всего 39 коллективов. Занятия посещают около 3 000 ребят.



Теміртау қаласында тұңғыш қазақ мектебінің ашылуы, 1991 жыл
Открытие первой казахской школы в г. Темиртау, 1991 год

1991 жыл

«Хиссацу» каратэ спорт клубы құрылды. 2016 жылы клуб өзінің жаттықтыру ғимаратына ие болды. Клуб тәрбиеленушілері — республикалық және халықаралық жарыс-тардың жеңімпаздары.

Клубтың негізін қалаған — А. Петровский.

Основан спортивный клуб каратэ «Хиссацу». В 2016 году клуб обрел собственное здание для тренировок. Воспитанники клуба — победители республиканских и международных соревнований.

Основатель клуба — А. Петровский.

1991 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының болат балқыту өндірісінің қолдауымен Теміртауда қазақ тілінде оқытатын тұңғыш мектеп ашылды. Мектептің құрылуының бастамашысы және алғашқы директоры Д. К. Ахметова болды. 1998 жылы мектеп гимназия мәртебесін алып, 2021 жылы оған Қазақстанның саяси және қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтың есімі берілді.

При поддержке сталеплавильного производства Карагандинского металлургического комбината в Темиртау открыта первая школа с обучением на казахском языке. Инициатором создания и первым директором школы стала Д. К. Ахметова. В 1998 году школа получила статус гимназии, в 2021 году — имя политического и общественного деятеля Казахстана А. Букейханова.



Металлургтер даңғылы, Теміртау қ., 1980-ші жылдардың соңы
Проспект Металлургов, г. Темиртау, конец 1980-х годов

1991 жыл

«Техол» өнеркәсіптік тоңазытқыштар зауыты 1992 жылы ашылып, алғашқы өнімдерін шығарды. Кәсіпорын өнеркәсіптік тоңазытқыштар мен құрама қаңқалы металл қоймалар немесе азық-түлік және басқа да тауарларды, жабдықтарды сақтауға арналған ангарлар шығарумен айналысады, сонымен қатар шатыр және қабырғаға арналған сэндвич панельдер шығарады.

Открыт завод промышленных холодильников «Техол». Предприятие занимается изготовлением промышленных холодильников и сборных каркасных быстровозводимых металлических складских помещений или ангаров для хранения продуктов и другого товара или техники, а также производит кровельные и стеновые сэндвич-панели.

1991 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының басшылығымен мектеп-гимназия ашылды. 1993 жылдан бастап гимназияға ұшқыш-ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры Т.Әубәкіровтің есімі берілді. 1997 жылы гимназия жеке меншікке өтті.

Открыта школа-гимназия, шефство над которой взял Карагандинский металлургический комбинат. С 1993 года гимназия стала носить имя летчика-космонавта, Героя Советского Союза Т. Аубакирова. В 1997 году гимназия перешла в частную собственность.

1991 жыл

Ұлы Отан соғысында және интернационалдық борышын өтеуде қаза тапқан теміртаулықтарға арналған «Книга памяти» кітабы жарық көрді.

Издана «Книга памяти», посвященная темиртаусцам, погибшим в годы Великой Отечественной войны и при исполнении интернационального долга.



Ұшқыш - ғарышкерлер Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтың Теміртау қаласындағы мектеп-гимназиясына сапары, 1991 жыл
Визит летчиков-космонавтов Т. Аубакирова и Т. Мусабаева в школу-гимназию г. Темиртау, 1991 год

1992 жыл

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен және Ішкі әскерлер Қолбасшысының бұйрығымен Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлерінің 5516 әскери бөлімі құрылды. Бөлімше Теміртау қаласында орналасты.

Постановлением Кабинета Министров РК и приказом Командующего внутренних войск была образована войсковая часть 5516 внутренних войск МВД Республики Казахстан. Часть расположилась в г. Темиртау.

1992 жыл

№ 18 орта мектептің базасында «Элита» қалалық гимназиясы ашылды.
Алғашқы директоры — В. А. Сусоев

На базе средней школы № 18 открыта городская гимназия «Элита».
Первый директор — В. А. Сусоев.

1992 жыл

Қала әкімдігінің басшысы болып Камалтин Ескендіруұлы Мұхамеджанов тағайындалды.

Главой городской администрации назначен Камалтин Ескендирович Мухамеджанов.

1992 жыл

Теміртаулық спортшы Владимир Вохмянин XXV Олимпиада ойындарында оқ атудан қола жүлдегері атанды.

Бронзовую медаль XXV Олимпийских игр на соревнованиях по пулевой стрельбе взял темиртауский спортсмен Владимир Вохмянин.

1992 жыл

Теміртаудағы алғашқы коммерциялық телеарна «ТКТ» эфирге шықты.

В эфир вышел первый в г. Темиртау коммерческий телеканал «ТКТ».

1992 жыл

Ел бойынша енгізілген азық-түлік талондарымен қатар, Теміртау қаласында балама валюта — Қарағанды металлургия комбинатының купондары енгізілді. Жұмысшылар бұл купондарды қолма-қол ақшаның орнына алды. Қалада оларды комбинат директоры А. Г. Свичинскийдің тегіне байланысты «свичинка» деп атаған, осы купондарға халық тұтынатын тауарларды сатып алуға болатын еді.

В дополнение к талонам на продукты питания, введенным по всей стране, в г. Темиртау была введена суррогатная валюта — купоны Карагандинского металлургического комбината, которые работники получали вместо наличных денег. На эти купоны или, как их называли в городе, «свичинки», по фамилии директора комбината А. Г. Свичинского, можно было приобретать товары народного потребления.

1992 жыл

Қарағанды металлургиялық комбинатының жанында қазақ мәдени орталығы құрылды. Оның құрылуының негізінде зауыт қызметкерлері, қазіргі ардагерлер: А. Б. Әбленов, С. Раев, И. Баймырзаев тұрды.

Создан казахский культурный центр при Карагандинском металлургическом комбинате. У истоков создания стояли работники завода, нынешние ветераны: А. Б. Абленов, С. Раев, И. Баймурзаев.



Қарабалин Әли Әлибайұлы

1993—1995 жж. қала әкімдігінің басшысы, 1995-1996 жж. Теміртау қаласының әкімі.

1951 жылы Талдықорған облысының Матай стансасында дүниеге келген. Еңбек жолын 1968 жылы Матай стансасының монтеры болып бастаған. 1977—1981 жылдары Теміртау қалалық комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс істеді. 1981 жылдан бастап — Теміртау қалалық партия комитетінің өндіріс және көлік бөлімінің меңгерушісі. 1985 жылдан — Гагарин аудандық халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, кейін екінші хатшы болып қызмет атқарды.

Глава городской администрации в 1993—1995 гг, аким г. Темиртау в 1995—1996 гг.

Родился в 1951 году на ст. Матай Талды-Курганской области. Трудовую деятельность начал в 1968 году монтером на ст. Матай. В 1977—1981 гг. работал секретарем комсомольской организации г. Темиртау. С 1981 года — заведующий промышленно-транспортным отделом Темиртауского горкома партии. С 1985 года — первый заместитель председателя исполкома Гагаринского районного Совета народных депутатов, затем — второй секретарь.

1993 жыл

Бірінші Теміртау классикалық лицейі ұйымдастырылды. Алғашқы директоры — А. Е. Щепелева.

Организован Первый Темиртауский классический лицей. Первый директор — А. Е. Щепелева.

1993 жыл

Теміртау қаласы әкімдігінің басшысы (1995 жылдан бастап әкім) болып Қарабалин Әли Әлибайұлы тағайындалды.

Главой администрации г. Темиртау (с 1995 года — аким) назначен Алий Алибаевич Карабалин.

1993 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып Шарафутдинов Равиль Яковлевич тағайындалды.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен Равиль Яковлевич Шарафутдинов.

1993 жыл

"Карвол" АҚ-болат тігіс құбырын шығаратын кәсіпорын құрылды.

Основано АО «Карвол» — предприятие по выпуску стальной шовной трубы.

1993 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып Данаев Нарбота Тұрсынбайұлы тағайындалды.

Директором Карагандинского металлургического комбината назначен Нарбота Турсунбаевич Данаев.

1993 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының жанындағы Балалар мен жасөспірімдер орталығы тәрбиеленушілерге есігін айқара ашты.

Открыл свои двери для воспитанников Детско-юношеский центр при Карагандинском металлургическом комбинате.

1993 жыл

Құрылыс, металлургия және химия-механикалық техникумдардың негізінде Политехникалық колледж ашылды.

На базе строительного, металлургического и химико-механического техникумов открылся Политехнический колледж.

1993 жыл

Арнайы жоба бойынша салынған, шыны төбемен жабылған, аумағы 2600 шаршы метр болатын Қысқы бақ ашылды. Ғимаратта нысанды үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ететін жүйе орнатылған. Әсімдіктер Алматы және Қарағанды ботаникалық бақтарынан әкелінді. Қалаға келген құрметті қонақтардың әсімдік отырғызуы дәстүрге айналды. Қысқы бақта ұшқыш-ғарышкерлер Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев, Қазақстанның тұңғыш ханымы Сара Назарбаева және басқа да танымал тұлғалар отырғызған гүлдер мен ағаштар өсіп тұр.

В построенном по специальному проекту здании под стеклянной крышей открылся Зимний сад площадью 2600 кв. м. В помещении смонтирована система бесперебойного снабжения объекта электроэнергией. Растения завезли из Алматинского и Карагандинского ботанических садов. Традиционной стала высадка растений именитыми гостями города. В Зимнем саду растут цветы и деревья, высаженные летчиками-космонавтами Т. Аубакировым и Т. Мусабаевым, первой леди Казахстана С. Назарбаевой и др.



Қысқы бақ, Теміртау қ., 1994 жыл
Зимний сад, г. Темиртау, 1994 год

1993 жыл

Әулие Андрейдің Рим-католик махалласы ашылды.

Открылся Римско-католический приход Святого Андрея.

1994 жыл

Алғашқы мешіт Теміртау қаласында бұрынғы әлеуметтік нысанның қайта жөндеуден өткен ғимаратында ашылды. Бөлме ерлер мен әйелдерге бөлінген, ал ішкі қабырғалары Құранның араб тіліндегі каллиграфиялық мәтіндерімен безендірілген. Ішкі безендіру мешіттің ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған.

В г. Темиртау открылась первая мечеть в перестроенном здании бывшего социального объекта. Помещение разделено на мужскую и женскую половины, внутренние стены украшены каллиграфическими текстами из Корана на арабском языке. Внутреннее обустройство и убранство организовано по правилам организации мечети.

1994 жыл

41 дециметрлік арнада Қарағанды металлургия комбинатының балалар мен жасөспірімдер орталығының базасында құрылған «Сфера» телекомпаниясының алғашқы репортажы көрсетілді. Телеарна аптасына екі рет алты сағаттан эфирге шықты.

На 41-дециметровом канале вышел в эфир первый репортаж телекомпании «Сфера», созданной на базе Детско-юношеского центра Карагандинского металлургического комбината. Телеканал выходил два раза в неделю по шесть часов.

1994 жыл

Тұңғыш Қазақстан болатының 50 жылдығына орай Теміртау қаласының кіре берісіне стела орнатылды.

В честь 50-летия первой казахстанской стали на въезде в г. Темиртау установлена стела.

1994 жыл

Әк тасы мен кварцит өндіру және өңдеумен айналысатын Оңтүстік-Топар кен басқармасы; марганец және темірмарганец кендерін өндіру және өңдеумен айналысатын «Марганец» кен басқармасы; құрылыс материалдарын өндіретін «АқмолаСтройФаянс» зауыты және кальций карбиді мен ферроқорытпа өндіретін химия-металлургия зауыты базасында Теміртау электрометаллургия комбинаты құрылды.

На базе Южно-Топарского рудоуправления по добыче и переработке известняка и кварцита; рудоуправления «Марганец» по добыче и переработке марганцевых и железомарганцевых руд; завода «АкмолаСтройФаянс» по производству строительных материалов и химико-металлургического завода по производству карбида кальция и ферросплавов образован Темиртауский электрометаллургический комбинат.

1995 жыл

«Понтос» грек мәдени орталығы ұйымдастырылды. Бірінші жетекшісі И. Симониди болды.

Организован греческий культурный центр «Понтос». Первым руководителем стал И. Симониди.

1995 жыл

«Берегиня» орыс әндер халықтық ансамблі негізінде осыған аттас орыс этномәдени орталығы құрылды. Бірінші жетекшісі С. К. Гежа болды.

На базе народного ансамбля русской песни «Берегиня» образован одноименный русский этнокультурный центр. Руководитель центра — С. К. Гежа.

1995 жыл

№1 Балалар музыка мектебі мен Балалар көркем-сурет мектебі базасында Балалар өнер мектебі құрылды. 1998 жылы мектепке композитор, ұстаз Ғазиза Жұбанованың аты берілді. Ғ. Жұбанова атындағы Балалар өнер мектебінде бейнелеу өнері және музыка бөлімдері (фортепиано, оркестр, қазақ халық аспаптары, орыс халық аспаптары, хор және жеке ән айту), сондай-ақ хореография, театр және эстетикалық даму сыныптары жұмыс істейді.


На базе Детской музыкальной школы № 1 и Детской художественной школы была создана Детская школа искусств. В 1998 году школе присвоено имя композитора, педагога Газизы Жубановой. В Детской школе искусств действуют художественное и музыкальное отделения (фортепиано, оркестр, казахские народные инструменты, русские народные инструменты, хоровое и сольное пение), классы хореографии, театра и эстетического развития.



Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің көркемөнер бөліміндегі сабақтары, 2000-шы жылдар
Занятия на художественном отделении Школы искусств им. Г. Жубановой, 2000-е гг.



«Экспресс» тұрмыс үйі, Теміртау қ., 1990-шы жылдары
Дом быта «Экспресс», г. Темиртау, 1990-е годы



Жұманов Николай Жетпісұлы

1996—1997 жж. Теміртау қаласының әкімі

1947 жылы Қарағанды облысы Теміртау қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын ҚарМАЭС-1-де бастады. 1995 жылға дейін Теміртау металл құрылымдар мен дайындамалар зауытында, «Казстальконструкция» трестінде, Қазақ КСР Минтяжспецстройының Теміртау аумақтық өндірістік-басқару басқармасында, сондай-ақ «Қарағандыспецмонтаж» трестінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 1995 жылдан бастап — Теміртау қаласы әкімшілігі (кейінірек — әкімдігі) басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Аким г. Темиртау в 1996—1997 гг.

Родился в 1947 году в г. Темиртау Карагандинской области. Трудовую деятельность начал на КарГРЭС-1. До 1995 года работал на различных должностях на Темиртауском заводе металлозаготовок и конструкций, в тресте «Казстальконструкция», в Темиртауском территориальном производственно-распорядительном управлении Минтяжспецстроя КазССР, в тресте «Карагандаспецмонтаж». С 1995 года — заместитель главы городской администрации (позднее — акима) г. Темиртау.

1995 жыл

Қарағанды металлургия зауытының акцияларын Ispat International компаниясы сатып алды. Кәсіпорын «Испат-Кармет» АҚ, 2005 жылдан «Mittal Steel Temirtau» АҚ, 2007 жылдан «ArselorMittalTemirtau» АҚ деп аталды.

Акции Карагандинского металлургического комбината приобрела компания Ispat International. Предприятие стало именоваться АО «Испат-Кармет», с 2005 года — АО «Mittal Steel Temirtau» , с 2007 года — АО «ArselorMittal Temirtau».

1996 жыл

Жұманов Николай Жетпісұлы - Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Николай Жетписович Жуманов.

1996 жыл

«Испат-Кармет» АҚ басшылығы №2 мартен цехын жабу туралы шешім қабылдады.

Руководством АО «Испат-Кармет» принято решение о закрытии мартеновского цеха № 2.

1996 жыл

Теміртауда теміржол вокзалының ғимараты пайдалануға берілді.

В Темиртау введено в эксплуатацию здание железнодорожного вокзала.

1996 жыл

«102 радиосының» алғашқы хабары өтті. «43 арна» және «ТВ-29» телекомпанияларының алғашқы хабарлары.

Состоялся первый выход в эфир «Радио-102». Первые эфиры телекомпаний «43 канал» и «TV-29».

1996 жыл

XXVI Олимпиада ойындарына теміртаулық ескекшілер К. Негодяев, Е. Егоров, С. Сергеев, сондай-ақ жүзушілер С. Борисенко мен А. Егоров қатысты. XXVI Олимпиадада оқпен ату жарысында күміс жүлдені теміртаулық спортшы В. Вохмянин жеңіп алды.

В XXVI Олимпийских играх принимали участие темиртауские гребцы К. Негодяев, Е. Егоров, С. Сергеев, пловцы С. Борисенко и А. Егоров. Серебро XXVI Олимпиады на соревнованиях по пулевой стрельбе взял темиртауский спортсмен В. Вохмянин.

1997 жыл

Медицина училищесінің негізінде Теміртау медициналық колледжі құрылды.

На базе Медицинского училища образован Темиртауский медицинский колледж.

1997 жыл

«Полония» поляк этномәдени орталығы ұйымдастырылды. Бірінші жетекшісі П. Б. Яворский болды.

Организован польский этнокультурный центр «Полония». Первым руководителем был П. Б. Яворский.



XXVI Олимпияда ойындарының қатысушысы Егоров Евгений, 1996 жыл
Участник XXVI Олимпийских игр Евгений Егоров, 1996 год



«ИспатКармет» АҚ-ның алғашқы ыстық әдіспен алюмоцинктеу цехының желісі, 1998 жыл
Первая линия цеха горячего аллюмоцинкования АО «Испат Кармет», 1998 год

1997 жыл

Геологтар Теміртау қаласынан солтүстікке қарай 10 шақырым жерде және Самарқанд су қоймасының солтүстік жағалауынан 2,5 шақырым қашықтықта орналасқан Түлкілі төбешігі маңынан алтын-мыс кен орнын тапты.

Геологи открыли золотомедное месторождение в 10 км к северу от г. Темиртау и в 2,5 км от северного берега Самаркандского водохранилища, в районе сопки Тулькили.

1997 жыл

Минералды оқшаулағыш материалдар шығаратын кәсіпорын - «Водоканалстрой» ЖШС құрылды. Директоры - М. А. Сарсенов.

Основано ТОО «Водоканалстрой» — предприятие по производству минеральных изоляционных материалов. Директор — М. А. Сарсенов.

1997 жыл

Қарабалин Әли Әлібайұлы Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Алий Алибаевич Карабалин.

1998 жыл

«Вечерняя газета» апталық газетінің алғашқы саны жарық көрді. Газетте қалалық, облыстық жаңалықтар мен мәселелер қамтылған. Ең көп таралым — 7 000 дана.

Вышел первый номер еженедельника «Вечерняя газета». Газета освещает городские и региональные новости и проблемы. Максимальный тираж в этот год — 7 000 экземпляров.

1996 жыл

«Испат Қармет» АҚ ыстықтай алюминий және мырыштау цехының бірінші желісі іске қосылды. Цехтың ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысты.

Пуск первой линии Цеха горячего аллюминирования и цинкования АО «Испат Кармет». Открытие цеха посетил президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев.

1997 жыл

Қалалық сүт зауытының негізінде «Ren Milk» ЖШС құрылды. Шикі сүтті өңдеу қуаттылығы тәулігіне 70 тонна. Кәсіпорында өнім сапасын бақылайтын зертхана бар. Өнімнің 30-дан астам түрі шығарылады: сүт, айран, ашытылған сүт, йогурт, қаймақ, сүзбе, ірімшік, сулугуни ірімшігі, май, балмұздақ.

Кәсіпорын директоры — В. Е. Рычков.

На базе Городского молокозавода создано ТОО «Ren Milk». Мощность по переработке сырого молока — 70 тонн в сутки. На предприятии действует лаборатория, отслеживающая качество продукции. Выпускается более 30 видов продукции: молоко, кефиры, ряженка, йогурт, сметана, творог, сырки, сыр сулугуни, масло, мороженое.

Директор предприятия — В. Э. Рычков.



«Ren Milk» ЖШС балмұздақты буып-түюге арналған көлденең орау машинасы
Горизонтально-упаковочная машина для упаковки мороженого ТОО «Ren Milk»

1998 жыл

Сүт өнімдерін өндіру және өңдеу зауыты — «Аян М.» ЖШС құрылды. Кәсіпорын келесі өнімдерді шығарады: пастерленген сүт, айран, ряженка, йогурттар, қаймақ, ірімшік кремі, ірімшік, сары май, брынза, құрт, чечил.

«Аян М.» ЖШС-нің директоры — В. П. Жабин.

Основан завод по производству и переработке молочной продукции ТОО «Аян М». Предприятие выпускает: пастеризованное молоко, кефиры, ряженку, йогурты, сметану, творожный крем, творог, сливочное масло, брынзу, курт, чечил.

Директор ТОО «Аян М» — В. П. Жабин.

1998 жыл

Қарағанды цемент зауытының бақылау пакеті акциялары малайзиялық кәсіпкерлермен сатып алынып, кәсіпорын «Central Asia Cement» АҚ болып өзгертілді. Кәсіпорын әртүрлі сорттағы сусымалы цемент өндіреді. 2013 жылы "Central Asia Cement" АҚ қазақстандық мазмұнды мониторингілеуде Қарағанды облысының жүйе құраушы сегіз кәсіпорнының қатарына енді.

Контрольный пакет акций Карагандинского цементного завода был приобретен малазийскими предпринимателями, предприятие переименовано в АО «Central Asia Cement». Предприятие производит насыпной цемент различного сортамента. В 2013 году АО «Central Asia Cement» вошло в восьмерку системообразующих предприятий Карагандинской области на предмет мониторинга казахстанского содержания.

1998 жыл

«Іңкәр-1» ЖШС құрылды — машина жасау және металл өңдеу саласындағы өндіруші, тау-кен металлургия және тау-кен өндіру кешендері үшін стандартты емес жабдықтарды жеткізуші кәсіпорын. Директоры — У. Б. Атенова.

Основано ТОО «Инкар-1» — предприятие, являющееся товаропроизводителем в области машиностроения и металлообработки, поставщиком нестандартного оборудования для горно-металлургического и горнодобывающего комплексов. Директор — У. Б. Атенова.

1999 жыл

«Имсталькон» ЖШС құрылды - Қазақстан Республикасында және шетелде құрылыс-монтаждау жұмыстарымен және металл конструкцияларын жасаумен айналысатын ірі кәсіпорын.

Компания Қарағанды металлургия комбинатының және Теміртаудағы басқа да кәсіпорындардың цехтарын, Атырау, Жаңаөзен, Петропавл қалаларындағы мұнай-газ кешені нысандарын, Петропавлдағы алтын өңдеу фабрикасын, автожол көпірлерін, сауда орталықтарын, Астана қаласындағы әуежайды, сондай-ақ Қазақстанның символы — «Бәйтерек» монументін және басқа да көптеген нысандарды салуға қатысқан.

Еңбек ұжымы 600-ден астам жоғары білікті құрылысшылардан тұрады.

Әр кезеңде кәсіпорынды А. А. Малинин, И. В. Георгиади басқарған.

«Имсталькон» ЖШС-нің директоры — А. Э. Сазыкин.

Основано ТОО «Имсталькон-Темиртау» — крупное предприятие по строительно-монтажным работам и изготовлению металлоконструкций в Республике Казахстан и за рубежом.

Компания принимала участие в строительстве цехов Карагандинского металлургического комбината и других предприятий в Темиртау, объектов нефтегазового комплекса в Атырау, Жана-Узене, Петропавловске, золотоискательной фабрики в Петропавловске, мостов автомобильных дорог, торговых центров, аэропорте в г. Астане, в возведении символа Казахстана — монумента «Байтерек» и многих других объектов.

Трудовой коллектив включает более 600 высококлассных специалистов-строителей.

В разное время предприятие возглавляли А. А. Малинин, И. В. Георгиади.

Директор ТОО «Имсталькон-Темиртау» — А. Э. Сазыкин.



«Имсталькон» ЖШС «Бәйтерек» монументінің құрылысы, Астана қ., 2000 жыл
Строительство монумента «Байтерек» ТОО «Имсталькон», г. Астана, 2000 год

2000 жыл

«Зеркало» қоғамдық-саяси газетінің алғашқы саны жарық көрді. Басылымның негізін қалаушы және алғашқы редакторы О.И.Гусев болды.

Тиражом 5 тысяч экземпляров вышел первый номер общественно-политической газеты «Зеркало». Основателем и первым редактором издания стал О. И. Гусев.

2000 жыл

«Алаш» АҚ Теміртау химия-металлургия зауытында ферроқорытпа шығаратын пеш іске қосылды.

На Темиртауском химико-металлургическом заводе ЗАО «Алаш» запущена печь по выпуску ферросплавов.

2000 жыл

Қазақстанның бірінші ханымы С.А. Назарбаеваның бастамасымен өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдауға бағытталған «Бөбек» халықаралық қайырымдылық жобасы аясында Теміртау қаласында «Айналайын» отбасылық үлгідегі балалар үйі ашылды.

В рамках действия международного благотворительного проект «Бөбек», инициированного первой леди Казахстана С. А. Назарбаевой и направленного на поддержку детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, в Темиртау открылся детский дом семейного типа «Айналайн».

2000 жыл

Теміртау қаласы мен Днепродзержинск (2016 жылдан бастап – Каменское қаласы) арасындағы достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. 1958—1960 жылдары Украина КСР-індегі Днепродзержинск қаласындағы №8 техникалық училищеде Қазақстан Республикасының болашақ Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев металлург мамандығын игерген.

Подписан договор о дружбе и сотрудничестве между городами Темиртау и Днепродзержинск (с 2016 года — г. Каменское). В 1958—1960 гг. в г. Днепродзержинск (Украинская ССР) в Техническом училище № 8 обучался профессии металлурга будущий первый президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев.

2000 жыл

XXVII Олимпиада ойындарына теміртаулық спортшылар қатысты: жүзушілер А. Борисенко, А. Савицкий, есушілер К. Негодяев және В. Белоногов, В. Вохмянин – оқ ату.

В XXVII Олимпийских играх приняли участие темиртауские спортсмены: пловцы А. Борисенко, А. Савицкий, гребцы К. Негодяев и В. Белоногов. В пулевой стрельбе город представлял В. Вохмянин.

2000 жыл

Қарағанды облысы әкімінің 2000 жылғы 20 шілдедегі № 125 шешімімен Теміртау қаласында 3 ескерткіш тіркелді: 2 сәулет ескерткіші — Балалар мен жасөспірімдер театрының ғимараты және Қалалық мәдениет сарайының ғимараты; 1 монументалды өнер ескерткіші – Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіш.

Решением акима Карагандинской области № 125 от 20.07.2000 г. Темиртау зарегистрировано 3 памятника: памятники архитектуры — здание Театра для детей и юношества и здание Дворца культуры; памятник монументального искусства — памятник воинам-темиртаусцам, павшим в годы Великой Отечественной войны.

2000 жыл

ҚарГРЭС-1 орталық өтпелі орнында ҰОС жылдарында қаза тапқан кәсіпорын қызметкерлеріне арналған мемориал ашылды.

В сквере у центральной проходной КарГРЭС-1 открыт мемориал памяти работников предприятия, погибшим в годы Великой Отечественной войны.

2000 жыл

Қаланың басты алаңында орналасқан В. И. Ленинның ескерткіші бөлшектелді. Ескерткіш Еңбек даңқы саябағына көшірілді.

Демонтирован памятник В. И. Ленину на главной площади города. Он перенесен в Парк трудовой славы.

2001 жыл

«Испат Қармет» АҚ-да алюминий-мырыштаудың екінші желісі іске қосылды.

Запущена вторая линия аллюмоцинкования на ОАО «Испат Кармет».

2001 жыл

Қарағанды металлургиялық институтының жаңа оқу-зертханалық ғимараты ашылды.

Открыт новый учебно-лабораторный корпус Карагандинского металлургического университета.

2001 жыл

Қазақ тіліндегі «Теміртау» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Газет редакторы — ақын, қоғам қайраткері Аманжол Акын

Вышел первый номер газеты на казахском языке «Теміртау». Редактор газеты — поэт, общественный деятель Аманжол Акын.



Қарағанды металлургиялық университетінің оқу-зертханалық ғимараты, Теміртау қ., 2010 жыл
Учебно-лабораторный корпус Карагандинского металлургического университета, г. Темиртау, 2010 год



Металлургтер монументі, Теміртау қ., 2024 жыл
Монумент металлургам, г. Темиртау, 2024 год



Ахметов Серік Нығметұлы

2001—2003 жж. Теміртау қ. Әкімі

1958 ж. Теміртау қ. дүниеге келген. Еңбек жолын 1975 ж. ҚМК-да бастаған. 1989—1990 жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партиялық және кадр жұмысы бөлімінде жауапты ұйымдастырушы. 1992—1994 жж. — ҚМК-ның сыртқы экономикалық байланыстар бөлімінде қызмет атқарды. 1995—98 жж. — Қазақстанның «Кен Дала» агроөнеркәсіптік биржасының басшылығында болған. 1998—2001 жж. — ҚР Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінде мемлекеттік инспектор қызметін атқарған.

Аким г. Темиртау в 2001—2003 гг.

Родился в 1958 г. в г. Темиртау. Трудовую деятельность начал в 1975 г. на КМК. В 1989—1990 гг. работает в отделе организационно-партийной работы Карагандинского обкома КП. В 1992—1994 гг. — в отделе внешнеэкономических связей КМК. 1995—1998 гг. — в руководстве Казахстанской агропромышленной биржи «Кен Дала». В 1998—2001 гг. — государственный инспектор организационно-контрольного отдела Администрации Президента РК.

2001 жыл

1 қазанда металлургтер монументінің ашылуы өтті. Авторы: Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері А.П.Билык. Монумент тот баспайтын болаттан және қоладан жасалған. Тұғырдың биіктігі — 2,7 м. Болат балқытушылардың фигура биіктігі — 5 м. Фигуралар артында символдық домна пеші көтеріледі. Стеланың биіктігі — 23 метр. Металлургтер Монументі Теміртау қаласының символына айналды.

1 октября состоялось открытие монумента металлургам. Автор — заслуженный деятель искусств Казахской ССР А. П. Билык. Монумент изготовлен из нержавеющей стали и бронзы. Высота постамента — 2,7 м. Высота фигур сталеваров — 5 м. За фигурами возвышается символичная доменная печь. Высота стелы — 23 метра. Монумент металлургам стал символом города Темиртау.

2001 жыл

«Қазақмыс» корпорациясы Самара алтын-мыс кен орнын игеру құқығына ие болды.

Корпорация «Казахмыс» получила права на разработку Самарского золото- и меднорудного месторождения вблизи г. Темиртау.

2001 жыл

Ленин даңғылы — Республика даңғылы және Свердлов көшесі Тәуелсіздік бульвары болып өзгертілді.

Переименованы: проспект Ленина — в проспект Республики и улица Свердлова — в Бульвар Независимости.

2001 жыл

Теміртау қаласының әкімі болып Ахметов Серік Нығметұлы тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Серик Ныгметович Ахметов.



Металлургтер монументі, Теміртау қ., 2024 жыл
Монумент металлургам, г. Темиртау, 2024 год



Республика даңғылы, Теміртау қ., 2024 жыл
Проспект Республики, г. Темиртау, 2024 год

2001 жыл

Теміртаулық пауэрлифтинг спортшысы Алексей Сивоконь Гиннестің рекордтар кітабына әлемде жалғыз өзі отырып тұру, жатып сығымдау және тарту санаттары бойынша рекорд орнатқан спортшы ретінде енді.

Темиртауский пауэрлифтер Алексей Сивоконь внесен в Книгу рекордов Гиннесса, как единственный в мире спортсмен, установивший рекорды в категориях: приседание, жим и тяга.

2002 жыл

№ 5 қазақ мектебінің ашылуы өтті. Мектепке жазушы Ғ.Мұстафиннің есімі берілді.

Состоялось открытие школы № 5 с казахским языком обучения. Школе присвоено имя прозаика Г. Мустафина.

2002 жыл

Теміртауда Димитров көшесі, 45-үй мекенжайында алғашқы «Аян» супермаркетінің ашылуы.

Открытие первого супермаркета «Аян» в Темиртау на ул. Димитрова, 45.

2002 жыл

Қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан Теміртау қаласының ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған монумент ашылды. Ескерткіш Теміртау қаласы бойынша Ішкі істер басқармасының аумағында орналасқан.

Открыт монумент памяти сотрудников органов внутренних дел города Темиртау, погибших при исполнении служебного долга. Монумент расположен на территории УВД г. Темиртау.

2003 жыл

Жауыр төбесінде орналасқан «Теміртау» тау шаңғысы кешенінің салтанатты ашылуы өтті. Кешен құрамында екі беткей бар: негізгісі — 600 м және оқу — 200 м. Сонымен қатар, қос орынды аспалы жол, бүгельді көтергіш және демалуға арналған үйлер қарастырылған. Шаңғы тебуді үйретумен 6 білікті нұсқаушы айналысады.

Состоялось торжественное открытие горнолыжного комплекса «Темиртау», раскинувшегося на сопке Жауыр. Комплекс включает два склона: основной — 600 м и учебный — 200 м, канатную дорогу, бугельный подъемник, домики для отдыха.

2003 жыл

Теміртау музыка мектебінің базасында Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің филиалы ашылды. Колледждің түлегі – Қазақстан Республикасының халық әртісі, опера әншісі Д. Баспақова, сондай-ақ Қалалық мәдениет сарайындағы «Дарын» вокалдық студиясының жетекшісі, әнші Ж. Хасенова болды.

На базе Темиртауского музыкального училища открыт филиал Карагандинского колледжа искусств им. Таттимбета. Выпускницами колледжа стали народная артистка Республики Казахстан, оперная певица Д. Баспакова, руководитель вокальной студии «Дарын» при Городском дворце культуры и певица Ж. Хасенова.

2003 жыл

Мусин Балдырған Серғазыұлы Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Балдырган Сергазинович Мусин.

Мусин Балдырған Серғазинович



2003—2006 жж. Теміртау қаласының әкімі.

1947 ж. Шар қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1967 ж. Семей облысындағы Киров атындағы совхозда бастаған. 1970 жылдан бастап Теміртау қаласында тұрады. Ремстройцехте, ҚМК-ның ТКШ басқармасында әртүрлі қызметтер атқарған. 1993—2000 жж. — Теміртау қ. әлеуметтік-мәдени тұрмыс нысандары мен спорт ғимараттарын басқару саласында жұмыс істеген. 2000 ж. — Қарағанды облысының ТКШ еңбек еткен. 2002 ж. — Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, 2003 ж. — Теміртау қаласы әкімінің кеңесшісі қызметтерін атқарған.

Аким г. Темиртау в 2003—2006 гг.

Родился в 1947 г. в г. Чарске. Трудовую деятельность начал в 1967 г. в совхозе им. Кирова Семипалатинской области. С 1970 г. — в г. Темиртау. Работал на различных должностях в ремстройцехе, управлении ЖКХ КМК. В 1993—2000 гг. — в сфере Управления объектами соцкульбыта и спортивных сооружений. С 2000 г. — в ЖКХ Карагандинской области. С 2002 г. — заместитель акима г. Караганды, с 2003 г. — советник акима г. Темиртау.

2003 жыл

«Испат-Кармет» АҚ-да алғаш рет ерікті түрде жұмыстан шығу жүйесі енгізілді. Дирекция мен кәсіподақ комитетінің қаулысы жарияланып, онда зейнеткерлер мен зейнет жасына жақындаған тұлғаларға жеңілдіктер беру қарастырылғаны айтылды — бір жолғы жәрдемақы еңбек өтілі мен жалақы мөлшеріне байланысты төленетін болды.

Впервые на ОАО «Испат Кармет» ввели схему добровольного увольнения (СДУ). Издано постановление дирекции и профсоюзного комитета, в котором говорилось о предоставлении льгот пенсионерам и лицам предпенсионного возраста — выплате единовременного пособия, в зависимости от стажа и размера заработной платы.

2003 жыл

«КМК Trade Company» ЖШС құрылды. Компанияның негізгі қызмет бағыты – пішінделген табақты (парақты) өндіру және сату. Цехта келесі өндірістік желілер орнатылған: гипсокартон бекіткіштеріне арналған пішіндер өндіру желісі, пішінделген табақ жасау желісі, «Сайдинг» типіндегі пішінделген табақ шығару желісі, көлденең кесу желісі.

Кәсіпорын директоры — Р. М. Абдрахманов.

Организовано ТОО «КМК Trade Company». Основным направлением деятельности компании является изготовление и реализация профилированного листа. В цехе установлены линии по производству профилей для крепежа гипсокартона, по изготовлению профилированного листа, а также профилированного листа типа «Сайдинг», линия продольно-поперечной резки.

Директор предприятия — Р. М. Абдрахманов.

2003 жыл

Теміртаудың маңында қайта жөндеуден кейін Астана — Қарағанды — Алматы бағытындағы М-36 автомагистралінің салтанатты ашылуы өтт (қайта құрылымдаудан кейін).

Вблизи Темиртау состоялось торжественное открытие автомагистрали М-36 Астана — Караганда — Алматы (после реконструкции).



«КМК Trade Company» ЖШС қаңылтыр сайдинг өндірісі
Производство листового сайдинга на ТОО «КМК Trade Company»

2004 жыл

Алғашқы отбасылар Теміртаудағы SOS балалар ауылына қоныстанды. SOS балалар ауылындағы тәрбиенің негізі — отбасылық тәрбие түрі. Әр бала арнайы дайындықтан өткен әйел — оған қамқоршы әрі тәрбиеші болатын «SOS анасының» қасында жеке үйде тұрды. Ауыл Қазақстанның бірінші ханымы С. А. Назарбаеваның бастамасымен салынған.

Первые семьи заселились в SOS Детскую деревню Темиртау. Основа Детской деревни SOS — семейная форма воспитания. Каждый ребенок жил в доме вместе с «мамой SOS» — специально подготовленной женщиной, которая становилась для него опекуном и воспитателем. Деревня построена по инициативе первой леди Казахстана С. А. Назарбаевой.

2004 жыл

XXVII Олимпиада ойындарына теміртаулық спортшы -жүзушілер Е. Рыжков, С. Осинский, В. Титоренко қатысты.

Темиртауские спортсмены-пловцы Е. Рыжков, С. Осинский и В. Титоренко приняли участие в XXVII Олимпийских играх.

2004 жыл

«Комсомолец» кинотеатрында заманауи жабдықталған жаңа кинозалдың салтанатты ашылуы болды.

Состоялось торжественное открытие нового кинозала с современным оборудованием в кинотеатре «Комсомолец».

2005 жыл

«МиттальСтил Теміртау» АҚ-ның жаңа спорт кешені пайдалануға берілді. Кешен құрамында баскетбол, волейбол, мини-футбол және гандбол ойындарына арналған зал, сондай-ақ бокс және күреспен айналысуға арналған екі шағын зал біріктіріліп, бір блок ретінде қарастырылған. Нысанда жаттығу өткізуге арналған тренажер залы бар. Үлкен залда 200 тұрақты көрермен орны қарастырылған. Спорт кешені душ кабиналарымен, киім ауыстыратын бөлмелермен жабдықталған. Спортшылар мен спорт сүйер қауымның демалуы үшін қалпына келтіру орталығы қарастырылған.

Сдан в эксплуатацию новый спортивный комплекс АО «МиттальСтил Темиртау», включающий игровой зал для баскетбола, волейбола, мини-футбола и гандбола и 2 малых зала, соединенных в единый блок для занятий боксом и борьбой. Для проведения тренировок на объекте предусмотрен тренажерный зал. В большом зале есть 200 стационарных мест для зрителей. Спортивный комплекс оснащен душевыми кабинами, раздевалками. Для отдыха спортсменов и любителей спорта предусмотрен восстановительный центр.

2005 жыл

«Союз казаков родного края» мәдени орталығы құрылды. Бірінші жетекшісі — Е. Л. Отводенко.

Образован культурный центр «Союз казаков родного края». Первый руководитель — Е. Л. Отводенко.

2005 жыл

«Қазақтелеком» ғимаратына Ұлы Отан соғысының ардагері, байланыс шебері Виктор Дмитриевич Кабановты еске алуға арналған мемориалдық тақта орнатылды. Ол 1961 жылдан 1997 жылға дейін Теміртау қаласындағы байланыс бөлімшесін басқарған.

На здании «Казактелекома» установлена мемориальная доска в память о ветеране Великой Отечественной войны, мастере связи Викторе Дмитриевиче Кабанове, который с 1961 по 1997 год руководил отделением связи в г. Темиртау.



Республика даңғылы, Теміртау қ., 2024 жыл
Проспект Республики, г. Темиртау, 2024 год

2005 жыл

«100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 1415 оқушыға арналған №17 мектеп ашылды.

В рамках реализации государственной программы «100 школ, 100 больниц» в 8 мкр. г. Темиртау открылась школа № 17 на 1 415 учащихся.

2005 жыл

«МиттальСтил Теміртау» АҚ-да үздіксіз болат құюдың алғашқы қондырғысы іске қосылды. Бұл қондырғы бірнеше аралық цехтардың жұмысын алып тастауға, конвертер цехының өнімділігін арттыруға және металдың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Состоялся пуск первой установки непрерывной разливки стали на АО «МиттальСтил Темиртау». Установка позволяет исключить работу нескольких промежуточных цехов, увеличить производительность конвертерного цеха, улучшить качество металла.

2005 жыл

«Миттал Стил Теміртау» АҚ полимерлі қаптама желісі іске қосылды.

Запущена линия полимерных покрытий на АО «МиттальСтил Темиртау».

2006 жыл

Теміртау металлургтері алғаш рет жалақыларын банкоматтар арқылы алды. «МиттальСтил Теміртау» АҚ аумағында 9 банкомат орнатылды.

Впервые металлурги Темиртау получили заработную плату с помощью банкоматов. На территории АО «МиттальСтил Темиртау» установлено 9 банкоматов.

2006 жыл

«Астера» көпсалалы медициналық жеке меншік орталығы ашылды. Негізгі қызмет саласы халыққа консультация беру, тексеру және емдеу болып табылады.

Открыт частный Многопрофильный медицинский центр «Астера». Основное направление деятельности — консультирование, обследование и лечение.



Полимерлі жабындар желісі, «МиттальСтил Теміртау» АҚ, 2005 жыл
Линия полимерных покрытий, АО «МиттальСтил Темиртау», 2005 год

Бітебаев Орал Шабалұлы



2006—2010 жж. Теміртау қаласының әкімі

1957 ж. Қарқаралыда дүниеге келген. 1980—81 жж. — Ағадыр ТКБК БЛКМЖ комитетінің хатшысы, 1982—85 жж. — Теміртау қ.Гагарин аудандық БЛКМЖ хатшысы; 1985—90 жж. — «Карбид» ӨБ партия комитетінің хатшысы, 1990—91 жж. — Теміртау жұмыспен қамту орталығының бастығы; 1991—93 жж. — «Эрзи» ШК директорының орынбасары, 1993—96 жж. — ҚМК тағамдық қызмет көрсету комбинаты басқармасында, 1997—2000 жж. — Теміртау қ.әкімінің орынбасары, 2001—2003 жж. — «Резерв» РМК, «Казавтострой» ЖШС әртүрлі лауазымдарда қызмет етті, 2003 ж. — Теміртау қ. әкімінің орынбасары.

Аким г. Темиртау в 2006—2010 гг.

Родился в 1957 г. в г. Каркаралинске. В 1980—1981 гг. — секретарь комитета ВЛКСМ Агадырского ГОК; 1982—1985 гг. — секретарь Гагаринского райкома ВЛКСМ г. Темиртау; 1985—1990 гг. — секретарь парткома ПО «Карбид»; 1990—1991 гг. – начальник отдела Темиртауского центра занятости; 1991—1993 гг. — заместитель директора МП «Эрзи»; 1993—1996 гг. — работает в Управлении комбината питания КМК; 1997—2000 гг. — заместитель акима г. Темиртау; 2001—2003 гг. — в РГП «Резерв»; 2003 г. — заместитель акима г. Темиртау.

2006 жыл

Қалалық мәслихат депутаттары көпшілік дауыспен Орал Шабалұлы Бітебаевты Теміртау қаласының әкімі етіп сайлады.

Депутаты городского маслихата большинством голосов избрали акимом г. Темиртау Орала Шабаловича Битебаева.

2007 жыл

Теміртауда грек режиссері Тео Ангелопулостың «Пыль времен» фильмінің түсірілімі жүріп жатыр. Фильм грек елінен шыққан американдық режиссердің өмірін баяндайды. Фильмнің сталиндік дәуірге арналған көріністері Теміртаудың ескі қала бөлігінде түсірілген. Түсірілімге Теміртау қаласының тұрғындары қатысты.

В Темиртау проходят съемки фильма «Пыль времен» греческого режиссера Тео Ангелопулоса. Фильм повествует о жизни американского режиссера греческого происхождения. Сцены фильма, посвя-щенные сталинской эпохе, снимались в старой части г. Темиртау. В съемках принимали участие темиртаусцы.

2008 жыл

«100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Теміртау қаласының 9-ықшам ауданында № 4 емханасы пайдалануға берілді.

В рамках реализации государственной программы «100 школ, 100 больниц» в 9 мкр. г. Темиртау открылась Поликлиника № 4.

2008 жыл

«МиттальСтил Теміртау» АҚ қуаттылығы жылына 400 мың тонна сұрыпты илектеуді құрайтын сұрыпты илектеу өндірісін іске қосты.

Пуск сортопрокатного производства на АО «МиттальСтил Темиртау» мощностью 400 тыс. тонн сортового проката в год.



Сұлтанов Нүркен Ертайұлы

2010—2015 жж. Теміртау қаласының әкімі

1963 жылы Теміртауда дүниеге келген. Еңбек жолын 1986 жылы ҚМК-ның домна пешінде бастады. 1986 ж. — «Испат Кармет» АҚ домна цехы бастығының орынбасары, 2006—2007 жж. — «МиттalСтил Темиртау» АҚ домна цехының бастығы, 2007 — 2008 жж. — «МиттalСтил Темиртау» АҚ комбинаты басқармасының бас аглодоменші маманы, 2008—2010 жж. — «АрселорМиттал Темиртау» АҚ домна цехының бастығы.

Аким г. Темиртау в 2010—2015 гг.

Родился в 1963 году в г. Темиртау. Трудовую деятельность начал в 1986 г. на доменной печи КМК; в 1986 гг. — заместитель начальника доменного цеха АО «Испат Кармет»; 2006—2007 гг. — начальник доменного цеха АО «МиттalСтил Темиртау»; 2007—2008 гг. — главный аглодоменщик управления комбината АО «МиттalСтил Темиртау»; 2008—2010 гг. — начальник доменного цеха АО «АрселорМиттал Темиртау».

2008 жыл

XXIX Олимпиада ойындарына теміртаулық спортшы жүзушілер С. Осинский, Е. Рыжков және С. Кузьмин, Д. Гордиенко қатысты.

Темиртауские пловцы С. Осинский, Е. Рыжков, С. Кузьмин и Д. Гордиенко приняли участие в XXIX Олимпийских играх.

2009 жыл

Абаттандыру бағдарламасы аясында Теміртау қаласындағы Ю. Гагарин атындағы алаң және Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткішке реконструкция жүргізілді.

В рамках программы благоустройства в г. Темиртау проведена реконструкция площади им. Ю. Гагарина и памятника воинам-темиртаусцам, павшим в годы Великой Отечественной войны.

2009 жыл

Теміртау қаласында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» Республикалық бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама аясында, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде, «Строитель» стадионында және есу спорты бойынша Олимпиада резервінің мектебінде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

В Темиртау стартовала республиканская программа «Дорожная карта занятости». В рамках программы проведены ремонтные работы в Детско-юношеской спортивной школе, на стадионе «Строитель», в Школе Олимпийского резерва по гребному спорту.

2009 жыл

Димитров көшесі, 88 үй мекен-жайындағы ақын, майдангер Г. Ф. Григориади тұрған үйге оның құрметіне мемориалдық тақта орнатылды.

На ул. Димитрова, 88 установлена мемориальная доска на доме, где жил поэт-фронтовик Г. Ф. Григориади.

2009 жыл

«Линде Газ Казахстан» ЖШС – өнеркәсіптік газдарды өндіру компаниясы құрылды.

Директоры — Н. Т. Латыпаев.

Создано ТОО «Линде Газ Казахстан» — компания по производству промышленных газов.

Директор — Н. Т. Латыпаев.

2010 жыл

Сұлтанов Нүркен Ертайұлы Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Нүркен Ертаевич Султанов.

2010 жыл

Қаланы абаттандыру бағдарламасын жүзеге асыру аясында Теміртау қаласының орталық алаңында балалар алаңдары орнатылды, Металлургтер монументі маңында және қала әкімдігінің алаңында субұрқақ іске қосылды.

В рамках реализации программы благоустройства города установлены детские площадки на центральной площади г. Темиртау, запущен фонтан около монумента металлургам и на площади перед акиматом.

2010 жыл

Теміртау қалалық жастар клубы құрылды. Клуб 14 жастан асқан жасөспірімдер мен бойжеткендерді біріктіріп отыр. Теміртау жастар клубының базасында «Шаңырақ» еріктілер орталығы ұйымдастырылды.

Орталық жұмыс істеген уақыт ішінде волонтерлік қозғалысқа 3000-нан астам теміртаулық жастар қатысты. Олар мұқтаж жандарға көмек көрсету, қаланы көгалдандыру, іс-шаралар мен мектеп оқушыларына арналған шеберлік сабақтарын ұйымдастыру, Теміртау қаласының Ақсақалдар кеңесі мен ардагерлер кеңесінің мүшелері — «күміс» волонтерлер қозғалысымен тығыз байланыста жұмыс істеу секілді игі істермен айналысты.

Организован Темиртауский молодежный клуб. Он объединил юношей и девушек в возрасте от 14 лет. На базе Темиртауского молодежного клуба организован волонтерский центр «Шаңырақ».

За время существования центра в волонтерском движении приняло участие более 3000 молодых темиртаусцев. За их плечами — помощь нуждающимся, озеленение города, организация мероприятий, мастер-классов для школьников, активное сотрудничество с движением «серебряных» волонтеров — членов Совета аксакалов и ветеранов города Темиртау.

2010 жыл

Теміртау қаласы мен Қарағанды облысының тұрғындарына медициналық көмек көрсетуге мамандандырылған «Авиценна» тұтас отбасына арналған көпсалалы медициналық орталығы ашылды. Орталықта науқастарды тексеру мен емдеуді қамтамасыз ететін 30-дан астам маман жұмыс істейді.

Открыт Многопрофильный медицинский центр для всей семьи «Авиценна», который специализируется на оказании медицинской помощи населению г. Темиртау и Карагандинской области. В центре ведут прием более 30 специалистов, проводится диагностирование и лечение пациентов.

2010 жыл

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында Металлургтер мәдениет сарайы, Балалар мен жасөспірімдер театры, Қалалық тарихи-өлкетану музейі, Политехникалық колледж және «Жастар» жүзу бассейні ғимараттары қалпына келтірілді.

В рамках государственной программы «Дорожная карта занятости» восстановлены здания Дворца культуры металлургов, Театра для детей и юношества, Городского историко-краеведческого музея, Политехнического колледжа, плавательного бассейна «Жастар».

2010 жыл

Николь шіркеуі ашылды. Алғашқы діни рәсім мен ғибадатхананы қасиеттеу рәсімін Қазақстан Республикасындағы Митрополия округінің Басшысы, Астана және Алматы архиепископы Александр өткізді. Николь шіркеуінің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. А. Назарбаев қатысты. Шіркеу — қос қабатты, күмбезді-крест түріндегі ғибадатхана үлгісінде салынған және шамамен 1000 адамды сыйдыра алады. Шіркеу жанында жексенбілік мектеп, театр және бейнелеу өнері студиясы жұмыс істейді.

Открыт Никольский собор. Первое богослужение и освящение храма было совершено Главой Митрополичьего округа в Республике Казахстан архиепископом Астанайским и Алматинским Александром. Открытие Никольского собора посетил первый президент Казахстана Н. А. Назарбаев. Собор представляет собой двухэтажный крестово-купольный тип храма. Вмещает около 1000 прихожан. При соборе работают воскресная школа, театральная студия, изостудия.

2010 жыл

Теміртау қаласында бір мезетте 300 адамға дейін құлшылық етуге мүмкіндік беретін Орталық мешіт ашылды.

2010 жылы мешіттің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысты.

2021 жылы Теміртау қаласының Орталық мешітіне қазақтың мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, этнограф Әлихан Бөкейханның есімі берілді.

Открыта Центральная мечеть г. Темиртау, рассчитанная на одновременное принятие 300 прихожан.

Открытие мечети в 2010 году посетил первый президент Казахстана Н. А. Назарбаев.

В 2021 году Центральной мечети г. Темиртау было присвоено имя казахского государственного, политического и общественного деятеля, журналиста и этнографа А. Букейханова.



Металлургтер даңғылы, Теміртау қ., 2025 жыл
Проспект Металлургов, г. Темиртау , 2025 год



Теміртауда VII қысқы Азия ойындарының Алау эстафетасы, 2011 жыл
Эстафета Огня VII Зимних Азиатских игр в Темиртау, 2011 год

2010 жыл

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген металлургі, болат балқытушы Арғын Жүнісовке берілді.

Звание Героя Труда Казахстана присвоено заслуженному металлургу КазССР, сталевару Аргыну Жунусову.

2010 жыл

Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына орай Халық банкі Теміртау қаласына тарту жасады: Республика даңғылының бойына «Алтын барыс монетасы» архитектуралық пішінін орнатты.

К 50-летию Казахстанской Магнитки «Народный банк» сделал г. Темиртау подарок: установил архитектурную форму «Монета “Алтын барыс”» на пр. Республики.

2010 жыл

Теміртау қаласында Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына орай ,Қазақстан мен Ресейден келген мүсіншілер және суретшілердің халықаралық симпозиумы өтті. Металлургтер даңғылының бойына ұлу тастардан (ракушечник) жасалған мүсіндер орнатылды.

В Темиртау состоялся международный симпозиум скульпторов и художников из Казахстана и России, приуроченный к 50-летию Казахстанской Магнитки. Скульптуры, изготовленные из ракушечника, были установлены на проспекте Металлургов.

2011 жыл

VII Қысқы Азия ойындарының Алау эстафетасы Теміртау көшелерімен жүріп өтті

Эстафета Огня VII Зимних Азиатских игр прошла по улицам Темиртау.

2011 жыл

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Казкоммерцбанк» пен «Құс Жолы» қайырымдылық қоры Теміртау қаласына тарту жасады: Металлургтер даңғылы бойына «Күн сағаты» атты сәулеттік мүсін орнатты.

К 20-летию Независимости Республики Казахстан «Казкоммерцбанк» и благотворительный фонд «Құс Жолы» сделали г. Темиртау подарок: установили на пр. Металлургов архитектурную форму «Солнечные часы».

2011 жыл

Тұңғыш президенттің тарихи – мәдени орталығының ашылуы өтті.

Тарихи-мәдени орталық ғимаратының сәулетінде теңдесі жоқ. Оны сәулетшілер В.Колыш пен Қ. Джиембаев жобалаған.

Ғимаратта қор сақтау бөлмелері, қалпына келтіру шеберханалары, үйірме бөлмелері, кино-дәріс залы және басқа да бөлімдер орналасқан.

Ғимараттың екінші қабатында музей орналасқан. Оның экспозициясы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңдеріне арналған. Сондай-ақ, көрме Тұңғыш Президенттің өмірі мен қызметі, Теміртау қаласы мен Қарағанды облысының тарихы туралы сыр шертеді.

Состоялось открытие Историко-культурного центра первого президента.

Здание историко-культурного центра не имеет аналогов по своей архитектуре. Оно разработано архитекторами В. Колышем и К. Джиембаевым.

В здании размещены фондохранилища, реставрационные мастерские, кружковые комнаты, кинолекционный зал и др.

На втором этаже расположен музей, экспозиция которого посвящена важнейшим этапам становления и развития суверенного Казахстана, а также повествует о жизни и деятельности Первого Президента, истории города Темиртау и Карагандинской области.

2011 жыл

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ-да екінші үздіксіз болат құю желісі іске қосылды.

Введена в эксплуатацию вторая линия непрерывной разливки стали на АО «АрселорМиттал Темиртау».

2011 жыл

«Вавилон Сауда Желісі» ЖШС құрылды. Кәсіпорын «AQUEENA» сауда белгісімен ауыз су құю және алкогольсіз сусындар өндірумен айналысады. Өнім ассортиментіне лимонадтар, шырын қосылған сусындар, салқын шай, энергетикалық сусындар және басқа да өнімдер кіреді.

Кәсіпорын директоры — А. П. Якунин.

Организовано ТОО «Торговая сеть Вавилон». Предприятие занимается розливом воды и производством безалкогольных напитков под торговой маркой AQUEENA. В ассортименте продукции: лимонады, сокосодержащие напитки, холодный чай, энергетические напитки и т. д.

Директор — А. П. Якунин.

2011 жыл

Жылу электр орталықтары (ЖЭО) мен мемлекеттік аудандық электр станциялары (МАЭС) үшін энергетикалық жабдықтар өндіретін кәсіпорны «КазЭнергоМаш Корпорациясы» ЖШС пайдалануға берілді.

Кәсіпорын директоры — А. Г. Шишканов.

Введено в эксплуатацию предприятие по производству энергетического оборудования для ТЭЦ и ГРЭС ТОО «Корпорация КазЭнергоМаш».

Директор — А. Г. Шишканов.



Б. Момышұлы даңғылы, Теміртау қ., 2019 жыл
Проспект Б. Момышулы, г. Темиртау, 2019 год

2012 жыл

XXX Олимпиада ойындарына теміртаулық спортшы — есушілер С. Германович, В. Яковлев және дзюдошы И. Бозбаев қатысты.

Темиртауские спортсмены — гребцы С. Германович, В. Яковлев и дзюдоист И. Бозбаев — приняли участие в XXX Олимпийских играх.

2012 жыл

«Жастар» бассейнінің маңында ашық ауада жаттығу құралдары, скейтпарк және паркур текшелері орнатылды.

Установлены уличные тренажеры, скейтпарк и кубы для паркура возле бассейна «Жастар».

2012 жыл

Жүк көліктеріне қызмет көрсететін және жөндейтін «TemirTruckService» өңірдегі бірінші сервистік орталығы ашылды.

Открылся первый в регионе сервис-центр «Temir Truck Service» по обслуживанию и ремонту грузовых автомобилей.

2012 жыл

Теміртау қаласында Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамының түсірілім тобы жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың өмір жолына арналған «Көшбасшы жолы» және «Отты өзен» трилогияларының екінші және үшінші бөлімдерін түсіруге дайындық жүріп жатты.

В Темиртау работает съемочная группа АО «Казахфильм» им. Ш. Айманова. Ведется подготовка к съемкам второй и третьей части трилогии о жизни президента Казахстана Н. А. Назарбаева «Путь лидера» и «Огненная река», соответственно.

2012 жыл

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ № 2 домна пеші қайта құрудан кейін іске қосылды.

Пуск доменной печи № 2 на АО «АрселорМиттал Темиртау» после реконструкции.

2012 жыл

Теміртау қаласы моноқалаларды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енді.

Город Темиртау вошел в государственную программу развития моногородов.

2013 жыл


Құрылысшылар даңғылы, 28-үйде 1957—1991 жылдары «Казметаллургстрой» тресі орналасқан. Сол ғимаратқа 1950—1970 жылдары тресті басқарған А. Г. Коркиннің құрметіне мемориалдық тақта орнатылды.

На здании пр. Строителей, 28, где в 1957—1991 годы располагался трест «Казметаллургстрой», установлена мемориальная доска в память о А. Г. Коркине, который в 1950—1970 гг. руководил трестом.


2013 жыл

Теміртауда ұлттық ойындар фестивалі өтті. Қала маңында қазақ халқының дәстүрлі тұрмысын бейнелейтін киіз үйлер қалашығы тігілді. Қалашықтың көшелерінде ұлттық ойындар, ұлттық киімдер мен салт-дәстүрлер көрсетілген арнайы алаңдар орналастырылды. Мерекенің басты оқиғасы – Қазақстанның үздік шабандоздары мен тұлпарлары қатысқан бәйге болды.

В Темиртау прошел уникальный фестиваль национальных игр. Недалеко от города был разбит юрточный городок, воссоздающий традиционный быт казахов. На улицах городка разместились локации с национальными играми, показом национальных костюмов и обрядов. Главным событием праздника стала байга, в которой приняли участие лучшие наездники и скакуны Казахстана.



«TemirTruckService» сервис орталығы, Теміртау қ., 2012 жыл
Сервис-центр «Temir Truck Service», г. Темиртау, 2012 год



Қайта жөндеуден кейінгі №2 домна пеші, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, 2012 жыл
Доменная печь № 2 после реконструкции, АО «АрселорМиттал Темиртау», 2012 год

2013 жыл

Теміртау қаласында Жастар ресурстық орталығы құрылды. Орталық жастарды жұмыспен қамтуға және кәсіби бағдар беруге жәрдемдесу, психологиялық және кеңес беру көмегін көрсету, кәсіпкерлік пен волонтерлік қызметке қолдау көрсету, сондай-ақ жас отбасыларымен жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету және жастарға отбасылық өмірге дайындалуға жәрдемдесу, жастар ұйымдары, қозғалыстары мен жастардың өзін-өзі басқару органдарының дамуына қолдау көрсету және жәрдемдесу сияқты жұмыстармен айналысады.

Создан Молодежный ресурсный центр города Темиртау. Центр занимается содействием в трудоустройстве и профориентации молодежи, оказанием психологической и консультативной помощи молодежи, содействием предпринимательской и волонтерской деятельности, обеспечением работы с молодыми семьями и содействием молодежи в подготовке к семейной жизни, поддержкой и содействием в развитии молодежных организаций, движений и органов молодежного самоуправления.

2014 жыл

Металлургтер монументінің артындағы саябақта түркістандық зергер, суретші, «Шебер-2012» байқауының жеңімпазы Нұрғали Оспанов жасаған 20 темірден соғылған мүсін орнатылды. Әр мүсінді дайындауға бір аптадан сәл артық уақыт және шамамен мың жарым болат бөлшектері жұмсалған.

В сквере за монументом металлургов установлены 20 кованых фигур, изготовленных туркестанским ювелиром, художником, победителем конкурса «Шебер-2012» Нургали Оспановым. На изготовление каждой фигуры ушло чуть более недели и около полутора тысяч стальных элементов.

2014 жыл

Теміртау қаласының тілдерді дамыту орталығы құрылды. Ұйымның негізгі міндеті – азаматтардың мемлекеттік және басқа да тілдерді меңгеру құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ тілдер бойынша білім мен ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Образован Центр развития языков г. Темиртау. Основной задачей организации является содействие реализации прав граждан на владение государственным и другими языками, а также обеспечение беспрепятственного доступа к знаниям и информации по языкам.

2014 жыл

Қарағанды облысында қалыптан тыс су тасқыны. Теміртауда су тасқынынан бірнеше көше, үш саяжай, бірнеше жол зақымданды, 22 қала тұрғыны эвакуацияланды. Төтенше жағдай қызметтерінің күшімен Нұра өзені бойындағы жолға топырақ төселіп, дамбаның деңгейі көтерілді.

Аномальные паводки в Карагандинской области. В Темиртау от наводнения пострадало несколько улиц, три дачных общества, несколько дорог, эвакуировано 22 горожанина. Силами аварийных служб отсыпана дорога вдоль р. Нуры, поднят уровень дамбы.

2015 жыл

Әшімов Ғалым Әбіханұлы Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Галым Абиханович Ашимов.

2015 жыл

Теміртау қаласында конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы құрылды. Мекеменің мақсаты – азаматтардың төзімділік санасын қалыптастыру, қала тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру бойынша оқытуды ұйымдастыру.

Создан Центр изучения и анализа проблем межконфессиональных отношений города Темиртау. Целью деятельности учреждения является формирование толерантного самосознания у граждан, организация обучения религиозной грамотности населения города.

Әшімов Ғалым Әбіханұлы



2015—2020 жж. Теміртау қаласының әкімі, 2024 жылдан қайта оралды.

1968 жылы Қаражал қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын Жәйрем таукен байыту комбинатында бастаған. 2000–2001 жж. — Жәйрем кентінің әкімі; 2001—2005 жж. — «Өркен» ЖШС-інде әртүрлі қызметтер атқарған; 2005—2010 жж. — «Жәйрем ТКБК» АҚ-да еңбек еткен; 2010—2013 жж. — Қаражал қаласының әкімі; 2013—2015 жж. — Қарағанды облысы әкімі аппаратының басшысы, сондай-ақ Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

Аким г. Темиртау в 2015—2020 гг., повторно с 2024 г.

Родился в 1968 году в г. Каражале. Трудовую деятельность начал в АО «Жайремский ГОК». 2000—2001 гг. — аким п. Жайрем; 2001—2005 гг. — на различных должностях в ТОО «Оркен»; 2005—2010 гг. — в АО «Жайремский ГОК»; 2010—2013 гг. — аким г. Каражал; 2013—2015 гг. — руководитель аппарата акима Карагандинской области, руководитель управления предпринимательства и промышленности Карагандинской области.

2015 жыл

Спорттық Даңқ аллеясында Теміртаудың 70 жылдығына арналған стела пайда болды.

На Аллее спортивной славы появилась стела к 70-летию Темиртау.

2015 жыл

Күрделі жөндеуден кейін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ № 3 домна пеші алғашқы шойын шығарды.

После капитального ремонта доменная печь № 3 АО «АрселорМиттал Темиртау» дала первый чугун.

2015 жыл

Теміртаулық интернационалист жауынгерлерге арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ескерткіштің айналасына интернационалдық борышын өтеу кезінде қаза тапқан теміртаулықтардың санын білдіретін тоғыз қайың ағашы отырғызылды.

Состоялось торжественное открытие памятника темиртауским воинам-интернационалистам. Вокруг памятника высажено девять берез, что символизирует число темиртаусцев, погибших во время исполнения интернационального долга.

2016 жыл

Теміртау қалалық орталық ауруханасы базасында Мақажанов атындағы облыстық травматология орталығының бөлімшесі ашылды.

На базе Центральной больницы г. Темиртау открылось отделение областного центра травматологии им. Макажанова.

2016 жыл

Қазақстандық стрит-арт суретші Паша Кас Теміртау қаласындағы 9-шағын аудандағы №96 үйдің қасбетіне граффити салды.

Казахстанский стрит-арт-художник Паша Кас нарисовал граффити на фасаде дома № 96 в 9 мкр. в г. Темиртау.



Темірден соғылған салт аттылар, Теміртау қ., 2012 жыл
Кованые всадники, г. Темиртау, 2012 год

2016 жыл

Теміртаулық спортшылар — ескекшілер В. Яковлев, С. Германович және синхронды жүзушілер А. Немич пен Е. Немич XXXI Олимпиада ойындарына қатысты.

Темиртауские спортсмены — гребцы В. Яковлев, С. Германович и синхронистки А. Немич и Е. Немич — приняли участие в XXXI Олимпийских играх.

2016 жыл

Теміртау қаласының Шығыс бөлігіндегі кішкентай емделушілерге қызмет көрсететін № 1 балалар емханасында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Произведен капитальный ремонт Детской поликлиники № 1, обслуживающей маленьких пациентов восточной части Темиртау.

2016 жыл

Қарағанды мемлекеттік индустриалды университеті Еуропалық университеттер қауымдастығына мүше болды. Бұл ҚМИУ оқытушылары мен студенттеріне еуропалық конференциялар мен жобаларға қатысу құқығын береді.

Карагандинский государственный индустриальный университет стал членом Европейской ассоциации университетов. Это дает преподавателям и студентам КГИУ право участия в европейских конференциях и проектах.

2017 жыл

Теміртау политехникалық колледжі жоғары колледж мәртебесіне ие болды.

Темиртауский политехнический колледж получил статус высшего колледжа.

2017 жыл

Теміртау қалалық орталық ауруханасы жанынан 18 төсек-орындық Инсульттік оңалту орталығы ашылды.

При Центральной больнице г. Темиртау открыт Инсультный реабилитационный центр на 18 коек.



Интернационалист жауынгерлерге арналған ескерткіш, Теміртау қ., 2015 жыл
Памятник воинам-интернационалистам, г. Темиртау, 2015 год



Тольятти көшесіндегі 90-пәтерлі үй, Теміртау қ., 2017 жыл
90-квартирый дом по ул. Тольятти, г. Темиртау, 2017 год

2017 жыл

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Дүниежүзілік қысқы Универсиада Алматы қаласында өтеді. XXVIII Дүниежүзілік Универсиаданың алауы Қарағанды металлургия комбинатының домна пешінде жағылды. Эстафетаны Теміртау қаласының студенттері қабылдап, алаумен қала көшелерінен жүріп өтті.

Впервые в истории суверенного Казахстана Всемирные зимние студенческие игры пройдут в Алматы. Огонь XXVIII Всемирной Универсиады зажжен в горниле доменной печи Карагандинского металлургического комбината. Эстафету подхватили студенты Темиртау и пронесли факел с огнем по улицам города.

2017 жыл


«Моноқалаларды дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында Теміртау қаласындағы Перзентханаға жөндеу жұмыстары жүргізілді: бөлімшелер мен қабылдау бөлмесі жөнделіп, заманауи медициналық жабдықтар сатып алынды.

В рамках реализации государственной программы развития моногородов проведен ремонт в Родильном доме г. Темиртау: отремонтированы отделения, приемный покой, приобретено современное оборудование.

2018 жыл

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Тольятти көшесі, 44-үйде орналасқан 90 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. 83 отбасы жаңа пәтерлерге ие болды.

По государственной программе «Нұрлы жер» сдан в эксплуатацию 90-квартирый дом на ул. Тольятти, 44. Квартиры получили 83 семьи.



Балалар мен жасөспірімдер театры, Ескі қала, Теміртау қ., 2019 жыл
Театр для детей и юношества, Старый город, г. Темиртау, 2019 год

2018 жыл

Теміртау қаласында мұз үстінде кішкене қармақпен балық аулау бойынша XV Әлем чемпионаты өтті. Самарқанд су қоймасында өткен жарысқа 13 елдің командалары қатысты. Чемпион атағын Ресей құрамасы жеңіп алды.

В Темиртау прошел XV чемпионат мира по ловле рыбы на мормышку со льда. В состязаниях, проведенных на Самаркандском водохранилище, приняли участие команды из 13 стран. Чемпионом была признана команда из России.

2018 жыл

Құқық қорғау органдарының жұмысын ашық жүргізу мақсатында Республика даңғылы мен Металлургтер даңғылының қиылысында Қазақстан Республикасы бойынша алғашқы ашық полицейлік бекет ашылды. Бұл жерде учаскелік инспекторлар, пробация қызметінің инспекторлары және көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар жұмыс істейді.

С целью прозрачности деятельности правоохранительных органов на перекрестке пр. Республики и пр. Металлургов открыт первый в Республике Казахстан прозрачный бронированный полицейский участок. Здесь работают участковые инспектора, инспектора пробации и инспектора по делам несовершеннолетних.

2018 жыл

Қайта құрудан кейін Ескі қала саябағы ашылды. Саябақтың ашылуына Қазақстан президенті Н. Ә. Назарбаев қатысты.

После реконструкции открыт парк Старого города. Открытие парка посетил президент Казахстана Н. А. Назарбаев.



Ашық полицейлік бекет, Теміртау қ., 2024 жыл
Прозрачный полицейский участок, г. Темиртау, 2024 год

2018 жыл

Теміртау қаласының балалар ауруханасы "Теміртау қаласының көпсалалы ана мен бала орталығы"КМК құрамына кірді.

Детская больница г. Темиртау вошла в состав КГП «Многопрофильный центр матери и ребенка г. Темиртау».

2018 жыл

Теміртау қаласының маңында «Жауыртаудағы кездесу» атты облыстық жастар инновациялық форум-фестивалі ұйымдастырылды. Жауыртау төбелерінің етегінде робототехникаға, бизнеске, интернет кеңістігіне және волонтерлік қозғалысқа арналған тақырыптық секциялар орналасқан киіз үйлер қалашығы тігілді. Фестивальдің ерекше бөлігі — Жауыртау қыстауының тарихи реконструкциясы болды.

В окрестностях г. Темиртау организован областной молодежный инновационный форум-фестиваль «Жауыртаудағы кездесу». У подножия сопок Жауыртау раскинулся юрточный городок, в котором разместились тематические секции, посвященные робототехнике, бизнесу, интернет–пространству, волонтерскому движению. Особая часть фестиваля — историческая реконструкция зимовки Жауыртау.

2019 жыл

235 тәрбиеленушіге арналған "Нұрай" бөбекжай-балабақшасы пайдалануға берілді.2019 год

Введен в эксплуатацию ясли-сад «Нұрай», рассчитанный на 235 воспитанников.

2019 жыл

Металлургтер даңғылы, 6/2 үйінде болат балқытушы, КСРО құрметті металлургі, Еңбек Қызыл Ту орденінің екі мәрте иегері, осы үйде өмір сүрген ресейлік, украиндық және өзбек болат балқыту қатысушысы Олжабай Иманбаевты еске алуға арналған мемориалдық тақта орнатылды.

На доме № 6/2 на пр. Металлургов установлена мемориальная плита в память о сталеваре, почетном металлурге СССР, дважды кавалере ордена Трудового Красного Знамени, участнике Плавок дружбы с российскими, украинскими и узбекскими сталеварами Олжабае Иманбаеве, который жил в этом доме.





Ескі қала саябағы, Теміртау қ., 2018 жыл
Парк Старого города, г. Темиртау, 2018 год

2019 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы №07/03 қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы №383 шешімімен Теміртау қаласындағы келесі көшелердің атауын өзгерту туралы бірлескен шешім қабылданды: Карагандинское шоссе көшесі – Қарағанды көшесі; Нижняя көшесі – Жұмабек Тәшенов көшесі; Степан Разин көшесі – Сарыарқа көшесі; Пионерская көшесі – Евгений Брусиловский көшесі; Советская көшесі – Ынтымақ көшесі болып өзгертілсін.

Теміртау қаласының келесі құрамдас бөліктеріне атау беру ұсынылды: Республика даңғылының солтүстік-шығысында, Мичурин көшесінің оңтүстігінде орналасқан атаусыз алаңға — Астана атауы берілсін; Республика даңғылының солтүстік-шығысында, Мичурин көшесінің оңтүстігінде орналас-қан атаусыз скверге — Бірлік атауы берілсін.

На основании заключения Республиканской ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 28.12.2018 г. было вынесено совместное постановление акимата Карагандинской области от 5.02.2019 г. № 07/03 и решение Карагандинского областного маслихата от 14.02.2019 г. № 383 о переименовании следующих улиц Темиртау: улицу Карагандинское шоссе — в улицу Қарағанды, улицу Нижнюю — в улицу Жұмабек Тәшенов, улицу Степана Разина — в улицу Сарыарқа, улицу Пионерскую — в улицу Евгения Брусиловского, улицу Советскую — в улицу Ынтымақ.

Также решено присвоить наименования следующим составным частям города: безымянной площади, расположенной северо-восточнее проспекта Республики, южнее улицы Мичурина — наименование «Астана»; безымянному скверу, расположенному северо-восточнее проспекта Республики, южнее улицы Мичурина — наименование «Бірлік».

2019 жыл

«Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп – лицейі есігін айқара ашты. Мектепте келесі кафедралар бойынша сабақтар жүргізіледі: «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер», «Политехникалық пәндер», «Жаратылыстану ғылымдары», «Дамытушы пәндер», «Орыс және ағылшын тілі кафедрасы».

Открыла свои двери специализированная школа-лицей информационных технологий «Озат». В школе ведутся занятия на следующих кафедрах: «Социальные и гуманитарные предметы», «Политехнические предметы», «Естественные науки», «Развивающие предметы», «Кафедра русского и английского языка».



«Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицейі, 2019 жыл
Специализированная школа-лицей информационных технологий «Озат», 2019 год



Теміртау қаласын газдандыру, 2024 жыл
Газификация г. Темиртау, 2024 год

2019 жыл

Теміртау қаласының орталық ауруханасы алдындағы алаң мен қалалық саябақ қайта жаңғыртылды.

Проведена реконструкция сквера перед Центральной больницей г. Темиртау и реконструкция городского парка.

2020 жыл

Техникалық шығармашылық үйі ашылды. Онда жасыл технологиялар зертханалары мен IT-кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, бұл жерде қолөнер мамандықтарын меңгеруге болады.

Открыт Дом технического творчества, в котором работают лаборатории зеленых технологий и IT-кабинет. Кроме того, здесь можно изучить ремесленные специальности.

2020 жыл

Теміртау қаласындағы тұрғын үйлерді газдандыру жұмыстары басталды. Газ тарату желілерінің ұзындығы шамамен 88,4 км құрайды. Жалпы жеке секторды газдандыру жобасы 6357 үйді қамтиды.

Началась газификация жилых домов г. Темиртау. Протяженность газораспределительных сетей — около 88,4 км. Всего проектом газификации частного сектора будет охвачено 6357 домов.



Тищенко Олег Иванович

Инженер – металлург. Техника ғылымдарының кандидаты. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. 1973—1980-ші жылдары Қарағанды металлургия комбинатының директоры.

Инженер-металлург. Кандидат технических наук, участник Великой Отечественной войны. В 1973—1980-е гг. — директор Карагандинского металлургического комбината.

2020 жыл

2019 жылы Қытайда басталған COVID-19 пандемиясы Қазақстанға да жетті. 2020 жылғы 30 наурызда Теміртау қаласы карантинге жабылып, қалада қатаң бақылау мен рұқсатнама тәртібі енгізілді.

Пандемия кезінде қалада жолдарды, әлеуметтік-мәдени нысандарды жөндеу жұмыстары белсенді жүргізілді: «Жастар» бассейні, Мәдениет сарайы, «Шығыс» саябағы, Металлургтер монументі, балабақшалар мен мектептер жөнделді, Оң жағалау ауданында су құбыры қайта жаңғыртылып, Қарағанды тас жолы бойындағы үйлердің қасбеттері жөнделді, өлкетану музейінің алдындағы алаң қайта жөнделді.

Начавшаяся в 2019 году в Китае пандемия COVID-19 достигла Казахстана. 30 марта 2020 года г. Темиртау был закрыт на карантин, в городе введен строгий масочный и пропускной режим.

За время пандемии в городе проводится активный ремонт дорог, социально-культурных объектов: бассейна «Жастар», Дворца культуры, парка «Восток», монумента металлургам, детских садов, школ. Проводится реконструкция водовода в районе Правого берега, ремонт фасадов домов по ул. Караганды, реконструкция площади перед краеведческим музеем.

2020 жыл

Теміртаудағы «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығының жанында алғашқы инклюзивті балалар ойын алаңы орнатылды.

В Темиртау установили первую инклюзивную детскую площадку около ДЮЦ «Әлем».

2020 жыл

Балалар мен жасөспірімдер театрында уақыт капсуласы салынды – бұл Қарағанды облысының мәдениет-қызметкерлерінен 2045 жылғы қала тұрғындарына арналған үндеу.

В Театре для детей и юношества заложили капсулу времени — послание от работников культуры Карагандинской области жителям города 2045 года.

Байғазиев Еламан

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген металлургі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ металлургия зауыты мартен цехының болат балқытушысы, жылдам балқыту шебері және жастардың тәлімгері.

Заслуженный металлург Казахской ССР, Герой Социалистического Труда, сталевар мартеновского цеха Казахского металлургического завода, мастер скоростных плавок и наставник молодежи.



2020 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы №07/03 қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы №383 шешімімен Теміртау қаласындағы келесі көшелердің атауын өзгерту туралы бірлескен шешім қабылданды: Комсомол даңғылы — Бауыржан Момышұлы даңғылы болып, Димитров көшесі — Абай көшесі болып, Коммунаров көшесі — Олег Тищенко көшесі болып, Калинин көшесі — Сәкен Сейфуллин көшесі болып, Герцен көшесі — Ахмет Байтұрсынұлы көшесі болып, Тольятти көшесі — Еламан Байғазиев көшесі болып өзгертілсін. Сондай-ақ, Орталық ауруханаңың алдындағы атаусыз гүлзарға «Теміртау жастары» атауы берілсін.

На основании заключения Республиканской ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 12.12.2018 г. было вынесено совместное постановление акимата Карагандинской области от 5.02.2019 г. № 07/03 и решение Карагандинского областного маслихата от 14.02.2019 г. № 383 о переименовании следующих улиц Темиртау: проспект Комсомольский — на проспект Бауыржана Момышұлы; улицы Димитрова — на улицу Абая; улицу Коммунаров — на улицу Олега Тищенко; улицу Калинина — на улицу Сәкена Сейфуллина; улицу Герцена — на улицу Ахмета Байтұрсынұлы; улицу Тольятти — на улицу Еламана Байғазиева. Сквер перед Центральной больницей — наименование «Теміртау жастары».

2020 жыл

Теміртауда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы іске қосылды. Енді қала тұрғындары қаланы абаттандыру бойынша өз ұсыныстарын енгізе алады.

В Темиртау развернулась программа «Бюджет народного участия». Теперь горожане могут вносить предложения по благоустройству города.

2020 жыл

Тұрмыстық химия өнімдерін шығаратын «SSTechnology» ЖШС пайдалануға берілді. Өнім түрлеріне: сұйық сабын, кір жууға арналған гельдер, тазалыққа арналғанқұралдар және басқа да заттар кіреді.

Директоры — И. В. Исаева.

Введено в эксплуатацию предприятие по производству бытовой химии — ТОО «SS Technology». В ассортименте продукции: жидкое мыло, гели для стирки, средства для уборки и т. д.

Директор — И. В. Исаева.



Қалалық мәдениет және демалыс саябағы, Теміртау қ., 2025 жыл
Городской парк культуры и отдыха, г. Темиртау, 2025 год



«АрселорМиттал Теміртау» АҚ дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Теміртау қ., 2023 жыл
Физкультурно-оздоровительный комплекс АО «АрселорМиттал Темиртау», г. Темиртау, 2023 год

2020 жыл

Теміртау қаласының 32-ші шағын ауданында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қаражатына салынған жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Кешенде күрес, футбол, баскетбол залдары және көрермендерге арналған трибуналар бар. Бір мезетте бұл кешенде 320 адам спортпен айналыса алады. 2021 жылы осы кешен базасында «Тау» спорт клубы құрылды, ал 2025 жылы ол «Жауыртау» КМҚК болып қайта аталды.

В 32-м квартале г. Темиртау открылся новый физкультурно-оздоровительный комплекс, построенный на средства АО «АрселорМиттал Темиртау». В ФОКе есть залы для борьбы, футбола, баскетбола и трибуны для зрителей. Одновременно в комплексе могут заниматься 320 человек. В 2021 году на базе ФОК организован спортивный клуб «Тау», в 2025 году он переименован в спортивный клуб «Жауыртау».

2020 жыл

Чернышевский көшесінде орналасқан №4 емхананың филиалы пайдалануға берілді. Емхана күніне 50 адамды қабылдауға есептелген.

Введен в эксплуатацию филиал Поликлиники № 4, расположенный на ул. Чернышевского. Поликлиника рассчитана на 50 посещений в день.

2020 жыл

Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген металлургі, болат балқытушы Арғын Жүнісов тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды.

Установлена мемориальная плита на доме, в котором жил Герой Труда Казахстана, заслуженный металлург Казахской ССР, сталевар Аргын Жунусов.

Бегімов Қайрат Баяндыұлы



2020—2022 жж. Теміртау қаласының әкімі

1968 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген.1993—2006 жж. — Қарағанды қаласы мен аудан әкімдерінің аппараттарында жұмыс істеді. 2007—2010 жж. – «Қарағанды ИТМ» ДМП директорының міндетін атқарушы. 2011 жылы – «Райкомхоз» КМК директорының орынбасары. 2013—2015 жж. — Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары. 2015—2018 жж. — Қарағанды облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы.2018—2020 жж. — Жезқазған қаласының әкімі болды.

Аким г. Темиртау в 2020—2022 гг.

Родился в 1968 г. в г. Караганде. В 1993—2006 гг. работал в аппаратах акимов районов и г. Караганды, 2007—2010 гг. — и. о. директора ДГП «Карагандинский ИТМ», 2011 г. — заместитель директора КГП «Райкомхоз», 2013—2015 гг. — заместитель акима г. Караганды; 2015—2018 гг. — руководитель Управления энергетики и ЖКХ Карагандинской области; 2018—2020 гг. — аким г. Жезказгана.

2020 жыл

9-ықшам ауданда 320 балаға арналған «Кішкентай таланттар академиясы» жекеменшік балабақшасы ашылды. Балабақша мектепке дейінгі білім беру талаптарына толық сай жабдықталған. Аумағында заманауи ойын алаңдары, гүлзарлар бар. Сабақтар қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі, түрлі үйірмелер жұмыс істейді

В 9 микрорайоне открыт частный детский сад «Академия маленьких талантов», рассчитанный на 320 детей. Сад укомплектован по последним требованиям дошкольного образования. На территории имеются современные игровые площадки, цветники. Занятия проводятся на казахском и русском языках, действуют кружки.

2020 жыл

Бегімов Қайрат Баяндыұлы Теміртау қаласының әкімі болып тағайындалды.

На должность акима г. Темиртау назначен Кайрат Баяндинович Бегимов.

2021 жыл

Теміртаулық спортшылар — ескекші В. Яковлев, синхронды жүзушілер А. Немич пен Е. Немич, балуан И. Бозбаев және жеңіл атлет М. Овчинникова XXXII Жазғы Олимпиада ойындарына қатысты.

Темиртауские спортсмены гребец В. Яковлев и синхронистки А. Немич и Е. Немич, борец И. Бозбаев и легкоатлетка М. Овчинникова приняли участие в XXXII Олимпийских играх.

2021 жыл

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 4А орамында салынған үйлерден 180 отбасы жалдамалы пәтерге ие болды.

180 семей получили арендное жилье, в домах построенных в 4А квартале по программе «Нұрлы жер».



«Астана» алаңының көрінісі, Теміртау қ., 2025 жыл
Панорама на площадь «Астана», г. Темиртау, 2025 год



Республика даңғылындағы мурадар, Теміртау қ. 2025жыл.
Муралы на пр. Республики, г. Темиртау, 2025 год

2022 жыл

Теміртаулық биатлоншы В. Киреев XXIV Қысқы Олимпиада ойындарына қатысты.

Темиртауский биатлонист В. Киреев стал участником XXIV Зимних Олимпийских игр.

2022 жыл

«Миттал» спорт кешенінің қасбетінде ҰҚК полковнигі, спорт қайраткері Жақан Медеубаевты еске алуға арналған мурал пайда болды. Муралдың авторы – суретші Темірлан Әбенов.

На фасаде спорткомплекса «Миттал» появился мурал памяти полковника КНБ, спортивного деятеля Жакана Медеубаева. Автор мурала — художник Темирлан Абенов.

2022 жыл

9-шағын аудандағы №16 үйдің қасбетінде құтқарушыларға арналған мурал пайда болды. Муралдың негізі ресейлік суретші Андрей Митрофановтың жұмысына негізделген, алайда өрт сөндірушінің киімі қазақстандық нұсқаға өзгертілген. Жұмысты астаналық суретшілер орындады.

На фасаде дома № 16 в 9 микрорайоне появился мурал в честь спасателей. В основе мурала лежит работа российского художника Андрея Митрофанова, но униформа пожарного изменена на казахстанскую. Работу выполнили художники из Астаны.

Тәуірбеков Ораз Қайсаұлы



2022—2024 жж. Теміртау қаласының әкімі

1968 жылы туған. Салық салу жүйесінде; Теміртау қаласындағы «ТЭМК» ЖШС-нің бас директоры; ҚР Қаржы министрлігі жүйесінде; Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі; Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. 2019—2022 жж.— Балқаш қаласының әкімі болды.

Аким г. Темиртау в 2022—2024 гг.

Родился 1968 году. Работал в системе налогообложения; генеральным директором ТОО «ТЭМК» города Темиртау; в системе Министерства финансов РК; членом ревизионной комиссии по Карагандинской обл.; руководителем Управления экономики и бюджетного планирования Карагандинской области, в 2019—2022 гг. — аким г. Балхаша.

2022 жыл

Теміртау қаласы әкімінің «Өрлеу» арнайы сыйлығы қаланың дамуына сүбелі үлес қосқан әйелдерге тағайындалды.

Специальная премия акима г. Темиртау «Өрлеу» учреждена для женщин, внесших значительный вклад в развитие города.

2022 жыл

Теміртау қаласының әкімі болып Тәуірбеков Ораз Қайсаұлы тағайындалды.

Акимом города Темиртау назначен Ораз Кайсаевич Таурбеков.

2022 жыл

К. Байсейітова көшесіндегі қалпына келтірілген ғимаратқа №12 мектеп орналасты.

В восстановленном здании на ул. К. Байсеитовой разместилась школа № 12.

2022 жыл

2-ші ықшамауданда жаңа №5 емхана есігін айқара ашты. Емхана 20 мыңға жуық тіркелген тұрғынға қызмет көрсетуге арналған. Мұнда рентген аппараты, УДЗ, стоматологиялық кабинеті бар және алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті барлық жағдай қарастырылған.

Распахнула двери для пациентов новая Поликлиника № 5 во 2-м микрорайоне. Поликлиника рассчитана на обслуживание 20 тысяч прикрепленного населения. Здесь имеется свой рентген-аппарат, УЗИ, стоматологический кабинет — все, что необходимо для оказания первичной медицинской помощи.

2023 жыл

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның Орталық зауыттық зертханасы (ОЗЗ) ғимаратына комбинат ардагері Мирко Владимир Александровичке арналған мемориалдық тақта орнатылды.

На здании Центральной заводской лаборатории (ЦЗЛ) АО «АрселорМиттал Темиртау» установлена мемориальная плита в память о ветеране комбината Владимире Александровиче Мирко.

2023 жыл

38 отбасы Менделеев көшесіндегі 6/2-үйден пәтер кілтін алды. Пәтерлер мемлекеттік қаражат есебінен сатып алынып, абаттандырылды. Жаңа баспанаға көпбалалы және толық емес отбасылар, сондай-ақ бюджеттік сала қызметкерлері ие болды.

38 семей получили ключи от квартир в доме № 6/2 на ул. Менделеева. Квартиры были приобретены и благоустроены за счет государственных средств. Новое жилье получили многодетные и неполные семьи, работники бюджетных организаций.

2023 жыл

Құрылысшылар даңғылы, 23-үйдің қабырғасына инженер-металлург, техникалық ғылымдар докторы Ақбиев Махмұд Ақбиұлына арналған мемориалдық тақта орнатылды. Ол 1980—1987 жылдары Қарағанды металлургия комбинатының директоры қызметін атқарған.

На доме № 23 на пр. Строителей установлена мемориальная плита в память об инженере-металлурге, докторе технических наук Махмуде Акбиевиче Акбиеве, который в 1980—1987 гг. был директором Карагандинского металлургического комбината.

2023 жыл

Қарағанды индустриалдық университеті Азияның 856 жоғары оқу орны арасында өткен іріктеуден өтіп, «QS-Asia University Rankings» үздік университеттер рейтингіне енді. Іріктеу критерийлері ретінде академиялық ортадағы бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейі, ғылыми жарияланымдардың дәйексөз саны, сондай-ақ шетелдік студенттер мен оқытушылар саны ескерілді.

Карагандинский индустриальный университет вошел в рейтинг лучших университетов «QS-Asia University Rankings», пройдя конкурс среди 856 университетов Азии. Критериями для отбора были репутация в академической среде, репутация среди работодателей, трудоустройство выпускников, цитируемость научных публикаций, а также количество иностранных студентов и преподавателей.

2023 жыл

Теміртаудың 71 орамында Жастар үйі ашылды. Мұнда Теміртау қаласының еріктілер және жастар ұйымдарының қолдауымен 150 орындық акт залы, спорт және би залдары, екі коворкинг орталығы жұмыс істейді.

Открылся Дом молодежи в 71-м квартале. Здесь, при поддержке волонтерских и молодежных организаций Темиртау, действует актовый зал на 150 посадочных мест, спортивный и танцевальный залы, два коворкинг-центра.

2023 жыл

Теміртауда өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған алғашқы мемлекеттік Дағдарыс орталығы ашылды. Орталық бір мезетте 50 отбасыға дейін қабылдай алады.

В Темиртау открылся первый государственный Кризисный центр для людей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации. Он рассчитан на одновременное пребывание до 50 семей.

2023 жыл

Б. Момышұлы даңғылы мен Ш. Уалиханов көшесінде, көшелерге есімі берілген тұлғалардың құрметіне соғылған шағын сәулеттік мүсіндер орнатылды.

На пр. Б. Момышулы и ул. Ч. Валиханова установили малые архитектурные формы — кованые портреты личностей, чьи имена носят эти улицы.

2023 жыл

Қарағанды металлургия комбинатының Еңбек Даңқы саябағында абаттандыру жұмыстары басталды.

Началось благоустройство парка трудовой славы Карагандинского металлургического комбината.

2023 жыл

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ компаниясы Қазақстан нарығынан кетті. Компанияның активтері қазақстандық инвесторға сатылды. Енді Қарағанды металлургия комбинаты «Qarmet» АҚ концернінің құрамына кірді.

Компания АО «АрселорМиттал Темиртау» ушла с казахстанского рынка. Активы компании были выкуплены казахстанским инвестором. Теперь Карагандинский металлургический комбинат является частью концерна АО «Qarmet».

2023 жыл

«Қармет» АҚ бас директоры болып Қазақстанның Еңбек Ері, Теміртау қаласының Құрметті азаматы Вадим Борисович Басин тағайындалды.

Генеральным директором АО «Qarmet» назначается Герой Труда Казахстана, почетный гражданин г. Темиртау Вадим Борисович Басин.

2023 жыл

Қала кәсіпкерлері мен ұйымдарына көрнекі ақпарат пен жарнамалық мәтіндерді аудару, сондай-ақ басқа да әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ресурстық тіл орталығы құрылды.

Образован Языковой ресурсный центр, в котором предприниматели и организации города могут получить содействие в переводе визуальной информации и рекламных текстов, также другую методическую помощь.



Жастар үйі, Теміртау қ., 2025 жыл
Дом молодежи, г. Темиртау, 2025 год



«QARMET» АҚ-ның орталық өткізу пункті, Теміртау қ., 2025 жыл
Центральная проходная АО «QARMET», г. Темиртау, 2025 год

2024 жыл

Теміртауда Панфилов көшесі, 13 үй - мекенжайында әйелдер полиция бөлімшесі ашылды.

В Темиртау открылся женский пункт полиции на ул. Панфилова, 13.

2024 жыл

XXXIII Олимпиада ойындарына теміртаулық спортшы есуші В. Яковлев қатысты.

Темиртауский спортсмен, гребец В. Яковлев принял участие в XXXIII Олимпийских играх.

2024 жыл

«Qarmet» АҚ Теміртау қаласының трамвай жүйесін қалпына келтіру жұмыстарын бастады – зауыт басқармасынан Республика даңғылына дейінгі жолдарды ауыстыру жұмыстары басталды, жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеу жобалануда, электр бөлігін толық ауыстыру, трамвай депосын жөндеу және жаңа трамвайлар сатып алу жоспарлануда.

АО «Qarmet» начато восстановление трамвайной системы г. Темиртау — стартовала замена путей от заводоуправления до проспекта Республики, проектируется капитальный и текущий ремонт путей, планируется полная замена электрической части, ремонт депо и приобретение новых трамваев.

2024 жыл

Бұрынғы «Комсомолец» кинотеатрының ғимаратында «YoYoPark» балалар ойын-сауық орталығы ашылды.

В здании бывшего кинотеатра «Комсомолец» открылся Детский развлекательный центр «YoYo Park».



Теміртаулық трамвай, 2025 жыл
Темиртауский трамвай, 2025 год

2024 жыл

Теміртау қаласының әкімі болып Әшімов Ғалым Әбіханұлы тағайындалды.

Акимом г. Темиртау назначен Галым Абиханович Ашимов.

2024 жыл

Қала күнінде қалпына келтірілген трамвай желісі арқылы алғашқы трамвай өтті.

На День города по восстановленной трамвайной линии проехал первый трамвай.

2024 жыл

Теміртаулық жеңіл атлет Л. А. Асанова 60+ жастағылар санатында Түркістан марафонының жеңімпазы атанды. Жеңіл атлетика шебері халықаралық марафондардың бірнеше дүркін чемпионы әрі ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік елшісі» атағының иегері болған..

Темиртауская бегунья Л. А. Асанова стала победителем в Туркестанском марафоне в возрастной категории 60+. Легкоатлетка является неоднократным чемпионом международных марафонов и обладателем звания ЮНЕСКО «Посол мира».

2024 жыл

Бірлік алаңында «Үш аққу» атты шағын сәулет нысаны орнатылды. Үш аққу радиалды түрде орналастырылған және тұмсықтарымен қазақ халқының бірлігінің символы — алтын шаңырақты ұстап тұр. Құстардың қауыр-сынында Қазақстанның басты құндылықтарын білдіретін сөздер жазылған — бейбітшілік, бірлік және татулық.

В сквере Бірлік установлена малая архитектурная форма «Үш аққу». Три белых лебедя расположены радиально и удерживают в клювах золотой шанырак — символ единства казахского народа. На оперении птиц написаны слова, символизирующие главные казахстанские ценности — мир, единство и согласие.

2025 жыл

Қарағанды көшесі, 16-үйде жаңа өрт сөндіру депосы ашылды. Ғимаратта № 30 өрт сөндіру бөлімі, ТЖ басқармасы, су-құтқару қызметі, акт залы мен жаттығу залдары, сондай-ақ екі ведомстволық пәтер орналасқан.

Открылось новое пожарное депо на ул. Караганды, 16. В здании располагаются: пожарная часть № 30, Управление по ЧС, водно-спасательная служба, актовый и тренажерные залы и две ведомственные квартиры.

2025 жыл

Теміртаулық биатлоншы Владислав Киреев IX қысқы Азия ойындарында жекелей жарыста чемпион атанып, эстафеталық жарыста күміс медаль жеңіп алды.

Темиртауский биатлонист Владислав Киреев на IX Зимних Азиатских играх стал чемпионом в индивидуальной гонке и взял серебряную медаль в составе квартета.

2025 жыл

3-ші ықшамауданда «Жаңа емхана» ашылды.

Открыта «Новая поликлиника» в 3-м микрорайоне.

2025 жыл

Теміртау қаласы 80 жылдық мерейтойын тойлауға дайындықты бастады.

Город Темиртау готовится к празднованию своего 80-летия.

ҚАЛА МАҚТАНЫШТАРЫ

ИМИ ГОРДИТСЯ ГОРОД



Теміртау қаласы, 2023 жыл
Город Темиртау, 2023 год

«Теміртау қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болғандар:
Звания «Почетный гражданин города Темиртау» были удостоены:

1970 жыл

Арбузова Надежда Алексеевна
- *№1 Қалалық ауруханаының емдеу ісі жөніндегі бас дәрігерінің орынбасары.*
- *Заместитель главного врача по лечебной части Городской больницы № 1.*

Баублис Александр Казимирович
- *Зейнеткер, ҚарМАЭС-1-дің бұрыңғы директоры.*
- *Пенсионер, бывший директор КарГРЭС-1.*

Коркин Александр Гаврилович
- *«Казметаллургстрой» тресінің басқарушысы.*
- *Управляющий трестом «Казметаллургстрой».*

Тұрмағамбетов Үкен
- *Зейнеткер, «Казметаллургстрой» тресінің тас қалаушысы.*
- *Пенсионер, каменщик треста «Казметаллургстрой».*

Тышканбаев Интыкбай
- *Қарағанды металлургия комбинатының сұрыпты прокат өндіру вальцовщигі.*
- *Вальцовщик сортопрокатного производства Карагандинского металлургического комбината.*

1972 жыл

Андреев Леонид Иванович
- *«Қазметаллургстрой» тресінің басқарушысы, Қазақ КСР ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрінің орынбасары.*
- *Управляющий трестом «Казметаллургстрой», заместитель министра строительства предприятий тяжёлой индустрии КазССР.*

Мусалимов Гали Мусалимович
- *1951-1961 жылдары Теміртау қалалық еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.*
- *Председатель Темиртауского горисполкома Совета депутатов трудящихся в 1951—1961 годы.*

Решетникова Нина Николаевна
- *Педагог, Қазақ КСР-інің жеке зейнеткері.*
- *Педагог, персональный пенсионер КазССР.*

1978 жыл

Сливных Сергей Филиппович
- *Қарағанды металлургия комбинатының емдеу-санитарлық бөлімшесінің бас дәрігері.*
- *Главврач Медико-санитарной части Карагандинского металлургического комбината.*

1985 жыл

Гончаренко Алексей Сергеевич
- *«Промстройиндустрия» зауытының полимер бұйымдары цехы слесарларының бригадирі.*
- *Бригадир слесарей цеха полимерных изделий комбината «Промстройиндустрия».*

Жүнісов Арғын
- *Болат балқытушы, Қазақ КСР еңбек сіңірген металлургі.*
- *Сталевар, заслуженный металлург КазССР.*

Зацепилова Анна Ивановна
- *Педагог, Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі.*
- *Педагог, отличник просвещения КазССР.*

Захарова-Шевченко Пелагея Григорьевна
- *«Казметаллургстрой» тресінің мұнара краншысы. Социалистік Еңбек Ері.*
- *Машинист башенного крана треста «Казметаллургстрой». Герой Социалистического Труда.*

Корниенко Никита Харлампиевич
- *Қазақ КСР-нің жеке зейнеткері, Қазақстан Компартиясының ардагері.*
- *Персональный пенсионер КазССР, ветеран КП Казахстана.*

Орлова Лидия Васильевна
- *Синтетикалық каучук зауытының С19 цехының операторы.*
- *Аппаратчик цеха С19 Завода синтетического каучука.*

Шнайдер Франц Валентинович
- *«Культбытстрой» тресінің тас қалаушысы.*
- *Каменщик треста «Культбытстрой».*

1991 жыл

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы
- *Еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшы, Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш-ғарышкер;*
- *Заслуженный летчик-испытатель, Герой Советского Союза, летчик-космонавт.*

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы
- *Қаз КСР-нің Президенті.*
- *Президент КазССР.*

1992 жыл

Кравцов Николай Иванович
- «Карбид» ӨБ-ның бас директоры.
- Генеральный директор ПО «Карбид».

Гинкель Эдмунд Готгольдович
- «Карбид» ӨБ-ның бөлім басшысы.
- Начальник отдела ПО «Карбид».

1993 жыл

Елисеев Валерий Сергеевич
- Волейболдан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.
- Заслуженный тренер РК по волейболу.

1994 жыл

Николаиди Иван Анастасович
- ҚМК №3 ЛПЦ аға электр шебері.
- Старший мастер электриков ЛПЦ № 3 КМК.

1995 жыл

Веричева Берта Яковлевна
- Теміртау қаласының соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесінің төрайымы;
- Председатель Совета ветеранов войны и труда г. Темиртау.

Классин Петр Петрович
- ҚарГРЭС-1 жөндеу-механикалық цехының бастығы.
- Начальник ремонтно-механического цеха КарГРЭС-.1

Кудрявцев Александр Алексеевич
- Жүзуден Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы.
- Заслуженный тренер РК по плаванию.

Лепилкин Иван Васильевич
- «Казметаллургстрой» АҚ басшының орынбасары.
- Заместитель управляющего АО «Казметаллургстрой».

Савин Кузьма Яковлевич
- ҚарГРЭС-1 электр зертханасының бастығы.
- Начальник электролаборатории КарГРЭС-1.

Сивоконь Алексей Николаевич
- Пауэрлифтингтен ҚР еңбек сіңірген спорт шебері.
- Заслуженный мастер спорта по пауэрлифтингу РК.

1995 жыл

Шейко Борис Иванович
- Ауыр атлетикадан Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы.
- Заслуженный тренер КазССР по тяжелой атлетике.

1996 жыл

Мусин Правда Сыздыкович
- Қалалық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісі.
- Заведующий Городским отделом здравоохранения.

1998 жыл

Мухамеджанов Камалтин Ескандирович
- Қарағанды облысының әкімі.
- Аким Карагандинской области.

1999 жыл

Подлесных Михаил Степанович
- Суретші.
- Художник.

2000 жыл

Бидайбекова Куляй Тементаевна
- «Бидай нан» АҚ вице президенті.
- Вице-президент АО «Бидай нан».

2002 жыл

Бокий Юрий Михайлович
- Хоккейден ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.
- Заслуженный тренер РК по хоккею.

Чабан Виктор Федорович
- «Спецстрой» ҚБ бастығы.
- Начальник СУ «Спецстрой».

2005 жыл

Ибраев Бидош Ибраевич
- Кеңес-Фин және Ұлы Отан соғысының ардагері.
- Ветеран советско-финской и Великой Отечественной войны.

2007 жыл

Вахитова Нина Тимофеевна
- Қалалық ардагерлер Кеңесінің төрайымы.
- Председатель городского Совета ветеранов.

Омашев Қуаныш Омашұлы
- «АрселорМиттал» АҚ қалып цехының бастығы.
- Начальник цеха изложниц АО «АрселорМиттал».

Сосковец Олег Николаевич
- 1987-91 жж. Қарағанды металлургия комбинатының директоры;
- Директор Карагандинского металлургического комбината в 1987—1991 гг.

2008 жыл

Едгин Қуанышбек Еламанұлы
- Спорт ардагері.
- Ветеран спорта.

Ипкаев Рафик Абуталибович
- Кәсіпкер, меценат.
- Бизнесмен, меценат.

Нехорошев Владимир Анфианович
- ҚР Парламенті Мәжілісінің Депутаты.
- Депутат Мажилиса Парламента РК.

2009 жыл

Кауц Владимир Александрович
- ҚМК директорының экономика жөніндегі орынбасары.
- Заместитель директора КМК по экономике.

2015 жыл

Ақбиев Махмұд Ақбиевич
- 1980-87 жж. Қарағанды металлургия комбинатының директоры, «Казторчермет» АҚ бас директоры;
- Директор Карагандинского металлургического комбината 1980—1987 гг., генеральный директор АО «Казторчермет».

Сыздықова Майра Аубакировна
- Дәрігер - фтизиатр, 1981-2002 жж. Туберкулезге қарсы диспансердің меңгерушісі. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі;
- Врач-фтизиатр, заведующая Туберкулезным диспансером в 1981—2002 гг. Отличник здравоохранения РК.

Щерба Виктор Семенович
- ҚР құрметті металлургі, «МиттальСтил Теміртау» АҚ өндіріс және күрделі құрылыс жөніндегі аға директоры;
- Почетный металлург РК, старший директор по производству и капитальному строительству АО «МиттальСтил Темиртау».

2018 жыл

Ахметчин Кайдар Ахмедиевич
- ҚР құрметті құрылысшысы, «Энергомонтажстрой – А.К.» ЖШС директоры, меценат.
- Почетный строитель РК, директор ТОО «Энергомонтажстрой – А.К.», меценат.

Басин Вадим Борисович
- «АрселорМиттал Темиртау» АҚ атқарушы директор.
- Исполнительный директор АО «АрселорМиттал Темиртау».

Георгиади Иван Владимирович
- «Имсталькон» АҚ директорлар Кеңесінің төрағасы, меценат, қоғам қайраткері.
- Председатель совета директоров АО «Имсталькон», меценат, общественный деятель.

2019 жыл

Венчиков Юрий Михайлович
- «Импульс» ЖШС директоры, меценат.
- Директор ТОО «Импульс», меценат.

Сұлтанова Шолпан Кубаевна
- Педагог, «Дошкольник» КМК директоры.
- Педагог, директор КГП «Дошкольник».

2022 жыл

Свиридов Василий Иванович
- «Стэка» ӨК директоры, меценат, қоғам қайраткері.
- Директор ПК «Стэка», меценат, общественный деятель.

2023 жыл

Айтжан Исаков
- Пауэрлифтингтен КСРО, ҚР, әлемнің бірнеше дүркін чемпионы, қоғам қайраткері.
- Многократный чемпион СССР, РК, мира по пауэрлифтингу, общественный деятель.

Сарсекенов Асқар Садықұлы
- «Аскар и Компания» ТС бас директоры, меценат, қоғам қайраткері.
- Генеральный директор ТТ «Аскар и Компания», меценат, общественный деятель.

2024 жыл

Баймурзаев Ильяс

- Қарағанды металлургия комбинатының ардагері, қоғам қайраткері.
- Ветеран Карагндинского металлургического комбината, общественный деятель.

Серікбай Шануар

- Қоғам қайраткері.
- Общественный деятель.

Нұрлыбаев Шәкір Жексенбайұлы

- «Гордорсервис — Т» ЖШС директоры, меценат, қоғам қайраткері.
- Директор ТОО «Гордорсервис — Т», меценат, общественный деятель.

УДК 908 (574)
ББК 26.89 (5Қаз)
А98

Ғ.Ә. Әшімов
Теміртау: жылдар ағымында
Темиртау: сквозь десятилетия

Кітап Теміртау қаласының XIX ғасырдың ортасынан бүгінгі күнге дейінгі қалыптасу кезеңдерін хронологиялық тәртіппен баяндайды. Басылымның негізіне сирек кездесетін және бұрын жарияланбаған деректер, мұрағаттық фотосуреттер мен Теміртау қаласының тарихына қатысты соңғы зерттеулердің нәтижелері алынды.

Кітапта «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК-ның, «Қарағанды облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің фотоқорлары, С. Козодеров пен С. Кочмаревтің фотосуреттері, сондай-ақ әлеуметтік нысандар архивтерінен алынған фотосуреттер пайдаланылды.

Книга представляет собой хронологию становления Темиртау с середины XIX века до наших дней. В основу издания легли редкие и ранее не публиковавшиеся факты, архивные фотографии, а также результаты новейших исследований по истории города Темиртау.

В книге использованы фотоархивы КГКП «Темиртауский городской историко-краеведческий музей», КГУ «Государственный архив Карагандинской области», фотографии С. Козодерова, С. Кочмарева, фотографии из архивов социальных объектов.

ISBN 978-601-08-5360-7



